


# Турекулова Д.М.

Оқу құралы


## **“АӘК ЛИЗИНГІ”**



**Д.М. Турекулова**

**Оқу кұралы**

**“АӘК ЛИЗИНГІ”**



**Астана – 2013**

УДК 334 (075.8)

ББК 65. 292 я73

А 37

**АӨК лизингі:** Оқу күралы/ Түрекулова Д.М. – Астана, 2013. – 176 б.

**ISBN 978-601-278-697-2**

АӨК лизинг дамуының теориялық және практикалық аспекттері қарастырылады. АӨК лизингті қолданудың нормативтік және әдістемелік материалы, сонымен бірге АӨК лизингті қолдану тәжірибесі жалпыланған.

Негізгі қорлар лизингі дамуы үшін нормативтік құқықтық актілер базасын жетілдіру бойынша ұсыныстар жасалған, сондай-ақ ауылшаруашылық лизингке мемлекеттік қатысудың негізгі бағыттары анықталып, мемлекеттік қаражаттарды салудың тиімділігі есептелген.

Студенттер, PhD докторанттар, магистранттар, ЖОО оқытушылары үшін, сонымен бірге бухгалтерлер, экономистер, заңгерлер және ұйымдардың менеджерлері үшін арналған.

2013 жылғы 24 қаңтардағы, №1 хаттамамен Т.Рысқұлов атындағы Қазак экономикалық университетінің жаңындағы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің жоғары және жоғарғы оку орнынан кейінгі “Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес” мамандықтар бойынша РОӘК-мен басылымымен ұсынылған.

Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің ғылыми кеңесімен ұсынылған.

**Рецензенттер:**

Толысбаев Б.С.

Л.Гумилев атындағы ЕҰУ университетінің ә.ғ.д., профессоры

Пягай А.А.

“Туран-Астана” университетінің ә.ғ.д., профессоры

Сейтқасимов Г.С.

Қазақ экономика, қаржы және халықаралық

сауда университетінің ә.ғ.д., профессоры

**ISBN 978-601-278-697-2**

# МАЗМУНЫ

<b>Кіріспе</b>	4
<b>1-тарау Лизинг дамуының теориясы мен практикасы</b>	7
11 Лизинг: түсінігі, типтері, түрлері, нысандары	7
12 Қазақстанда лизинг дамуының тарихы, тенденциялары және проблемалары	15
13 Лизингті агроОнеркәсіп кешенінде пайдалану	21
<b>2-тарау Негізгі қорлардың ауылшаруашылық лизингінің республикадағы қазіргі заман жағдайындағы және дамудың халықаралық тенденцияларына талдау жасау</b>	26
21 Қазақстандағы лизингтің қазіргі заманғы жағдайы	26
22 Негізгі қорлардың ауылшаруашылық лизингі дамуының шет елдік тәжірибесі	39
<b>3-тарау Негізгі қорлардың ауылшаруашылық лизингінің даму проблемалары</b>	48
31 Қазақстан Республикасындағы ауылшаруашылық саласында техникалық деңгейін бағалау	48
32 Ауылшаруашылық лизинг қызметіндегі мәселелер	55
<b>4-тарау Қазақстанда ауылшаруашылық лизинг дамуының мақсаттары мен міндеттері</b>	68
41 Лизинг ауыл шаруашылығына ресурстарды тартудың экономикалық механизмі ретінде	68
42 Қазақстан агроОнеркәсіп кешеніндегі инновациялық қызметті ынталандырудың ұлттық моделінің қалыптасуы	72
<b>5-тарау Ауылшаруашылық лизингте негізгі қорлардың түрлеріне қарай қажеттілік</b>	92
51 Ауылшаруашылық лизингтің даму стратегиясы	92
52 Ауылшаруашылық өнімін қайта өңдеу, дайындау, сактау бойынша лизинг	102
53 Үйлер мен ғимараттардың, соның ішіндегі ауылшаруашылық мақсаттардағы лизингі	103
54 Ауылшаруашылық малдардың лизингі	104
<b>6-тарау Негізгі құралдар лизингін дамыту үшін нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру</b>	114
<b>7-тарау Ауылшаруашылық лизингке мемлекеттің қолдауы</b>	125
71 Мемлекеттік қаражаттарды салудың тиімділігін есептеу	125
72 Ауыл шаруашылығы өнімі экспорттының жағдайын талдау: астық және ұнның экспорты	153
73 Астық колхаттарына кепіллік беру нарығын талдау	159
Әдебиет	161

## **КІРІСПЕ**

Қазақстанның экономикасының қазіргі жағдайы және ары қарай даму перспективалары инвестициялық қызметті басқару және оның тиімділігін арттырумен тікелей байланысты. Қазақстан дамуының индустріалды – инновациялық даму кезеңінен ауысуы инновацияларды пайдалану негізінде экономиканы модернизациялау мен диверсификациялауға жұмсалатын инвестициялардың өсуін көздейді.

Осы мақсаттарға жұмсалғын инвестициялардың өсуі қарыз қаражаттарының үнемі өсуімен қамтамасыз етіледі. Бірақ инвестициялардың басты қайнар көзі ретінде кәсіпорындардың өзіндік қаражаттары табылады, олар инвестициялардың жалпы көлемінің жартысын құрайды. Мысалы, 2007жылы шаруашылық субъектілерінің өзіндік қаражаттары 58,8%, шет ел инвестициялары 25,2%, сонымен қатар, жыл ішіндегі қарыз қаражаттарының үлесі 5,4% дейін өсті.

Негізгі қорлардың тозуының жоғары деңгейімен байланысты пайда болатын республиканың аграрлық және индустріалды секторларының даму проблемалары өндірістің шығындарын көбейтті, ал ол өз кезегінде, өнімнің ішкі және сыртқы нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін төмендедті. Нәтижесінде инвестиациялық процестерді жаңғырту мен пайдаланудың жаңа әдістері мен тәсілдері пайда болуының аса қажеттілігі туындейды. Қазақстанда пайдаланылатын инвестицияларды салудың нысандары мен түрлері қаржылық механизмнің жаңа құралдарымен толықтырылуы керек. Олардың ішінде лизинг ерекше орын алады, ол кәсіпорындардың инвестиациялық қызметтің қаржылық қамтамасыз ету мен олардың техникалық потенциалын арттырудың, материалдық техникалық базаны сапалы жаңартудың, жаңа техника, технологиялар мен өндірісті үйімдастырудың құралы болып табылады.

Бірақ республикада қалыптасқан лизинг қатынастарының саласында көптеген шешілмеген проблемалар бар: нормативтік құқықтық база мен шарттық қатынастардың тәжірибесі дұрыс жолға койылмаған. лизинг қатынастарындағы тәуекел фактілерін толығымен зерттемеу, атап айтқанда, ұзақ мерзімді жалға беру (лизинг) жағдайында қолданылатын оларды бағалау әдістері және т.б.

Сонымен қатар, инвестициялар шектелген жағдайда лизинг экономиканың барлық салаларындағы жаңадан пайда болатын кәсіпорындардың техникалық қайта қарулануының қазіргі заман қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін маңызды қол жетімді ресурс, қаржылық, материалдық және енбек ресурстарының рациональды түрде пайдалануына шагын және орта кәсіпкерлікті қолдауды қамтамасыз ететін, инновациялар дамуы мен әлеуметтік проблемаларды шешуге ықпалын тигізетін дәстүрлі нысандардың баламасы болуы мүмкін.

Осыған байланысты, республикадағы лизингтік катынастарын жетілдіру үшін лизинг қатынастарының әрекет етуші механизмдерін жетілдіруге бағытталған ғылыми зерттеулер жасау керек, олардың маңсаты нақты экономиканың, әсіресе, оның аграрлық секторының лизинг қызметтеріне қажеттілігін қанағаттандыру және сала модернизациясының техникалық процесстерін жеделтету.

Бұғінгі таңда ауылшаруашылық техника паркі 80-85% тозған. Сонымен қатар, 2001-2007 жылдары тракторлар бойынша ортажылдық жаңғырту темптері 1%, комбайндар бойынша – 3% құрайды, ал ол қазіргі заман экономикасын техникалық қайта қаржыландыру үшін жеткіліксіз болып табылады. Мамандардың есептеулері бойынша, ауылшаруашылық машиналардың негізгі түрлерінің паркін жыл сайын жақартып отырудың 10% үшін жылына 140-150 млрд. теңгеге жуық (1 шақты млрд.тг.жуық) қажет.

Осылардың барлығы ауылшаруашылық техниканың, ауылшаруашылығындағы малдардың және өзге де негізгі қорлардың лизингін ары қарай тиімді дамыту бойынша шараларды белсенділендіру үшін әрекет етуші шараларды қолдану қажеттілігін көрсетеді.

Жұмыстың негізгі маңсаты – ауылшаруашылығындағы лизинг қызметін жетілдіру бойынша қарама-қайшылықтарды жою және жаңа әдістемелік нұсқаулар дайындау.

Осы оку құралында жүйелік және салыстырмалы талдау түріндегі зерттеу әдістері қарастырылып, лизинг компанияларының тәжірибелері зерттелген.

Оқу құралындағы ұсыныстар лизинг операцияларын жасау процесстерін жақартып, лизинг мәмілелерінің көлемін көбейтуге мүмкіндік береді.

Халықаралық сублизинг кезінде лизинг Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан өтуіне тек қана сублизинг шартының әрекет ету мерзіміндеға жол беріледі.

Халықаралық салада қолданылатын лизинг мәмілесінің бір түрі болып “дабл дин” мәмілесі табылады. Олардың мәні болып екі немесе одан да көп мемлекеттерде қолданылатын салықтық женілдіктерді үйлестіріп қолдану табылады. Мысалы, 80 жылдардың басында бірқатар ұшақтарды сатып алу АҚШ пен Ұлыбритания арасындағы “дабл дин” несиелендірілді. Салықтық женілдіктерден алатын пайда Ұлыбританияда егер жалға берушінің меншік құқығы болса, жоғары болады, ал АҚШ-та егер жалға алушының тек қана иелену құқығы болса, салықтық женілдіктер көбірек болады. Лизинг компаниясы Ұлыбританияда ұшақ сатып аллады, оны американдық лизинг компаниясына лизингке береді, ал ол өз кезегінде – жергілікті авикомпанияларға береді.

Соңғы кездері жабдықты өндіруші мен лизинг компаниясы арасында келісімдер жасау кеңінен тарапталды. Осы келісімге сәйкес өндіруші лизинг компаниясының атынан клиенттерге өз өнімін жеткізуіді лизинг арқылы қаржыландыруды ұсынады. Сонымен, лизинг компаниясы жеткізушиңің сауда желісін пайдаланады, ал жеткізуі өнімді өткізуінді шектерін көбейтеді. Бұл мәмілелер “сатуда көмек” (sales – aid) деген атқа ие болды.

Кәсіпорындар лизинг компанияларымен үнемі және тығыз байланыста болған кезде “лизинг желісін” (lease-line) беру туралы келісімдер жасалуы мүмкін. Осы келісімдер банк несие желілеріне ұқсас және жалға алушыға лизингке қосымша жабдықты жаңа келісім шарттар жасаспай алуға мүмкіндік береді.

## **1 тарау. ЛИЗИНГ ДАМУЫНЫң ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ**

### **1.1 Лизинг: түсінігі, типтері, түрлері, нысандары**

Бұтінде лизинг деген ұғымның өзі Қазақстан тұрғындарының басым көпшілігі үшін беймәлім ұғым ретінде қалып отыр. Алайда лизинг нарығы барынша дамыған елдерде бұл сөз мұлікті кейіннен сатып алу құқығымен кәсіпкерлік мақсат үшін ұзақ мерзімге жалға беру дегенді білдіретін қарапайым ғана термин.

Қазақстанда лизингтік компания өкілдерінің айтуы бойынша шағын және орта бизнес банктік кредитті қаржыландырудың барынша түсінікті нысаны ретінде қарастырады, бірақ лизинг бұтінде дәстүрлі банк кредитінің танымал баламасы ретінде қалыптасып келеді.

КР “Қаржы лизингі” Заңына сәйкес – инвестициялық қызметтің бірі болып табылады, онда:

1) лизинг беруші лизинг шартымен көзделген лизинг затын сатушыдан сатып алуға және оны ары қарай кәсіпкерлік мақсаттарда пайдалану үшін лизинг алушыға белгілі бір төлемге, белгілі бір мерзімге және белгілі бір шарттармен уақытша иеленуге және пайдалануға береді. Сонымен қатар, лизинг заты лизинг алушыға беріліп отырған мерзім лизинг затының барлық немесе оның елеулі бөлігінің (кем дегенде 80%) амортизациясына тең немесе одан жоғары болып табылады;

2) лизинг алушы лизинг шартына сәйкес төленуге жататын мерзімді төлемдерді төлеуге міндеттенеді, олар лизинг шартын жасасқан кездегі баға бойынша лизинг затының барлық немесе оның елеулі бөлігінің (кем дегенде 80%) амортизациясын ескере отырып анықталады.

Лизингтік мәміле – лизингке катысушылардың азаматтық құқықтар мен міндеттерді орнату, өзгерту және тоқтату бойынша өзара келісілген іс-әрекеттері. Үйлесімді әсерлерінің жиынтығы азаматтық міндеттер де дұрыс айтады. Басқа сөзben айтқанда, қаржылық аренда (лизинг) шарты бойынша жалға беруші (лизинг беруші) алдын ала анықталған сатушыдан шартпен келісілген мұлікті сатып алуға және ол мұлікті жалға алушыға (лизинг алушыға) ақылы түрде кәсіпкерлік мақсаттар үшін уақытша пайдалануға беруге міндеттенеді.

Өзімен-өзі лизинг идеясы жаңа болып табылмайды. Лизинг мәмілесінің мәні Аристотель кезінен-ақ белгілі болған. Мәселен, оның трактаттарының бірі былай аталған: “Байлық меншік құқығында емес— пайдалануда”. Өзгеше айтқанда, пайда табу үшін белгілі бір мүлікті меншік құқығында иелену міндепті емес, осындай пайданы табу үшін белгілі бір мүлікті пайдалану құқығы болғаны жеткілікті.

Жалға беру мәмілелері (лизингтік) Аристотель кезіне дейін де белгілі болған.

Мысалы, “Еуропалық лизинг мектебі” кітабында лизингтік мәмілелер ежелгі Шумер мемлекетінде б.д.д. 2000 жылы жасалғаны белгілі. Оған дәлел 1984 жылы Шумер қаласы Урдан табылған ретінде ауылшаруашылық құралдарды, жерлерді, су қайнар көздерін, малдарды және т.б. жалдау туралы мәліметтері бар балық кестелері табылады.

Ағылшын тарихшысы Т.Кларк б.д.д. 1775-1750 жылы қабылданған Хаммурапи Заңдарында лизинг туралы бірнеше ережелерді тапқан. Оның балтарында жалдаудың барлық түрлері, жалға беру төлем нормалары, мүлікті кепілге салу шарттары қарастырылған. Рим құқығына да затты меншік құқығының иеленумен байланысты мүліктік қатынастар кешені белгілі болған. Осы қатынастар шарттық құқықпен қатар заттық құқықта да қарастырылған. Ежелде лизинг меншіктің белгілі бір түрлерін ғана жалдаумен шектелмеген, ауылшаруашылық техника мен қолөнері жабдықтары ғана емес, әскери техника да жалданған.

Алғашқы рет жүзеге асырылған лизинг мәмілесі туралы алғашқы құжаттар 1066 жылы кездеседі, онда жауап алушы Вильгельм нормандық кеме иелерінен Британ аралдарына ену үшін кемелер жалдаган.

Англияда жүзшілдіктер бойында қозғалатын мүлікті жала беру Ағылшын жер заңына сәйкес заңсыз деп танылған. Ұлыбританиядағы лизинг қатынастарына ұқсас қатынастарды реттейтін нормативтік актілердің бірі ретінде 1284 жылы қабылданған Уэльс Заңы (Жарғысы) табылады (Statute of Wales). 1572 жылы Ұлыбританияда жалған емес, нақты лизинг қолдануға рұқсат беретін лизингті қолдануға рұқсат берілді, яғни ақылға қонымды негіздерде жасалатын шарттар заңды деп танылды.

ХХ ғ. басында Ұлыбританияда өнеркәсіп дамуына, жабдықтардың әр түрлерін өндіру өсуіне байланысты лизингке берілетін тауарлар саны артты. Оған ерекше үлес қосқан теміржол көлігі мен таскөмір өнеркәсібінің дамуы.

АҚШ-та жеке меншіктің жалға беру туралы алғашқы тіркелген шарты ХІІІ ғ. басында пайда болды, ол бойынша гильдия мүшелері жалға жылқы, фургондар, арбалар алды. Ары қарай лизинг қатынастарының өсуі Ұлыбританияда темір жол көлігінің дамуымен байланысты болды.

Австриялық зерттеуші В. Хойер “Еуропада бизнесті қалай жасау керек” кітабында жазғандай, “лизинг” термині алғашқы рет 1877 жылы кездеседі, онда АҚШ “Белл” телефон компаниясы өзінің телефон аппараттарын сатпай, жалға беру туралы шешім қабылдады, яғни олар клиенттің үйінде немесе офисінде тек қана арендалық төлем негізінде жабдықтарын орнатты.

АҚШ үкіметі Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде бекітілген рентабельдігі бар келісім шарттарды кеңінен жасады (cost – plus contracts). Бұл жалға беру бизнесінің дамуы үшін тағы бір маңызды ынтаны қамтамасыз етті, себебі келісім шарттардың көбінде мердігерлерге шығындарға қарап пайданың белгілі бір бөлігін бекітуге мүмкіндік берілген.

Осы уақытта көлік құралдарымен байланысты лизинг бизнесі дами бастады. 30 жылдары Г. Форд жалға беруді өзінің көліктерін өткізу аймағын кеңейту үшін кеңінен жалға беруді пайдаланды. Бірақ автокөлік лизинг бизнесінің “заңды әкесі” ретінде З. Фрэнк табылады, ол Чикагоның сауда агенті, 40 жылдардың басында автокөліктердің ұзақ мерзімді жалға беруді ұсынған.

Ресей мен Қазақстанға “лизинг” ұғымы Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде 1941-1945 ж.ж. leand-lease бойынша америандық техниканы жеткізу жүзеге асырылған кезде енді.

Бірақ жалға беру қатынастардағы нағыз революция Америкада 50 жылдары болды. Жалға өндіріс құралдары кеңінен беріле бастады: технологиялық жабдықтар, көліктер мен механизмдер, кемелер, ұшақтар, және т.б. осы құбылысқа тиісті баға бере отырып, АҚШ үкіметі оны ынталандырудың мемлекеттік бағдарламасын жедел түрде жасап, жүзеге асырды.

Олар үшін лизинг операцияларын қызметтің негізгі түрі болып табылатын алғашқы акционерлік қоғам ретінде Сан-Франциско қаласында 1952 жылы құрылған американдық компания “United

States Leasing Corporation” болды. Оны Г. Шонфельд құрған. АҚШ коммерциялық банктері 60 жылдардың басында лизинг операцияла-рына қатыса бастады.

Отандық ішкі нарықтағы лизинг қатынастарының дамуы 1989 жылдың ортасымен анықталады, ол кәсіпорындарды шаруашылықтың жалға беру нысанына ауыстырумен байланысты болды. Лизингті қолдану ережелері қалыптасуындағы алғашқы қадам ретінде кеңең өдақтас республикалардың 1989 жылы 23 қарашасындағы № 810-1 заңнама Негіздері және онда бухгалтерлік есептегі лизингті көрсету тәртібі көзделген 1990 жылы 16 ақпанындағы № 270 “бухгалтерлік есеп жоспары туралы” КСРО Мембант хаты болды. Коммерциялық банктер желісінің дамуы лизинг қатынастарының банк саласына енуіне ықпал етті. Сонымен, “лизинг” термин ағылшын глаголы “to lease” пайда болды, ол жалдау, жалға алу деген мағынаны білдіреді. Лизингтің Қазақстанда жақсы танылған жалға беруден айырмашылығы неде?

Жалға беру ретінде белгілі бір ақыға мүлікті уақытша иеленуге және пайдалануға беру танылады. Әдетте, жалға беруші жалға өзінің меншігін береді, ол жалға беру төлемдері арқылы өзінің шығындарын өтеп, пайда табады. Сонымен, ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді жалға беру ретінде екі жақты (жалға беруші – жалдаушы) қатынастар табылған. Жаңа термин “лизинг” қолдану жалға берудің жаңа түрі – қаржылықты жеке шығару қажеттілігімен түсіндірліді.

Қаржылық лизинг кезінде мүлікті өндіруші мен оны пайдалануши арасында қаржылық делдал пайда болады. Ол мәмілені қаржыландырады.

Бірақ лизингтің кез келген анықтамасы шектелген болып табылады және осы икемді қаржылық құралы көрініс табуының барлық нысандарын қамтымайды.

Жабдықтардың лизингі бойынша ұлттық ассоциациялардың Еуропалық федерациясы ұсынған лизингтің тағы бір анықтамасын келтірейік: “Лизинг – бұл зауытты, өнеркәсіптік тауарларды, жабдықтарды, қозғалмайтын мүлікті оларды жалға алушы ары қарай өндірістік мақсаттарда қолдану үшін пайдалануға беру шарты, сонымен қатар, тауарларды жалға беруші сатып алады және онда меншік құқығы сақталады”.

Сонымен, лизинг ретінде меншік иесі (жалға беруші) мен жалға алушы арасындағы мүлікті алдын ала келісілген мерзімде жыл сайын, тоқсан сайын немесе ай сайын белгіленген рента бойынша төлеп, пайдалануға беру туралы келісім танылады.

Лизинг ретінде ғимараттар, үй жайлар, көліктер, жабдықтар, құралдар, көлік құралдары, жер участкері және өзге де тұтынылмайтын заттар пайдалынады.

Лизинг операциялары несиелікке теңестіріледі және несие катынастарын реттейтін нормалармен реттеледі. Бірақ лизингтің несиеден айырмашылығы лизинг (жалға беру) мерзімі аяқталған соң және шартпен көзделген соманың барлығы төленген соң лизинг лизинг беруінің меншігі болып қалады (егер шартта лизинг объектісін қалдық бағамен сатып алу немесе лизинг алушының меншігіне беру көзделмеген болса). Несие кезінде банк соманың кепілі ретінде объектіге меншік құқығын өзінде қалдырады.

Лизингтің екі нысанын ажыратады:

1) Ішкі лизинг. Ішкі лизингті жүзеге асырған кезде лизинг беруші, лизинг алушы және сатушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылады;

2) Халықаралық лизинг. Халықаралық лизингті жүзеге асырған кезде лизинг беруші немесе лизинг алушы Қазақстан республикасының резиденті емес болып табылады.

Лизингтің негізгі түрлеріне жататындар: ұзақ мерзімді лизинг, ол үш және одан да көп жылда жүзеге асырылады, орта мерзімді лизинг, ол бір жарым жылдан артық мерзім әрекет етеді және бір жарым жыл әрекет ететін қысқа мерзімді лизинг.

Лизингтің негізгі түрлері:

1) Қайтарымды лизинг – сатушы лизинг затын лизинг берушіге, лизинг затын қайтадан лизинг алушыдан лизингке алу шартымен берілетін лизинг түрі;

2) Банк лизингі – лизинг беруші ретінде банк болатын лизинг түрі;

3) Толық лизинг – лизинг затына техникалық қызмет көрсету мен оның ағымдағы жөндеуін лизинг беруші жүзеге асыратын лизинг түрі;

4) Таза лизинг – лизинг затына техникалық қызмет көрсету мен оның ағымдағы жөндеуін лизинг алушы жүзеге асыратын лизинг түрі.

Қаржылық лизинг келісім шарттың ұзақ мерзімімен (5 жылдан 10 жылға дейін) және жабдықтың барлық немесе қөпшілік бөлігінің амортизациясымен сипатталады. Іс жүзінде лизинг сатып ауды ұзақ мерзімді несиелеудің нысаны болып табылады.

Қаржылық лизинг келісім шарттының мерзімі аяқталған соң, сонымен қатар, мәмілелер объектісі бойынша лизинг қозғалатын (жолдық, әуе және теңіз көлігінің, вагондардың, контейнерлердің, байланыс техникасының) және қозғалмайтын (сауда және кеңсе ғимараттары, өндірістік ғимараттар, қоймалар) мүлік лизингі болып бөлінеді. Қозғалмайтын мүлік лизингі кезінде жалға беруші жалға алушының тапсырысы бойынша қозғалмайтын мүлікті салады немесе сатып алады және оған экономикалық өндірістік мақсаттарда пайдалану үшін береді. Қозғалатын мүлікпен жасалатын мәмілелердегідей келісімшарт әдетте объектінің амортизациялық кезеңінен аз немесе тең мерзімге жасалады. Жалға алушы келісім шарттың әрекет ету мерзімі ішінде барлық тәуекелдерді, шығындарды, салықтарды өз мойнына алады. Жалға алушыға жалға алынған мүліктің кездейсок бүлінуі немесе жойылу қауіп ауысады. Жалға алушының осы тәуекелдер үшін жауапкершілігі, егер қаржылық жалдау шартымен өзгеше көзделмесе, жалға алынған мүлікті берген кезде оған ауысады.

Жалданатын мүлікке қатысты лизинг шарттының екі түрін ажыратуға болады: таза лизинг шартын (*net leasing*), онда жалданатын мүлікке қызмет көрсету бойынша шығындар жалға берушіде болады және толық лизинг (*wet leasing*) шартын, онда техникалық қызмет көрсету, жөндеу, сақтандыру және т.б. лизинг берушіде болды. Бұл ретте қосымша міндеттемелері бар лизинг туралы айтылады.

Лизингтің осы түріне, әдетте, енгізілген арнайы жабдықтар, құрылыш техникасының кейбір түрлері және т.б. жатады. Қаржылық мекемелер мен банктер лизингтің осы түрін сирек қолданады, себебі, олардың қажетті техникалық базалары болмайды.

Қарыз алушы мен жалға беруші арасындағы қатынастарды ұйымдастыру ерекшеліктеріне қарай онда дайындаушы немесе меншік иесі жалға беруші тұлға ретінде болатын тікелей лизинг пен жалға беру үшінші тұлға арқылы жүзеге асырылатын жанама лизингті ажыратады.

Қаржыландыру әдісіне қарай бір жолғы жалға беру жүзеге асырылатын мерзімді жалға беру және келісім шарттың бірінші мерзімі аяқталған соң лизинг шарты жалғастырылатын жаңартылып отыратын (револьверлік) лизинг ажыратылады.

Қайтарымды лизинг: (sale and lease back) қаржылық лизингтің бір түрі болып табылады, онда лизинг затын сатушы (жеткізуши) бір уақытта лизинг алушы болып табылады. Қайтарымды лизинг “Қаржылық лизинг туралы” шартта лизингтің жеке негізгі түрлерінің бірі болып есептеледі. Ол жабдыққа меншік иесінің (өнеркәсіптік кәсіпорынның) лизинг компаниясына осы жабдықтарға пайдалануышы ретінде лизинг шартын жасайды. Осы операцияда тек қана екі қатысуши: мұлікті жалға алушы (бұрынғы иесі) және лизинг компаниясы (жаңа иесі). Нәтижесінде бастапқы меншік иесі лизинг компаниясынан жабдықтардың толық бағасын алады, өзінде иелену құқығын сақтайды және жабдықты пайдаланғаны үшін мерзімді ақылар төлейді.

Осындай мәміле кәсіпорынға өндіріс құралдарын оларды пайдалануды тоқтатпай отырып сату есебінен ақша қаражаттарын алуға және олардың жаңа капиталдар салу үшін пайдалануга мүмкіндік береді. Осы операцияның рентабельдігі жалға беру төлемдерінің со-масынан артық жаңа инвестициялардан алынған табыстан жоғары болады. Қайтарымды лизинг операциялары кәсіпорын балансын азайтады, себебі, олар меншік иесінің ауысуын көздейді.

Осындай мәмілені кәсіпорынның пайда табу деңгейі төмен болған кезде жасауга болады және ол жеделтетілген амортизация мен пайдаға салық салу бойынша женілдіктерді толығымен пайдалана алмайды. Ол мәмілені жасайды, ал лизинг компаниясы женілдіктерді пайдаланады. Ал ол өз кезегінде жалға беру төлем мөлшерін төмендетеді.

Жедел лизинг көп рет пайдаланылатын мұлікті қыска және орта мерзімге беруді көздейді, ол мерзім мұлікті пайдаланудың экономикалық мерзімінен (амортизациялық мерзім) төмен болады. Бұнда жалға алушы келісімшарттың белгілі бір мерзімі өткен соң шартты бұзуға құқылы болып табылады.

Мерзімі аяқталған соң жабдық жаңа лизинг келісім шартының обьектісі бола алады немес жалға берушіге қайтарып беріледі. Әдетте жедел лизингке құрылыш техникасы (крандар, экскаваторлар және т.б.), көлік, ЭТ және т.б. беріледі. Көбінесе лизинг компаниясы обьект лизингіне техникалық қызмет көрсету міндеттін, яғни жөндеу, сақтандыру өз мойнына алады. Ол толық сервистік лизинг немесе ішінәра сервистік лизинг (шартта міндеттемелерді бөлу қарастырылады) болуы мүмкін.

Сонымен қатар, толық төлемі бар лизинг шартын (fall-payout lease) және ішінара төлемі бар (non fall-payout lease) лизинг шартын ажыратады. Толық төлемі бар лизинг кезінде лизинг компаниясы шарт мерзімі ішінде өзіне жабдықтың құнын қайтарады, яғни мерзімді толемдер мерзімі жабдықтың құнын қайтарып, пайда әкелетін болып есептеледі. Қаржылық лизинг әдетте толығымен төленетін болып есептеледі. Ішінара төлемі бар лизинг компаниясының шарт мерзімі ішінде жабдықтың тек бір бөлігін қайтаруды көздейді. Жедел лизинг – ішінара төлемі бар лизингке мысал болып табылады. Бір жабдықты лизинг компаниясы уақытша пайдалануға бірнеше рет бере алады, нәтижесінде компанияның барлық шығындары өтеледі.

Көбінесе лизинг компанияларының лизинг операцияларын жүзеге асыру үшін қаражаттары жеткіліксіз болғандықтан, ол сол қаражаттарды сырттан тарта алады. Осындай операциялар қаражаттарды қосымша тарта отырып жасалатын лизинг – левередж деп аталады (несиелік, жарналық, бөлек). Батыста 85% астам лизинг мәмілелері қаражаттарды тарта отырып жасалған лизинг деп аталады, яғни левередж лизинг негізінде. Жалға беруші жалға берілетін активтердің 80% дейінгі сомага бір немесе бірнеше несие берушілерден қарыз алады (жалдаушыға регресс құқығынысыз), жалға беру төлемдер мен жабдықтар қарызды қамтамасыз ету тәсілі болып табылады. Негізгі жалға берушіде жалға беру төлемдерді алуға артықшылық құқығы болады. Шартта әдетте үшінші звеноның (делдалдың) банкроттығы кезінде жалгерлік төлем жалға берушінің өзіне тікелей түсіп тұрады деп көрсетіледі. Осындай мәмілелер сублизинг деп аталады.

Сонымен, сублизинг – қатынастардың ерекше түрі, олар лизинг затын пайдалану құқығын үшінші тұлғаға берумен байланысты болады, ол сублизинг шартымен рәсімделеді. Сублизинг кезінде осы операцияны жүзеге асыруши тұлға лизинг затын лизинг берушіден қабылдан алады және оны лизинг алушыға уақытша пайдалануға сублизинг шарты бойынша береді. Бұнда лизинг берушінің жазбаша келісімі міндетті түрде қажет болып табылады. Лизинг алушының төлемдерді төлеу бойынша өз міндеттерін үшінші тұлғаға беруге жол берілмейді.

Халықаралық сублизинг кезінде лизинг затының Қазакстан Республикасының кеден шекарасынан өтуіне тек қана сублизинг шартының әрекет ету мерзімінде ғана жол беріледі.

Халықаралық салада қолданылатын лизинг мәмілесінің бір түрі болып “дабл дин” мәмілесі табылады. Олардың мәні болып екі немесе одан да көп мемлекеттерде қолданылатын салықтық жеңілдіктерді үйлестіріп қолдану табылады. Мысалы, 80 жылдардың басында бірқатар ұшактарды сатып алу АҚШ пен Ұлыбритания арасындағы “дабл дин” несиелендірілді. Салықтық жеңілдіктерден алтын пайда Ұлыбританияда егер жалға берушінің меншік құқығы болса, жоғары болады, ал АҚШ – та егер жалға алушының тек қана иелену құқығы болса, салықтық жеңілдіктер көбірек болады. Лизинг компаниясы Ұлыбританияда ұшақ сатып алады, оны американдық лизинг компаниясына лизингке береді, ал ол өз кезегінде – жергілікті авикомпанияларға береді.

Соңғы кездері жабдықты өндіруші мен лизинг компаниясы арасында келісімдер жасау кеңінен таралды. Осы келісімге сәйкес өндіруші лизинг компаниясының атынан клиенттерге өз өнімін жеткізуіді лизинг арқылы қаржыландыруды ұсынады. Сонымен, лизинг компаниясы жеткізушиңін сауда желісін пайдаланады, ал жеткізуши өнімді өткізуін шектерін кеңейтеді. Бұл мәмілелер “сатуда көмек” (sales – aid) деген атқа ие болды.

Кәсінорындар лизинг компанияларымен үнемі және тығыз байланыста болған кезде “лизинг желісін” (lease-line) беру туралы келісімдер жасалуы мүмкін. Осы келісімдер банк несие желілеріне ұқсас және жалға алушыга лизингке қосымша жабдықты жаңа келісім шарттар жасаспай алуға мүмкіндік береді.

## **1.2 Қазақстанда лизинг дамуының тарихы, тенденциялары және проблемалары**

ТМД елдерінде, соның ішінде, Ресей мен Қазақстанда, ішкі нарықтағы лизинг құрылымдарының қалыптасуы 1989 жылдан бастап басталды. Шет елде кабылданған лизингтің ұйымдастыранысандарының ішінде бұнда қаржылық лизинг компаниялары мен лизинг операцияларын жүзеге асыратын коммерциялық банктер осында өз дамуын тапты. Смагулов А.С байқагандай, Қазақстанда лизингтің дамуы 4 канал бойынша жүреді :

- аймақтық көтерме – делдал фирмалар мен компанияларды жүргізуде болатын техникалық қаражаттардың прокаты бойынша кәсіпорындар мен қызмет істейтін пункттер
- екінші деңгейлі банктердің лизингтік операциялары

– қайтадан құрылып жатқан мамандандырылған лизингтік фирмалар

– республика территориясындағы бірлескен лизингтік компаниялардың және

халықаралық – экспорттық, импорттық, компенсациялық лизинг формаларының дамуы.

1995 жылдың сәуір айының аяғында министрлер кабинеті мемлекеттік мүлік бойынша мемлекеттік Комитет жаңынан лизинг бойынша департаментін құру туралы қаулы қабылдады. Атқару билігінің осы орталық органды, ол өндірістік салаға ірі масштабты инвестицияларды тарту және техникалық және технологиялық жаңартуды қамтамасыз ету құралы ретіндегі лизингті пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты қамтамасыз етеді.

ҚР Президенттің 1995 жылы 31 тамызындағы “Қазақстан Республикасындағы банктар және банктік қызмет туралы” заң күші бар Жарлығына сәйкес банктар лизинг бойынша операцияларын Үлттүк банк лицензиялары болған кездеғана жүзеге асыра алады. Банк мекемелері лизинг қызметіне қатысу үшін мамандандырылған ұйымдар болып табылады.

1990 – 1997 жылдары лизингтің дамуын талдау және бірқатар лизинг компаниялары арасындағы жүргізілген сұраулар Қазақстандағы лизинг дамуын, осы жаңа механизмді пайдалану мүмкіндіктерін тежеп отырған негізгі мәселелерді айқындағы. Маңызды мәселе ретінде заң шығару актілерінің, сондай-ақ мемлекеттік қолдаудың және лизинг бизнесін жеңілдікпен несиелеу, салықтық және амортизациялық жеңілдіктер арқылы ынталандырудың жоқ болуы табылады.

Көптеген дамыған елдерде лизинг бизнесін ынталандыру үшін жеделдетілген амортизация қолданылады.

Қазақстандағы лизингтің дамуы қосымша құнға салынатын салықтың екі рет болуымен тежеледі: бірінші рет жабдықты сатып алған кезде, екінші рет – оны жалға берген кезде. Лизинг төлемдерін жылдық жиынтық табыстан алғып тастау керек еді. Дамыған нарықтық экономикасы бар елдерде лизинг мәмілелері әдетте салықтық жеңілдіктер берумен байланысты. Амортизацияның қолайты шарттарының болуы лизингтің артықшылықтарының бірі және несие алдындағы артықшылықтарының бірі болып табылады. Осындағы жеңілдіктер қазақстандық зандарда көзделмеген. Белгілі

болғандай, АҚШ басында 7– пайыздық жеңілдік қолданылған, ал 1978 жылдан бастап – 10-пайыздық АҚШ лизинг туралы арнары заңдың болмауы оның жақсы дамығанына кедергі бола алмады. Бұл осы елде лизинг дамуының басты ынтасы ретінде амортизациялық және салықтық жеңілдіктердің болуымен түсіндіріледі. Ал олар салық заңдарымен реттеледі.

Англияда 1984 жылы амортизациялық есептерді жабдықты сатып алушың алғашқы жылы 100% қолемінде есептеуге жол берілген. Осының арқасында салықтар үнемделін, капиталды жаңарту мен жинақтау процесsei жеделдетілді. Осындай жеңілдіктерді қолданбай Қазақстанда қаржылық лизингтің дамуы қынға согады.

Сонымен қатар, қазіргі кездегі өндірісті жабу жағдайындағы лизингтің дамуы басым бағыттарды анықтамау мүмкін емес. Саланың басымдығы ең алдымен осы саланың ішкі нарығын мемлекет тарапынан ерекше қорғауда керу керек. Бұнда мемлекеттің үш мықты рычагтары болады: мемлекеттік тапсырыс, кеден баждары, ал соңғы өнімді өндіретін салалар үшін еңбек ақы мен трансфертер саласындағы саясат.

Ғылыми техникалық прогресстің тиімді құралы ретінде лизингтің толыққанды дамуы барлық шаруашылық ағзаның жалпы сауығу негізінде ғана мүмкін болып табылады.

Қазақстанның экономикалық дамуының зерттелген индикаторларының, лизинг операцияларының әлемдік есу динамикасының, әр түрлі елдердегі лизинг қызметінің құрылымы негізінде біздің республикамызда лизинг қызметі дамуының болжамын жасауга тырысмыз.

Жақын арада (1998-2000) олардың қызметтерін негізгі тұтынушылары қалалардың тұрғындары болатын лизинг компанияларының саны артатыны, операциялық лизингпен айналысадын бірнеше аумақтық компаниялар пайда болатыны болжанып отыр. Ері лизинг компаниялары банктер қасында немесе олардың ортақ құрылтайшылық етуімен, сондай-ак шетелдік компаниялардың қатысуымен жасалуы мүмкін. Сонымен катар, 1998-2000 жылдары брокерлік лизинг компанияларының пайда болуы болжанып отыр. Олар көбінесе мүмкін болатын серіктестер туралы мәліметтер ұсынып, ері отандық және шетелдік қаржылық құрылымдар мен лизинг фирмаларына қызмет көрсетеді. Осындай компаниялардың лизинг операцияларының жалпы көлемінде үлесі көп емес 20% төмен.

Бірақ олардың қызметі өте маңызды, атап айтқанда, өткізілмеген өнімді өткізу үшін.

Тұрғындардың қатынасы түрде тұрақты төлем қабілеттілігі бар сұранысын сақтау мүліктің, жабықтардың және т.б. мүліктің прокатымен, яғни операциялық лизингпен айналысатын компаниялардың пайда болуына жағдай жасайды. Осындай компаниялардың пайда болуына банктердің қатысуымен немесе несиелеудің сыртқы қайнар көздері болған кезде мүмкіндік артады.

Лизинг қатынастарының дамуы көлік саласында, әсіресе, авиациялық құрылыш, соның ішінде, жол құрылышы саласында, медицинаның мемлекеттік емес секторында, ауылшаруашылық өнімді өндіру және қайта өндеу, халыққа қызмет көрсету саласында кеңінен дамиды деп көзделіп отыр.

Лизинг қызметінің елеулі түрде кеңейуі “сатып алынатын жекешелендірілетін тұрғын үй” муниципалды және ведомстволық тұрғын үй орнына тұрғын үй лизингіне ауысу кеңінен таралады. 1998-2000 жылдары экономиканың жалпы көлеміндегі лизинг операцияларының көлемі 10-15% құрайтыны болжанып отыр. 1998-2000 жылдары жасалған лизинг операцияларының сомасы кем дегенде 500 млрд. доллар құрайды, соның ішінде автокөлік саласында кем дегенде 50 млн. доллар. Лицензиялауға үш жылдан артық мерзімге лизинг шарттарын жасайтын, қаржылық лизинг саласында жұмыс істейтін және заем қаражаттарын қаржыландыратын лизинг компанияларының қызметі лицензиялануға жатуы мүмкін. Мәмілелердің белгілі бір жылдық көлеміне лицензиялар берудің критерийлері болып өзіндік және заем қаражаттарының арақатынасы, сондай-ақ банктердің фирмалық міндеттемелер бойынша кепілдіктері болады. Бұл біздің ойымызша, көптеген несие берушілердің қатысуымен жасалатын ірі мәмілелерді жасасу үшін және мәмілені жасап отырған лизингтік фирмалық ликвидтігі төмен болған кезде қажет болып табылады.

Осылайша, Қазақстандағы әзірше ұзак емес лизинг бизнесінің даму тарихын төрт кезеңге бөлуге болады:

1 кезең – 1993-1996 жж – лизингтің, 120 банк пен 20 лизингтік компанияның дүниеге келуі және коммерциялық банктердің көлемі бойынша үлкен емес лизингтік операцияларды жүзеге асыруы. (“Крамдс – лизинг” (1993), “Техника – лизинг” (1995), “Алма – ата лизинг”, “Туран – лизинг” және т.б.).

2 кезең – 1997-1998 жж – сыртқы және ішкі нарықтағы экономикалық күйзелістің нәтижесінде лизинг бизнесінің құйреуі.

3 кезең – 1999-2004жж – инновацияның бір түрі ретінде лизинг механизміне деген қызығушылықтың қайта жандануы немесе аграрлық кезең.

4 кезең – 2005жылы бүгінгі күнге дейін – лизингті ынталандыруға және мемлекеттік қолдауға бағыт, лизингтің нормативті-құқықтық базаны қабылдауы, коммерциялық лизингтің құрылу кезеңі.

Бірінші кезең – қаржылық жалмен байланысты, екінші кезең – оперативті лизингтің дамуы, үшінші кезең – лизинг бизнес субъектілері арасындағы бәсекелестіктің күшеюі, төртіншісі – нарықтың лизингтік қызмет көрсетулермен толығуы.

Қазақстандағы лизинг секторына бөлінген қаржы жалпы инвестициялардың 3% -ын құрайды. лизингке берілген мүліктердің құны 2009 жылы 1,3 млрд долларды құраған, лизингтік келісімдер саны – 4200, соның ішінде ауыл шаруашылық техникаға – 32% құрады.

Лизингке берілетін мүліктің басым бөлігі, яғни 52% ауыл шаруашылығына берілетін мүлік, транспорт, байланыс 18%, өндіріске – 9%, құрылышқа – 11% – ды құрайды.

Төрт лизингтік компания (Астана – Финанс, Зерновая Лизингтік компания, Казагрофинанс және Агромашлизинг) Астана қаласында, бір лизингтік компания Қарағандыда (Қарағанды Лизингтік компаниясы) және 10 лизингтік компания Алматыда орналасқан. Сегіз лизингтік компания Альфа –Лизинг, Альянс Лизинг, АТФ Лизинг, БТА Лизинг, Темирлизинг, Халық Лизинг, Нұр – Инвест Лизинг, Центр – Лизинг банктерінің еншілес компаниялары болып саналады. Олардың үлесіне елдегі жалпы көлемнің 51%-ы келеді, 26%-ы “Казагрофинанс” компаниясына тиесілі. Бүгінгі күні елде 180 шамасында жеке лизингтік компаниялар тіркелген. Олардың аймактық орналасуы бірдей емес, лизингтік операциялардың көбі (46%) Алматы қаласы мен Алматы облысында орналасқан.

Лизингтік компаниялар клиент бизнесінің түріне шектеу коймайды. Клиенттердің жоғары үлесі шағын және орта бизнес кәсіпкерлеріне тиесілі.

Егер мемлекеттік емес компанияларды қарастыратын болсақ, лизингке откізілетін мүлік ретінде көлік 50%-ды құрайды. одан кейінгі орында 11%-ды жол құрылғылары техникасы құрайды. Ол

соңғы 5 жылғы Қазақстандағы құрылыштың болуы, “Астана – жаңа қала” және т.б. Жалпы барлық лизингтік компаниялардан сұралатын заңнамалық құжаттардың тізімі бірдей, тек кейбіреуінен азғана айырмашылықтары бар, яғни лизингтегі объектінің минималды және максималды құны, пайыздық ставкасы.

АҚ “Казагрофинанс” Қазақстан нарығында 1999 жылдан бастап пайда болды. Негізгі мақсаты: отандық ауыл шаруашылық өнімдері өндірісімен айналысатын компанияларды қолдау, техникалық қамтамасыз ету.

Лизингтік қаржылық несиелік саясатына байланысты базалық шарттары:

- келісім-шарттың орташа сомасы – еш шектеу жоқ;
  - максималды сомасы – еш шектеу жоқ;
  - лизингтік келісім-шарттың орташа мөлшері – 36,6 мың АҚШ доллары;
  - лизингтің минималды мерзімі – 5 жыл;
  - максималды мерзімі – 7 жыл;
  - лизингге берілетін мүлік – ауыл шаруашылық техникасы;
- Лизингтік операциялардың географиялық іске асуы – Ақмола, Ақтөбе, Алматы, ШКО, Жамбыл, БҚО, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, СҚО, ОҚО облыстары және т.б.
- Бүгінгі кунде компаниямен лизингке 10 мыңдан астам түрлі техниканың бірліктері, 1700 түрлі ұйымдар лизинг алушы ретінде тіркелген. ҚР – дың қолдауымен дамудың жогары деңгейіне шығып, 2009 жылғы активі 35,4 млрд. теңгені, ал жарғылық капиталы 21,8 млрд. теңгені құрады.

ЖШС “Агромашлизинг” 2003 жылы ресейлік өндірушілердің ауыл шаруашылық техникасының Қазақстандағы қызметін қарастыру мақсатымен құрылған. Компанияның мамандануы: ауыл шаруанылығына арналған техниканы лизингке беруге негізделген, 90% астам лизингке берілетін мүлікті дәнді алуға арналған комбайндар, тракторлар құрайды.

Қазіргі таңда еліміздегі барлық лизингтік компаниялар, көбінесе, нақты өндірістік базасы бар, бірақ өндіріс көлемін ұлғайтуға, сол арқылы өндірілетін өнімдер мен көрсетілетін қызметтер сапасын жақсартуға мүмкіндіктер беретін құрылғыларды, көлік құралдарын немесе арнағы техникаларды алуды қалайтын кәсіпорындардың жобаларына көбірек мән береді. Ал, жаңадан басталатын бизнес үшін

лизингке күрылғылар алу өте күрделі мәселелердің бірі болып саналады. Бұндай жағдайды лизингтік компанияның тәуекелділігінің бірнеше есе жоғарылайтындығымен түсіндіруге болады.

Лизинг үгымы туралы отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерін сараптау негізінде лизингтік қатынастар ерекшеліктері мен оған тән бірқатар теориялық-әдістемелік аспектілері толық-қанды қарастырылды. Өзіндік тұжырымдамаға сәйкес, лизингтік қатынастар – бұл лизинг объектілерін пайдаланушыларды қажетті өндіріс құралдарымен дер кезінде және тиімді түрде қамтамасыз етуге бағытталған жалға беру, несиелік, саудалық қатынастардың жиынтығы болып табылатын кәсінкерлік және инвестициялық қызметтердің бір түрі және лизингке беруші мен лизингке алушының, сонымен бірге, лизингке беруші мен сатушының арасындағы серіктестік қатынастар деген тұжырымдама жасалынды.

Сонымен, лизинг мүлікті басқару тәсілі ретінде ғана емес, ұлттық экономиканы қаржыландырудың тиімді құралы, оның интенсивті дамуының факторы ретінде елдің бәсекеге қабілетті болуына өз ықпалын тигізді.

Бұтінге дейін “Даму” Қоры келесі лизингтік компаниялармен кредит жүйесін ашу туралы Келісімшарттар жасасты:

- “Лизинг Групп” АҚ – на 805 млн. теңге;
- “Темірлизинг” АҚ – на 479,8 млн. теңге;
- “СК Лизинг” АҚ – на 400,0 млн. теңге;
- “Евразиялық лизинг” ЖШС – не 230,0 млн. теңге;

Жиынтығы: 1 914,8 млн. теңге. [2]

### 1.3 Лизингті агрономеркәсіп кешенінде пайдалану

АӘК техникалық қамсыздандыру құралдарының қазіргі заманғы қайта қарулануы

– үлкен гылыми және практикалық мәселе. Мемлекет лизингтің ауылшаруашылық тауар өндірушілердің ресурспен қамтамасыз ету каналы ретінде дамуын мақсатты түрде дамытуын ынталандыруға және онымен маңызды экономикалық жетістіктерге жетуге қабілетті. Осындағы әсер етудің құралдары болып негізгі қорларға инвестиацияларды женілдікпен салық салу және лизинг берушілердің басым несиелу табылады. Лизинг нарығының калыптасу кезеңінде мемлекеттік колдау әлемдік тәжірибеде кеңінен колданылған.

Дамыған нарықтық экономикасы бар елдерде мемлекеттік субсидиялар фермерлер шығындарының 30 – дан 80% дейінгі бөлігін жабады. Лизингтің экономикалық механизмінің және онымен қоса жүретін құжаттардың талдауы мемлекет тәжірибеде женілдіктері бар мақсатты несиелеуді қолданатынын көрсетіп отыр. Несие – оны міндепті түрде мақсаты бойынша жұмсау міндептімен ақшалай түрде емес, қажетті техникалық және басқа да құралдар түрінде беріледі.

Сонымен қатар, мемлекеттік лизингтің жүзеге асырылып отырган экономикалық механизмінің бірқатар кемшіліктері бар екенін атап кеткен жөн:

- бөлініп отырган қаражаттардың сол берілген қаражаттарды қайтарудың кепілдіктері жеткіліксіз болуы;
- ауылшаруашылық өндіруші лизинг алушы бола отырып, құқықтық және экономикалық тұргыда қорғалмаған болып табылады;
- лизинг операцияларын іске асырудың ұйымдастырушылық жүйесі толық қанды жетілмеген.

Із лизингті мемлекеттік қолдаудың төмендегідей шараларын ұсынып отырмыз.

Бағалық саясат ауылшаруашылық тауар өндірушілер үшін (лизинг алушылар) кепілденген сатып алу және кепіл бағаларын өндіріп, қолдануда көрініс табады. Бағалық қатынастарды бүкіл қайта өндіру процесі жүйесінде: материалдық-техникалық ресурстарды сатып алудан бастап, өнімді өткізгенге дейін қарастыру қажет. Зерттеулер көрсетіп отыргандай, ауылшаруашылық тауар өндірушілерге несиелік қызмет көрсетуді ұйымдастырудың қай түрі ұсынылса да (соның ішінде лизингке де) шығындық және рентабельдігі төмен қызмет көрсету жағдайында және ең бастысы баға диспаритеті жағдайында ол қарыздардың қайтарылуын қамтамасыз етпейді.

Ауылшаруашылық өнімді өндіруге кеткен шығындардың негізгі бөлігін лизингке алған материалдық-техникалық құралдарға бағалар (өзіндік құнының 57% жуығы) қалыптастырады. Сондыктan, бірінші кезенде, біздің ойымызша, олардың өсуін тежеп отыру, қатан шектеулер орнатпау, ал кейінгі кезендерде реформалардың басталуына дейін орын алған бағалар паритетіне ауысу керек.

Осы міндепті шешу әдістерінің бірі болып, материалдық-техникалық құралдардың негізгі тұрларіне бағаларды мемлекеттік реттеу болып табылады. Шекті бағаларды енгізумен катар, осы

шектерді асырғаны үшін экономикалық санкциялар мен оларды төмendetкені үшін экономикалық ынталандыру орнату керек.

Лизингті жүзеге асырған кезде баға қалыптастыру өндірісті дамытуға және лизинг алушылардың табыстарын арттыруға бағытталуы керек.

Мемлекет өз тарапынан лизинг жобаларын жүзеге асыру үшін мемлекеттік кепілдіктер беруі керек. Салықтық саясат лизинг дамуына мемлекеттік әсер етудің маңызды тетігі болып табылады. Салық салу жүйесі лизингке инвестициялауда халық шаруашылығының басқа да салаларын ынталандыруы керек.

Көптеген экономикасы дамыған елдерде салықтар жынтығында барлық фермерлік шығындардың 6% аспауы керек. Олардың жартысы табысқа салынатын салық пен мүлікке салынатын салық болып келеді. Біздің ойымызша, лизинг операцияларын жүзеге асыруда осындағы арақатынасты басшылықта алған жөн. Осыған байланысты дифференцияланған салық салу жүйесі және лизинг қатынастарының субъектілеріне салықтық женілдіктер жүйесін қолдану қажет олардың ішінде:

- лизинг фирмасын құрганнан кейін алғашқы жылы лизинг төлемдерін салық төлеуден босату;
- әрекет ету мерзімі кем дегендеге үш жыл болатын қаржылық лизинг шартын жүзеге асырудан түскен табысқа салынатын салықтан босату;
- қаржылық лизинг операцияларын жүзеге асыру үшін үш жыл және одан да көп мерзімге несиелерді беруден түскен пайдага салынатын салықтан банктер мен өзге де несие мекемелерін босату;
- лизинг берушілерді лизинг қызметтерін көрсеткен кезде қосылған құнға салынатын салықты толеу тәртібін сақтай отырып, қаржылық лизинг объектісін сатып алған кезде қосылған құнға салынатын салық төлеуден босату;
- зандық тәртіптерде олардың қызметі үшін қолайлыш экономикалық жағдайлар тудыру үшін салықтық женілдіктер беру.

Лизинг қатынастарын реттеудің маңызды факторы ретінді қаржылық несие АӨК лизинг бизнесіне қатысты республикалық және аймақтық деңгейлердегі қаржылық саясат жобаларды тікелей инвестициялауда көрініс табады.

Аграрлық сектордағы карыздарды есепке алу мен шығындарды жабу саясаты сақталып қалды. Сондықтан инвестициялар бөлу мен

өндірістің соңғы нәтижелері арасындағы өзара байланыс төмен болып табылады. Ал ол жүйе қаржылық жауапкершілік пен лизинг субъектілерінің қаржылық жауапсыздығын тудырады және тікелей бюджеттік төлемдердің өсуіне, ауылға нақты түсімдердің төмендеуіне әкеп соғады.

Экономикалық тұрғыда АӨК қаржылық проблемалары бюджеттен бөлінген лизинг қаражаттарын пайдалану механизмдерінің тиімді еместігінде көрініс табады. Осы қаражаттардың жетіспеушілігі де маңызды рөл атқарады.

Директивті орталық жүйеде әрекет ететін қаржыландыру тәсілдерін мемлекеттік қолдау тәсілдеріне ауыстыру қажет, оған кірептіндер: қайтарымсыз және ақысыз қаржыландырудан бас тарту, АӨК коммерциялық банктерінің желісін құру. Мемлекеттік қаражаттарды лизингті тікелей инвестициялау үшін емес, лизинг қарым – катынастарында кепілдіктер беру үшін жұмсау.

Остандық лизинг компаниялары (фирмалары) алдында пайда болатын келесі мәселе ретінде ұзак мерзімді несиelerді тартудың мүмкіндігін шектеу табылады. Коммерциялық банктер беретін қарыздардың қысқа мерзімді сипаты лизинг операцияларының ұзак мерзімді сипаты талаптарына қарама-қайшы болып табылады.

Ауылшаруашылық салалары мен АӨК ресурстармен қамтамасыз ету салаларының дағдарыс кезеңінен шығуы үшін және нарықтық жағдайдағы қалыпты жұмыс жасауын қамтамасыз ету үшін АӨК материалдық-техникалық қамтамасыз ету бағдарламасының болуы қажет.

Барлық аталған ұйымдастырушылық – экономикалық шаралар техниканы лизинг арқылы жеткізуінде көлемін ұлғайтып, тозған техника шығуының ішінәра болса да қалпына келтірілуін және сол арқылы механизацияланған жұмыстардың минималды түрде қажетті көлемін жүзеге асыруға және ауылшаруашылық өнім өндірудің ары қарай түсүін алдын алуға ықпалын тигізуі керек.

АгроОнеркәсіп кешеніндегі лизинг (агролизинг) – бұл көлік, жабдықтар, көлік құралдары мен өндірістік мақсаттардағы ғимараттардың ұзак мерзімді жалға беруі, оның мақсаты уақытша бос немесе тартылған қаржылық қаражаттарды инвестициялау арқылы ауылшаруашылық кәсіпорындарды техникалық қамтама-сыздандырудың деңгейін көтеру.

Агролизинг объектісі болып кез келген қозгалатын және қозгалмайтын мүлік табылады. Ол әрекет етуші сыныптама бойынша ауылшаруашылық мақсаттардағы негізгі қорларга жатады, оған кірмейтіндер әрекет етуші заңнама бойынша нарықта еркін айналымға тұсуге тыйым салынған немесе кеден зандаres бойынша уақытша кіруге (шығуға) тыйым салынған мүліктер.

Агролизинг субъектілері:

— лизинг беруші – лизинг қызметін жүзеге асыратын занды тұлға, яғни шарт бойынша арнайы сол мақсаттар үшін сатып алынған мүлікті лизингке беруді жүзеге асыратын занды тұлға;

— лизинг алушы – мүлікті лизинг шарты бойынша пайдалануга алып отырған кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын занды тұлға немесе занды тұлға құрмай жеке кәсіпкер ретінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен айналысады.

Лизинг компаниялары (фирмалар) – бұл акционерлік қоғамдар немесе өзге де ұйымдастыруышылық құқықтық нысандарда құрылатын ұйымдар, олар құрылтай құжаттары мен лицензияларына сәйкес лизинг берушілер қызметтерін жүзеге асырады.

Лизинг мүлкін лизинг компанияларының қаржыландыруы жеке және заем қаражаттары арқылы жүзеге асырылады.

Лизинг шарты келесі талаптарды қанағаттандыруы керек:

— егер шартта өзгеше көзделмесе, агролизинг объектісі мен лизинг мүлкін сатушыны таңдау құқығы лизинг алушыда болады;

— лизинг мүлкін лизинг алушы тек қана өндірістік мақсаттарда жұмсайды;

— лизинг мүлкін лизинг беруші лизинг мүлкін сатушыдан оны лизинг алушыға беру шартын орындау үшін ғана ала алады;

— лизинг кезеңіндегі лизинг төлемдерінің сомасы мәмілені құрастырған кездегі лизинг мүлкінің құнынан төмен болмауы керек.

Лизингке берілген мүлік лизинг шартының әрекет ету мерзімінде лизинг алушының мүлкі болып қала береді.

Лизинг шартында лизинг алушының лизинг мүлкін лизинг шарты аяқталған соң немесе лизинг шарты аяқталғанға дейін сатып алу құқығы көзделуі мүмкін.

## **2-тарау. НЕГІЗГІ ҚОРЛАРДЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЛИЗИНГІНДА ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ДАМУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫНА ТАЛДАУ ЖАСАУ**

### **2.1 Қазақстандағы лизингтің қазіргі заманғы жағдайы**

Аграрлық сектордың тұрақты дамуы, инвестицияларды тартуы және ауылшаруашылық тауар өндірушілер үшін қаржылық қаражаттардың қол жетімділігін қамтамасыз етуінсіз мүмкін емес болып табылады.

Кез келген өндірістің материалдық техникалық базасына ірі масштабты капиталды салымдардың жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қаржылық құралдардың бірі ретінде лизинг табылады.

Қазақстанда ол арқылы ауылшаруашылық техниканың жаңғыртуы жүзеге асырылған лизинг өз дамуын 2001 жылдан бастады.

Республикада 2008 жылдың басында 154,4 мың шыныжыртабан және доңғалакты тракторлар, 46,5 мың бидай жинау комбайндары, 14,7 мың дестелегіштер, 90,6 егушілер болған. Соңғы жеті жылда (2001-2007 ж.ж.) негізінен лизинг бойынша алынғандар: ауылшаруашылық техниканың негізгі түрлерінің 28,6 мыңдан астамы, 2007 жылы 5,2 мыңдан астамын жалпы сомасы 45,0 млрд. теңгеге: тракторлар – 1129 бірлік, бидай жинаушы комбайндар – 1606 бірлік, сепкіштер – 681 бірлік, егу кешендері – 394 бірлік, дестелегіштер – 310 бірлік.

Республикада лизингтің дамуы төрт бағыт бойынша жүзеге асырылады:

- техникалық құралдардың прокаты бойынша әрекет етуші пункттер мен кәсіпорындар;
- коммерциялық банктердің лизинг операциялары;
- жаңа арнайы мамандандырылған лизинг фирмалары;
- халықаралық экспорттық, импорттық, компенсациялық немесе өзге де лизингтер.

Бұғынгі таңда Қазақстандағы нарыкта мемлекеттік, жеке және коммерциялық банктермен құрылған “ҚазАгроКаржы”, “Бидай лизинг компаниясы”, “Халық-Лизинг”, “АТФ-Лизинг”, “БТА-Лизинг” және т.б. лизинг компаниялары әрекет етеді.

АҚ “ҚазАгроКаржы” – мемлекеттің жұз пайыздық катысусы бар кәсіпорын, оның негізгі мақсаты болып ауылшаруашылық тауар өндірушілерді өндірістік техникамен лизинг негізінде қамсыздандыру табылады.

АҚ “ҚазАгроКаржы” маңызды бағыты – онда өндірілген шынжыртабанды Т-95 тракторларының 400 данасын лизингке тоғыз жылға орналастыру арқылы Павлодар трактор зауытына көмек көрсету. Барлығы компанияның қызмет етуінің екі жылында ауылшаруашылық тауар өндірушілерге 8,6 млрд. тенгеден астам сомаға техника берілген. Жағдайлары жеңілдікпен: сыйақы мөлшері жылдық 5% күрайды, лизинг мерзімі орта есеппен алғанда – 7 жыл, лизинг төлемдерін төлеу мерзімі – жылына бір рет. 2000жылы лизинг алушылар тарапынан жұз пайыздық төлеу мүмкіндігіне қол жеткізілген. 2004жылы – 96%. Бюджетке лизингті ұйымдастыру үшін бөлінген 2 190 млн. теңге қайтару мүмкіндігі қамтамасыз етілген.

ЖШС “Бидай лизинг компаниясы” лизинг нарығына 2001 жылдың мамыр айынан бастап енген, Қазақстанның бидай Кеңесінің мүшесі болып табылады, бидай өндіру саласында қызметін атқарады. Оның серіктестері мен лизинг алушылары – ірі коммерциялық банктер, бидай компаниялары, бидай еgetін облыстардың ауылшаруашылық тауар өндірушілері. Компания, негізделген лизинг кестесін ұсына отырып 3-4 жылға ірі коммерциялық банктерден қаржаттар тартты: ААҚ “Казкоммерцбанк”, ААҚ “Қазақстан Халық Банкі”, ААҚ “Алматы сауда қаржы банкі”.

Қазақстан Республикасының заңдарында несиелік серіктестіктің бірнеше түрлері көзделген: несиелік-депозиттік серіктестіктер, несиелік серіктестіктер және ауылдық-несиелік серіктестіктер.

Ауылдық-несиелік серіктестіктің ерекшелігі – оның қызметінің ауыл шаруашылығы өндірісінің катысушыларын несиелеуге және осы ауылдық несиелік серіктестікке катысушыларға банктік қызмет көрсетуге бағытталуында болып отыр. Ауылдық – несиелік серіктестік деғениміз – өзара несиелеу үшін оған катысушылардың ақша қаржаттарын жинақтау жолымен жеке және заңды тұлғалардың еркіті түрде бірігуі нәтижесінде құрылған, банктік операциялардың жеке түрлерін іске асыратын заңды тұлға деп анықталады.

Ал, несиелік серіктестіктің келесі бір түрі несиелік-депозиттік серіктестіктің қызметінің ерекшелігі – заңды тұлғалардың ақша қаражаттарын депозитке қабылдау мүмкіндігінің болуында.

Несиелік серіктестіктің заңмен бекітілген анықтамасына келер болсақ, Қазақстан Республикасының “Несие серіктестіктері туралы” заңына сәйкес несиелік серіктестік – жеке және заңды тұлғалардың оның қатысушыларының несие және өзге де қаржылық сұранысын қанағаттандыру үшін, оның ішінде олардың ақшаларын шоғырландыру жолымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен қызмет көрсету үшін құрылған заңды тұлға [83].

Несиелік серіктестікті банктік қызметке қатысушы басқа тұлғалардан айрықша ажырататын ерекшеліктер ретінде мыналарды атауға болады:

1) Несиелік серіктестіктердің ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары алуан түрлілігінің заңнамамен бекітілуі, яғни, “несиелік серіктестіктер Қазақстан Республикасының заңдарының ерекшеліктеріне қарай коммандиттік серіктестік, жауапкершілігі шектелген серіктестік, толық серіктестік, акционерлік қоғам ұйымдастырушылық-құқықтық нысандарында құрылуды мүмкін. Ал, банктер үшін жалғызғанда акционерлік қоғам ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны белгіленгендейдігін ескерер болсақ, несиелік серіктестіктердің ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны кең көлемде көзделген деуге болады.

2) Несиелік серіктестіктердің аткаруы үшін бекітілген банктік операциялардың тізімі банктер іске асыратын операциялар тізімімен салыстырғанда шектелген. Дегенмен, Ұлттық Банк несиелік серіктестіктің әрбір түрі үшін жеке-дара өзіндік құқық қабілеттілікті анықтап қойған.

Мысалы, несиелік-депозиттік серіктестік банктік операциялардың төмендегідей түрлерін іске асыруға құқылы:

– депозиттер қабылдау, заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;

– кассалық операциялар: банкноттар мен монеталарды қабылдау, беру, қайта есептеу, ұсақтау, айырбастау, топтастыру, каптау және сактау;

– аудару операциялары: заңды және жеке тұлғалардың ақша аудару жөніндегі тапсырмаларын орындау;

- есепке алу операциялары: занды және жеке тұлғалардың вексельдерін және басқа да борыштық міндеттемелерін есепке алу;
- заемдық операциялар: ақылылық, мерзімділік және қайтарып беру шартымен ақшалай нысанда несиелер беру;
- занды тұлғалардың тапсырмасы бойынша олардың банктік шоттары бойынша есеп айырысуды іске асыру;
- сейфтік операциялар: құжаттық нысанда шығарылған бағалы қағаздарды, клиенттердің құжаттарын және құндылықтарын сактау жөніндегі қызмет, сейфтік жәшіктерді, шкафттар мен гимараттарды жалға беру;
- ломбардтық операциялар: жеңіл жүзеге асырылатын бағалы қағаздардың және жылжымалы мүліктің кепілдігіне қысқа мерзімді несиелер беру;
- шетел валютасын ауыстыру операцияларын ұйымдастыру;
- төлем құжаттарын инкассоға қабылдау;
- лизингтік қызметті іске асыру.

Сонымен қатар, ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарай серіктестіктің қызметін дифференциациялауға жол беріледі. Айталық, қосымша жауапкершілігі бар серіктестік нысанындағы несиелік-депозиттік серіктестік депозиттерді қабылдауга, қосымша жауапкершіліктің соммасынан аспайтын мөлшерде серіктестіктің қатысуышы болып табылмайтын занды тұлғалардың банктік шоттарын ашуға және жүргізуге құқылы; жауапкершілігі шектелген серіктестік нысанындағы несиелік-депозиттік серіктестік депозиттер қабылдауга, несиелік-депозиттік серіктестіктің өзіндік капиталының елу пайзынан аспайтын мөлшерде серіктестіктің қатысуышы болып табылмайтын занды тұлғалардың банктік шоттарын ашуға және жүргізуге құқылы;

Қарапайым несиелік серіктестіктің және ауылдық несиелік серіктестіктің құқық қабілеттілігі жоққа шығару әдісімен анықталған. Банктік қызметтің атаулы субъектілері аударма операцияларын: занды және жеке тұлғалардың акша аудару жөніндегі тапсырмаларын орындау; есепке алу операцияларын: занды және жеке тұлғалардың вексельдерін және басқа да борыштық міндеттемелерін есепке алу; заемдық операцияларды: ақылылық, мерзімділік және қайтарып беру шартымен ақшалай нысанда несие беру; ломбардтық операцияларды: жеңіл жүзеге асырылатын бағалы қағаздар мен

жылжымалы мүліктің кепілдігіне қысқа мерзімді несиелерді беруді; төлем құжаттарын инкассоға қабылдауды есептемегенде, көзделген банктік операцияларды орындауға құқылы. Аталған операцияларды несиелік серіктестік және ауылдық – несиелік серіктестік өздерінің қатысушыларына және акционерлеріне қызмет көрсету барысындаған орындауға құқылы.

Қазіргі Қазақстандық заңнама банктік қызметтің субъектілерінің қатарын кеңейту және олардың құқықтық мәртебесін нақты және толығырақ анықтау міндеттін орындауы тиіс. Қазақстан Республикасының “Несиелік серіктестіктер туралы” заңына сәйкес, несиелік-серіктестік дегеніміз – оның қатысушыларының несиелерге және басқа да қаржылық қызмет көрсетулерге деген сұранысын олардың ақыналарын жинақтау жолымен немесе басқа да көздерден қанағаттандыру үшін жеке және заңды тұлғалармен құрылған заңды тұлға.

“Несиелік серіктестіктер туралы” заң ережелеріне талдау жүргізу негізінде несиелік серіктестіктиң құқықтық мәртебесінің негұрлым айрықша ерекшеліктерін атап көрсетуге болады.

Біріншіден, несиелік серіктестік, жауапкершілігі шектелген серіктестік нысанында құрылады және серіктестіктиң қатысушыларының саны үшеуден кем болмауы керек [2, 6-б.].

Екіншіден, кредиттік серіктестік өзінің қызметін іске асыру үшін уәкілетті органның лицензиясын алуы тиіс [3, 2-б.].

Үшіншіден, кредиттік серіктестіктиң қатысушылары азаматтық заңнамамен көзделген құқыктардан басқа, кредиттік серіктестіктиң қызметін пайдалануға құқылы [4].

Төртіншіден, “Несиелік серіктестіктер туралы” заңынан 18-бабына сәйкес, лицензиясы болған жағдайда несиелік серіктестіктиң өз қатысушылары үшін төмендегідей банктік және басқа да операцияларды іске асыруына құқығы бар [1]:

- 1) аудару операцияларын: төлемдер және ақша аударымы жөніндегі тапсырмаларды орындау;
- 2) карыз операцияларын: ақы төлеу, мерзімділік және қайтарымдылық талаптарына сәйкес ақшалай нысанда кредиттер беру;
- 3) несиелік серіктестік қатысушыларының төлем құжаттарын (вексельдерді қоспағанда) инкассоға қабылдау;
- 4) аккредитивті ашу (ұсыну) мен растау және ол бойынша міндеттемелерді орындау;

5) сейфтік операцияларды: сейф жәшіктерін, шкафттар мен үй-жайларды жалға беруді қоса алғанда, құжаттамалық нысанда шыгарылған бағалы қағаздарды, құжаттар мен құндылыктарды сактау жөніндегі қызметтерді;

6) лизинг қызметін жүзеге асыру;

7) несиелік серіктестік қатысушыларының банк шоттарын ашу және жүргізу;

8) несиелік серіктестіктің қатысушылары үшін Операцияларды жүргізудің жалпы шарттары жөніндегі ережелерде көзделген со-малар шегінде ақшалай нысанда орындауды көздейтін кепілдіктер, кепілгерлік және өзге де міндеттемелер беру;

9) факторингтік операцияларды: тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) кредиттік серіктестік қатысушысынан, сатып алушыдан төлемеу тәуекелін қабылдай отырып, төлемді талап ету құқығын сатып алады;

10) кассалық операцияларды: осы тармақта көзделген опера-цияларды жүзеге асыру кезінде қолма-қол ақшаны қабылдау және беруді жүзеге асыруға құқылды.

Сондай-ақ, несиелік серіктестіктердің қызметін реттеу бары-сында белгілі бір өкілеттіктерге ие болатын уәкілетті орган ретінде Ұлттық Банктің мүмкіндіктерін шектейтін ережелердің алынып тасталғандығын ескергеніміз жөн [3].

Несиелік серіктестіктің қызметін реттеуге бағытталуының өзі заңынан аса маңызды мән-жайы болып табылады. Осылайша, “Несиелік серіктестік туралы” заңынң негізгі мақсаты – біріншіден, атаулы құқықтық қатынастарға қатысушыларға өздерінің қызметін жүзеге асыру үшін қаржылық күштерін біріктіру мүмкіндігін білдірсе, екіншіден, бәсекелестікті ынталандыру және банктік қызметтің белгілі бір альтернативасын қалыптастыру арқылы экономиканың даму қарқынына ықпалын тигізеді деген ой-тұжырым жасауға болады.

Қысқа мерзім ішінде (2001ж. мамыр айынан 2002ж. қараша айына) компания лизингке отандық ауылшаруашылық тауар өндірушілерге 1000 бірлік бидай жинайтын комбайндар мен тракторларды жалпы сомасы 5,4 млрд. теңге жеңілдік жағдайлармен сатып алды, лизинг мерзімі – 3-8 жыл, лизинг төлемдерін төлеу мерзімі – жылына бір рет, кепіл – жер пайдалану құқығы. Лизинг төлемдерін төлеуді ли-

зинг алушылар ақша қаражаттарымен де бидаймен де жүзеге асыра алады. Басқа лизинг компанияларына қарағанда ЖШС “Бидай лизинг компаниясы” аванс төлемдерін талап етпейді және лизинг затын міндетті түрде сақтаңдыруды талап етпейді.

2002 ж. АҚ “Қазақстанның Даму Банкімен” бірлесе отырып, лизингке Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарының ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілеріне 280 “Енисей” бидай жинайтын комбайндарының 10 млн доллар сомаға орналастыруы жүзеге асырылды. АҚШ 8 жыл мерзімге. Қазақстанда алғашқы рет ЖАҚ “Қазақстанның Даму Банкі” арқылы лизинг кестесі бойынша ұзақ мерзімді жоспар құрылды. Оның мерзімі 8 жыл, ол ауылшаруашылық тауар өндірушілерге лизинг төлемдерін төлеу бойынша жеңілдік жагдайларын тудырады.

Талдауда көрсетіп отыргандай, Қазақстанда бұрынғы колхоздар мен совхоздардың тарап кетуіне байланысты ауылшаруашылығын техникалық қамсыздандырудың деңгейі де түсіп кетті: 2008 ж. тракторлар саны 1992 ж. қарағанда 30,1%, бидай комбайндарының саны – 44,5%, дестелегіштер саны – 20% түсті (1-кесте).


1-кесте – Ауылшаруашылық көліктердің негізгі түрлерінің болуы

Техника түрлері	Жыл							
	1992	2002	2003	2004	2005	2006	2007	2008
Тракторлар	222,4	127,6	128,5	129,4	132,7	134,8	137,2	155,5
Комбайндар	84,1	42,7	43,8	43,9	44,3	44,6	45,1	47,0
Дестелегіштер	18,5	14,6	14,8	14,9	15,5	15,6	15,2	14,9
Жұк автокөліктер	58,9	48,2	48,4	48,4	49,1	47,6	46,8	49,8
Дәнсепкіштер	68,4	59,2	59,2	59,8	57,8	59,2	61,3	80,7

Көлік трактор паркінің құрамына талдау дөңгелектік тракторлар үлесіне 74%, шынжыртабандыларға – 23,3% келетінің көрсетіп отыр. Көліктер саны бойынша дөңгелектілер ішінде (сурет 1) МТЗ тракторлары басым (50%), екінші орында – К-700 тракторлары (12,6%).

Елдің комбайн паркі негізінен ресейлік техника есебінен жиынтықталған. “Енисей” маркасының үлесі 51%, “Нива” – 37%. алтын шетелдердегі басқа өндіруші зауыттар үлесіне 5% (2-кесте) келеді. Бидай жинайтын комбайндардың жастық құрамы төмен-

дегідей болып отыр: 2001 ж. дейін шығарылған – 78%, 2001 ж. бастап шығарылған – 22%. 1992 жылға қарағанда бидай өнімдерінің көлемі елеулі түрде қысқартылды – 22,6 млн га – дан 16,1 млн га -ға дейін. Сонымен қатар, 1999 жылдан бастап өнделетін көлемдердің өсуі байқалып отыр, ол тұрақты жемістер мен ауылдық тауар өндірушілердің экономикалық жағдайы өсінің салдары болып табылады.



1-сурет – Қазақстан Республикасының трактор паркінің құрылымы

2-кесте – Қазақстан Республикасының өндіруші елдер бойынша комбайн паркінің құрылымы

Ел атаяу	Комбайн маркасы	Бірлік көлемі
Ресей	“Дон – 1500”	1141
	“Енисей”	24279
	“Нива”	17397
	КЗС “Русь”	170
	“Вектор”	1366
АҚШ	“Джон-Дир”	1325
	“Кейс”	333
	“Массей – Фергисон”	16
	“Челленджер”	21
Канада	“Вестерн”	58
Германия	“Клаас”	600
	“Лексион”	2
	“Топлайнер”	4
Италия	“Лаверда”	103
Голландия	“Нью-Холанд”	125
Қытай	“Дон-Фон”	9
Корея	Д-55 “Кукче”	10
Барлығы		46959

Қазіргі ауылшаруашылық техниканың паркі 80% шегінде тозған. 70-75% тракторлар мен комбайндардың орта жасы 14-20 жыл, пайдаланудың нормативті мерзімінде 7-10 жыл. Бар техниканың техникалық дайындығы техника бірлігіне 70-80% пайыздан аспайды. Техника бірлігіне жүктелім үлкен болып табылады, республиканың жекелеген аймақтарында ол нормативтіден 1,2-1,6 есе асады. Сонымен қатар, ауылшаруашылық өндірістің энергиямен қамтамасыз етілуі республика аймақтарында 2008 ж бірінші қарандарында құрады (3 кесте).

3-кесте – Қазақстан аумақтары бойынша ауылшаруашылығын энергиямен қамсыздандыру.

Аймақ	энергиямен қамсыздандыру, ж.к./ га
Ақмола	1,22
Ақтөбе	0,9
Алматы	2,84
Атырау	3,3
Шығыс Қазақстан	2,3
Жамбыл	1,55
Батыс Қазақстан	1,77
Қарағанды	1,6
Қостанай	1,31
Қызылорда	3,0
Маңғыстау	2,8
Павлодар	2,69
Солтүстік Қазақстан	1,24
Оңтүстік Қазақстан	3,13
Қазақстан бойынша орташа	1,75

Қалыптасқан жағдайда бір тракторға жүктелім 150 га жуық болса, бидай жинайтын комбайнға – 311 га астам болады, ал Германияда сәйкесінше 10 және 48 га, Канадада – 63 және 125 га.

2001 ж. шығарылған бидай жинайтын комбайндардың жинайтын аумақтары 9,4 млн га, немесе 58% құрайды, бидай глинының қалған болігі 2001-2008 ж.ж. сатып алынған комбайндарға келеді.

1994 жылдан 1999 жылғадейін республиканың ауылшаруашылығы жаңа техникамен қамтамасыз етілмеді деп айтсақ та болады. Жекелеген коммерциялық немесе делдалдық құрылымдар әкелген

көліктердің саны аз болғандығы ауылшаруашылық күрылымдардың техникалық қамсыздандырылуына өз ықпалын тигізе қойған жоқ.

Пайдалану тиімділігі деңгейінің төмендеуі, тозудың артуы, техникамен қамтамасыз етілу, аграрлық саланың материалдық-техникалық базасының және өзге де материалдық-техникалық күралдардың тозуы сондай-ақ нарықтың осы сегментінің дамуы.

Ауылшаруашылық тауар өндірушілердің сәйкес техникаға негізделген қажеттілігін қамтамасыз етудің тежеуші факторы ретінде олардың төлем қабілеттілігінің деңгейі болып табылады. Соңғы жағдай ауылшаруашылық техника лизингінің дамуына алғышарттар жасайды, ол 2000 жылдан бастап зандық құқықтық рәсімдеуге ие болған. Лизингті қаржыландырудың бюджеттік желілерінің дамуы және оның инфрақұрылымының дамуы. Осы кезеңнен бастап мемлекеттік қолдау өсуімен және ауылшаруашылық тауар өндірушілердің қаржылық жағдайы жақсаруымен байланысты тракторлармен, комбайндармен және өзге де ауылшаруашылық техникамен қамтамасыз етудің сандық және сапалық өсуі байқалады.

Соңғы жылдары ауылшаруашылықтың энергиямен қарулануы техниканы лизинг негізінде жеткізу есебінен едәуір түрде өсіп отыр.

Көліктрактор паркін жаңа арттыру бойынша онтденденциялар байқалып отыр. Соңғы жеті жылда (2001-2007 ж.ж.) әр түрлі қайнар көздерден (жергілікті бюджет, ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің өзіндік қаржаттары, қаржылық инвесторлар, “ҚазАгроКаржы” қаржаттары) 26,4 мыңнан астам ауылшаруашылық техниканың негізгі түрлері алынған. (4-кесте).

Соңғы жылдары ауылшаруашылық тауар өндірушілер жаңа буындағы техниканы сатып алады, олардың өнімділігі бар техниканың көрсеткіштерін екі үш есе асады.

Лизинг сұранысқа ие қаржылық институт болып табылады, ол елдің экономикасы дамуы үшін қажет, себебі, ауылшаруашылық техниканы жалға алу және банк несиесі бойынша сатып алу алдында артықшылықтарға ие болады.

Техниканың негізгі мөлшері лизинг шартымен сатып алынды. Лизинг негізінде ауылшаруашылық техникамен қамтамасыз ету бар көлік трактор паркін 2001-2007 ж. 2%, бидай комбайндарымен – 8, дестелегіштер – 5% қамтамасыз етті (5-кесте).

**4-кесте – АҚ “ҚазАгроКаржы” арқылы ауылшаруашылық өндіріс үшін техника мен жабдықтың тұсу динамикасы**

Техника атаяу	ЖЫЛ							Барлығы
	2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007	
Тракторлар	1102	571	916	1427	1250	1220	1129	7615
Комбайндар	1596	1410	1364	1415	1461	1295	1606	10147
Егін оратын машина	354	194	228	428	376	168	350	2098
Дәнсепкіштер	450	686	501	1425	865	468	681	5076
Егіс науқаны кешендері	13	9	16	299	425	355	394	1511
Барлығы :	3 515	2 870	3 025	4 994	4 377	3 506	4 160	26 447

**5-кесте – Қазақстанда лизинг негізінде ауылшаруашылық техниканы сатып алу (дана)**

Техника атаяу	ЖЫЛ								Жаңарапайызы
	2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007	барлығы	
Тракторлар	266	5	288	595	492	596	586	2828	2,0
Дән жинайтын комбайндар	89	148	484	548	583	745	656	3253	8,0
Егін оратын машина	170	64	115	95	53	32	140	669	5,0
Дәнсепкіштер	450	5	90	223	198	140	303	1409	2,0

АҚ “ҚазАгроКаржы” лизинг негізінде техниканы сатып алуға инвестициялар көлемі 2002-2007 ж. 68,8 млрд. теңге құрады, сонын ішінде бюджеттік қаражаттар есебінен – 37,7 млрд. теңге (54,8%), экспорттық қаржыландыру – 17,4 млрд. теңге (25,3%) және өзіндік қаражаттар – 13,7 млрд. теңге (19.9%) (2 сурет).

**Жылдан жылға АҚ “ҚазАгроКаржы” көлемі 2007 жылы 2002 жылмен салыстырғанда – 13,9 есе қайнар көздер құрылымы озгерді, мәселең, егер 2002 жылы ол бюджет қаражаттары есебінен жузеге асырылған болса, 2007жылы бюджет қаражаттары 36,5%, экспорттық қаржыландыру – 48,6 және өзіндік қаражаттар – 14,9% құрады.**

**2008 жылдың басында АҚ “ҚазАгроКаржы” өзіндік капиталы және міндеттемелері 56 млрд. тенге құрады, соның ішінде өзіндік капитал – 29,3 млрд. тенге (52,3%), міндеттемелер – 26,7 млрд. тенге (47,7%). Өзіндік капитал құрылымында – жарғылық капиталдың үлестік салмағы – 98,3%, қосымша төленген капитал – 0,3%, міндеттемелер құрылымында – ұзақ мерзімді заемдар мен қаржылық аренда, алынған қысқа мерзімді заемдар – 15,7, қысқа мерзімді несиелік қарыз – 4,1%.**

Сыйақы алушмен байланысты табыстар 2007 жылы 3,2 млрд. тенге құрады, соның ішінде, қаржылық аренда бойынша – 1,5 млрд. тенге (46,9%), бағалы қағаздар бойынша – 1,4 млрд.тенге (43,8%), сыйақы төлеу бойынша шығындар – 928 млн тенге, соның ішінде алған заемдар бойынша – 805 млн тенге (86,7%) және бағалы қағаздар бойынша – 123 млн тенге (13,3%), сыйақы төлеумен байланысты емес шығындар – 1198 млн тенге, соның ішінде операциялық шығындар – 660 млн тенге (55,1%), табыс – 681 млн тенге, корпоративті табыс салығы – 135 млн тенге, пайда – 546 млн тенге.

АҚ “ҚазАгроКаржы” арқылы қаржыландыру жеті бағыт бойынша жүзеге асырылады: ет, бидай өндеу, көкөністік, құріш және май. Атап айтқанда, алты аймақта дірмен кешендері мен наң пісіру комбинаттары салынған, өсімдік майларын құю бойынша француз желілері және құрішті қайта өндеу бойынша Алматы облысында желі салынды, шұжықтар өндеу бойынша жабдықтар алынды, Атырау облысында түйе сүтін өндіру үшін кішкене зауыт салынып, Ақмола облысында Есілдік май өндеу зауыты салынды.


2008 жылы АҚ “ҚазАгроКаржы” 18,5 млрд. тенге бөлінді, соның ішінде техника мен технологиялық жабдықтарды сатып алу үшін – 2,6 млрд. тенге, лизингке беру үшін ауылшаруашылық техника – 4,7 млрд. тенге, ауылшаруашылық және балық өнімдерін өндеу үшін жабдықтарды – 2,4 млрд. тенге., сүт және ет бағытындағы тауарлық мал шаруашылығы фермаларын құру үшін негізгі қорлар (жабдықтар, мал, ауылшаруашылық техника, айналымдағы қорларды ішінара не-сиелеу) – 8,8 млрд. тенге алынды.

Лизинг арқылы ет тауарлы фермаларды құру үшін ЖШС “АгроФирма Отан” және КПТ “Зинченко и К” 2007 жылы 4 млрд. теңге сомасына несие берді, оның кепілдік берушісі АҚ “ҚазАгроКаржы” болды, онымен “ОтесАтил” компанияларының толық жобаны жүзеге асыру бойынша несиелік қаржыландыру ашылды: “балықты терең қайта өндіе бойынша өндірісті құру үшін биологиялық экологиялық таза өндіріс пен оны қайта өндіру, сондай-ақ мал өнімін қайта өндіе бойынша кәсіпорындар құру”.

Костанай облысының Федор ауданындағы ЖШС “Туар” АҚ “ҚазАгроКаржы” арқылы сатып алып, француз компаниясының “Вестфал-Сердж” сауу алаңқайын іске қости.

Техниканы жаңарту жасалған жұмыстардың көлемін көбейтуге мүмкіндік берді. Мәселен, 2002 жылы бидай өнімдерін егу кезінде қазіргі заманғы кешендермен егілгендердің үлестік салмағы 0,6% тең болды, 2007 ж. – 25%, 2002 жылы пайдалану мерзімі жеті жыл болған бидай жинау комбайндарының ауданы 22% және 2007жылы – 40% құрады (3-сурет ).

Бірақ көптеген ауылшаруашылық тауар өндірушілердің қаржылық жағдайы көлік трактор паркін толығымен жаңартуга мүмкіндік бермейді.



2-сурет – АҚ “ҚазАгроКаржы” арқылы ауылшаруашылық техника мен жабдықтарды лизинг арқылы алу

Алыс шетелдердің жоғары бағалы көліктерін тек қана ірі бидай зауыттары сатып ала алады. Олар оны басқа салаларда (элеваторлар, жанаар – жағар май құю станциялары және т.б.)

Участие посевных комплексов, %



Участие зерноуборочных комбайнов, %



З-сурет – Егістік және жинау жұмыстарын орындаған кездегі өнімділігі жоғары техниканың катысу үлесі

Сонымен, шаруашылықтардың көбі үшін көлік трактор паркін жаңарту Қазақстанда және ТМД жасалған көліктермен жүзеге асырған тиімді болып табылады. Алыс шетелдердегі көліктердің ең жақсы үлгілерін Қазақстанда өндіру қажет, ол сол көліктердің құнының едуәүір түсірге мүмкіндік береді.

Талдауда көрсетіп отыргандай, өнімділігі жоғары техниканы сатып алу ауылшаруашылықтың энергиямен қамсыздандырылуын 17% арттыруға, комбайнның мезгілдік жүктелімін 531 гектардан 310 гектарға дейін түсірге мүмкіндік береді. Оның техникалық дайындық коэффициенті 0,76 – ке тең болған кезде егістік кешендермен (Хорш, Джон-Дир, Кейс, Морис) егістік техниканың жалпы санының 4,3% құрайтын техникамен етуге, 22,8% – республиканың егіс алқаптарын, бөлшек қаттардың шығарылуын екі есे арттыруға мүмкіндік береді.

Жаңа ауылшаруашылық көліктер неізінен солтүстік ауданға бидай өндіру үшін жіберіледі, сондықтан, бұнда техниканы жаңартудың темптері республикадағыға қарағанда жоғары болып табылады. Мысалы, 2004-2008 жылдары 6203 бидай жинайтын комбайндар, соның ішінде солтүстік аймактарға – 4662 бірлік (75%) алынды.

## 2.2 Негізгі қорлардың ауылшаруашылық лизингі дамуының шетелдік тәжірибелі

Соңғы екі онжылдықта лизинг еуропалық елдер мен американдық континентте кеңінен дамыды. Нәтижесіне оның халықаралық деңгейде үндестірудің қажеттілігі туындалады. Осы мақсаттарда халықаралық каржылық лизинг туралы Конвенциясының жобасы

жасалды, онда лизинг мүліктік қатынастардың үш жақтық кешені ретінде қарастырылды. Қаржылық лизинг мәмілесіне үш тараф қатысады. Олардың бірі – лизинг беруші, ол пайдаланушымен қуатталған шарттарға сәйкес (екінші тарапты) жеткізушімен (үшінші тараппен) жеткізу туралы келісімге келеді. Лизинг қызметтерінің алуан түрлігі қазақстандық экономика жағдайында да мүмкін, ол оны сапалық жағынан жаңа жағдайға өтуіне ықпалын тигізді. Бұнда маңызды болатыны лизинг беруші өндіріс құралдарын өзге де жабдықтарды сатып алады және пайдаланушыға мерзімді төлемдерге айырбастау арқылы жабдықтарды пайдалану құқығын беретін қатынастарға түседі. Яғни, тиімділеу, сондықтан, қолдануға болатын өзара қатынастарға түседі.

Халықаралық нарыктағы бәсекеге қабілеттілік әлемдік деңгей-дегімен қатар тұтынушылық, сапалық және бағалық қасиеттері бойынша әлемдік деңгейге тең келер өніммен қамтамасыз етуді көздейді. Бірақ өзінің табиғи потенциалы, техникалық карулануы, әлеуметтік экономикалық және өндірістік инфрақұрылымы бойынша отандық ауыл шаруашылығы халықаралық нарықта бәсекеге түсе алмайды.

Дамыған елдердің ауылшаруашылығы мемлекеттік қолдау жағдайында қалыптасты, ол оның халықаралық нарықтағы бәсекеге қабеліттілігінің шарты болып табылады. Мәселен, егер дамыған елдерде мемлекеттік қолдаудың барлық түрлері ауылшаруашылық өнімнің өзіндік құны құрылымында 40 және одан астам пайыз болса, Қазақстанда – 8% жуық, 1 га егіске есептелген қолдау мөлшері: АҚШ – та – 107, Еуропада – 855, Швейцарияда – 4214 долл., Қазақстанда – 9,3 долл. ғана, Еуропа елдеріне өнім импортына кеден тарифтері республикадағыға қарағанда 10 есе артық.

Жапония бюджетінің шығыстық жағындағы мемлекеттік қолдау деңгейі 65% жуық құрайды, ЕК елдерінде – 49, АҚШ – 24, Канадада – 20, Қазақстанда – 1,9% құрайды, Жапонияда адам санына шаққандағы мемлекеттік қолдау деңгейі – 566 долл., ЕК елдерінде – 366, АҚШ – 350, Қазақстанда – 12,4 долл.

Осы жағдайларда ӘСҰ ауылшаруашылықты (ауылшаруашылық тауар өндірушілерді) қорғау шараларын жинақтау бойынша талаптары өнім нарықтарының толық либерализациясы кезінде Қазақстанды әлемнің көптеген елдерімен салыстырғанда әлсіз жағдайда қалдырады. Мемлекеттік қолдау көлемдері төмендетілген

жағдайларда әлі әлсіз болып отырған АӨК сыртқы тауар өндірілремен бәсекеге төтеп бере алмай қалады.

Зерттеулерге сәйкес лизинг Батыста маңызды және дамыған ғылыми техникалық және өндірістік базаны ресурстарды талап ететін жоғары технологиялық салалардағы қаржыландыру әдістерінің бірі, кәсіпкерлік қызметте пайдалану үшін уақытша бос ақша қаражаттарын уақытша пайдалануға мүлікті беру үшін беретін кәсіпкерлік қызметтің бір нысаны болып табылады. Ол салыстырмалы түрде алғандағы аз (бір жолғы инвестициялауға қарағанда) қаржылық мүмкіндік жағдайында негізгі қорларды жаңартуға мүмкіндік береді де жоғары технологиялық тауарлар мен қызметтерді нарыққа енгізу үшін кедергілерді жояды. Онымен бәсекені нарықтық экономиканың қозғалғышын ынталандырады. Экономикасы тұрақты елдерде лизинг арқылы инвестициялардың 30% жузеге ассырылса, 80% жуық жаңа және модернизацияланған өнім лизингке алынған жабдықпен өндіріледі.

АҚШ лизингтің қалыптасуын 50 – жылдарға жатқызуға болады. Осы елдің үлесіне лизинг бойынша жеткізілетін тауарлар айналымының жартысы келеді. АҚШ оның тез дамуының факторларының бірі ретінде салықтық женілдіктер табылды: жеделдетілген амортизация және инвестициялық салықтық женілдіктер (жаңа инвестицияларды 10% дейінгі сомалары салық сомасынан алынып тасталды). Салықтық реформа лизингтің экономикалық пайdasын едәуір төмендettі. Бірақ оның дамуы тоқтатылмай, жалғасып жатыр, себебі, лизинг мәмілелерін мысалы, әдеттегі қарызға қарағанда, жабудың икемділігі жоғары болып табылады. АҚШ – та көптеген лизинг компанияларының жабдықтар туралы мәліметтері басқа несие берушілерге қарағанда көп болады. Лизинг компаниясының несие қабілеттілігі мәміленің мерзімі аяқталған соң жабдықты сату мүмкіндігіне байланысты болғандықтан, компаниялар ең бағалы және тиімді жабдықтарды сатып алуда мүдделі, осы жағдайда олар барлық тәуекелдерді өз мойнына қуана алады. Дегенмен, кейір салықтық женілдіктер әлі де сакталады. Ең ірі американдық лизинг компаниялары болып табылатындар: Bank Amerilase Group, Golodetz Trading Corp., Security Pacific Group, Considar corp.

Ұлыбританияда лизинг 1970 жылдан кейін салықтық женілдіктер енгізген сәттен бастап дами бастады. Компаниялар олар жүргізілген

салықтық жылды жасаған инвестициялардың 100% салық салынатын табысташ алып тастай алған. Осы жеңілдіктер ірі табыстылығы бар компаниялар үшін ғана елеулі болған, бірақ олар жалдаушылар үшін де жанама түрде қол жетімді болды. Компания салықтық жеңілдікке есеп жылды аяқталған кезде ғана қол жеткізе алған. Сондықтан, ол жылдың басында инвестициялар салса, осы жеңілдіктерді алу үшін белгілі бір уақыт күтуі керек болған.

Жапонияда ірі лизинг компаниясы болып “Century Leasing System” табылады, ол 1969 жылды құрылған, оның төленген капиталы – 585 млн иен құрайды. Оның Гонконг, Сингапур, Ұлыбританияда филиаллары бар. Оның акционерлері коммерциялық банк, сауда және екі сақтандыру компаниялары. Испанияда лизингпен айналысадын 117 компаниялар тіркелген, олардың 20 – тәуелсіз, қалғандары – банктердің қасында. Жалға беру мерзімі 3-5 жыл. Лизинг мәмілелерін реттейтін негізгі актілер болып табылатындар: 1977 жылғы Декреттер, (лизинг анықтамасы), 1980ж. (лизинг операциялары, қозғалмайтын мүлік), 1988ж. Заң (банк мекемелерінің қатысуы).

Лизинг қызметтерінің әлемдік нарығының қалыптасуына Қазақстанда әрекет ететін көптеген факторлар ықпалын тигізді: ликвидтік қаражаттардың жеткіліксіз көлемі, инвестициялар оптимизациясын атап өтетін және олардың өндірісті кеңейту үшін жеткілікті қаржылық қаражаттарды бөлуді қажет ететін бәсекенің шиеленесуі. 70 – жылдардың басында жалпы әлемдік экономика жағдайы нашарлануының нәтижесінде көптеген компаниялар үшін дәстүрлі қайнар көздер жабық болып есептелді. Осы жағдайларда көптеген кіші, орта және ірі қорлардың өсіп жатқан саны негізгі қорлар лизингіне жүгінуге мәжбүр болды. Кейін әлемдік экономиканың өсу темптерінің кезеңінде компанияларға техниканы ол тозғанға дейін ауыстыру немесе модернизациялау қажеттілігі туынады. Мәселен, 70 жылдардың аяғынан 80 жылдардың аяғына дейін жабдықтарға жиынтық капитал салуындағы лизинг үлесі 15 – тең 32% дейін арттырды, Жапонияда – 4 – тең 8, ФРГ – 6 – дан 15. Ұлыбританияда – 8 – дең 33%.

Лизинг операцияларының негізгі көлемі үш континентте шоғырланған: Солтүстік Америка, Азия және Еуропа, олардың үлесіне 1997жылы барлық лизинг нарығының (“London Financial Group”

мәліметтері бойынша) 93,5% Солтүстік Америка – 41,3% 177 млрд. долларға жуық көлемімен АҚШ үлесі әлемдік лизингтің 40% жуығын және солтүстік американалық лизингтің 95% астамын құрайды.

Ирландиядағы техника лизингінің жалпы көлеміндегі үлестік салмағы барлық инвестициялардың 45% құраса, Германия мен Францияда 20%-ға да жетпейді, Англияда – 30% кем, Италияда – 15, ал Ресейде – барлық инвестициялардың 2,5% кем. Ирландиядан лизинг дамуы бойынша Еуропаның басқа мемлекеттері де едәуір қаłyп қалған.

Бұл Ирландияда мемлекет ауылшаруашылық техника лизингінің дамуын экономикалық шаралар арқылы ынталандыратынымен түсіндіріледі. Мемлекет лизингке берілетін көліктердің 20% мөлшерінде салықтық жеңілдіктер береді, ал ол өз кезегінде лизинг операцияларын қаржыландыру үшін корпорациялардың ақша қаражаттарын тартуға өз ықпалын тигізеді.

Ирландия лизингінің жалпы көлеміндегі ауылшаруашылық лизингінің үлесі бойынша Ирландия Еуропада Швециядан кейін екінші орын алады, Ирландияда елдегі жалпы инвестициялар үлесі – 8%, Швецияда – 10%, Англияда – 3,6%, Францияда – 3,2%, Испанияда – 3,1%. Ауылшаруашылық лизингінің одан да төмен көрсеткіштері қалған европалық елдерде байқалады.

Лизинг операцияларының ірі көлемдерін қаржыландыратын ірі қаржылық корпорация “ДЕ Кэпитая Удчестер” лизингті ұйымдастырып қаржыландырудың тәжірибесі көп қызығушылық тудырады. Ол ірі европалық қаржылық өнеркәсіптік корпорация “Дженерал Электрик” ирландық филиалы болып табылады.

Корпорацияның жалпы айналымы 1 млрд. фунтов (1,2 млрд. доллар) жылына құрайды, штат – 600 адам, оның Ирландияда 11 филиалдары бар.

Негізгі айналым автокөліктерді сатып алуға тиеді, бірақ аграрлық секторды қаржыландыру 80 млн фунт (92 млн доллар) жылына құрайды, олардың ішінде 60-ден 70% ауылшаруашылық техника лизингіне келеді. Бұл Ирландия сияқты кішкентай мемлекеттің фермерлері жыл сайын бір қаржылық коorporация арқылы лизингке 50-60 млн фунтке (58-70 млн долларға) техника сатып алатынын көрсетеді. Лизингтің негізгі объектілері болып тракторлар, комбайндар, және өзге де көліктер табылады. Олар Ирландияға “Джон Дир”,

“Класс”, “Масей Фергюсон”, “Форд” және т.б. фирмалары арқылы енгізіледі.

Көліктерді лизинг бойынша сатып алуда қажеттілік туындаған кезде фермерлер компания дилерлеріне жолданады, ол оларға осы тапсырыс туралы айтады. Коorporацияның қызметкерлері фермерге барып, оның қаржылық жағдайын, шаруашылық жағдайын, көлікті сатып алу себептерін, фермер кепілге қай мүлікті сала алатынын және т.б. зерттейді. Фермермен ол лизингке берілетін көлікті сатып алу бағасы келісіледі. Осы көрсеткіштер коorporация орталығына хабарланады және жедел түрде (әдетте бір тәулік ішінде) фермер тапсырысы бойынша шешім қабылданады.

Диллер фермерлермен лизинг бойынша көлікті жеткізу туралы келісім жасасады, одан кейін корпорациядан ақша алады да өндіруші фирмадан көлікті сатып алады және оны фермерге береді.

Лизинг мерзімі 2 – дең 7 – жылға дейін. Ол көліктің құнына байланысты қымбаттырақ техниканың лизинг мерзімі ұзагырақ болып табылады. Лизинг шартының әрекет ету мерзімі ішінде көліктер индекстеуге жатпайды, осы мерзімде нақты сату бағасына қараганда.

Техника лизингі шетелдерде кеңінен дамыды. Оның ерекшелігі ретінде лизинг операцияларын қаржыландыру бойынша банк капиталының қатысуы болып табылады. Нарықтық экономикасы дамыған елдерде мемлекеттік лизинг болмайды, бірақ мемлекет экономикалық шаралар арқылы коммерциялық банктердің осы мақсаттарда өзіндік және несиелік қаражаттардың тартылуын ынталандырады.

Біріншіден, барлық елдерде банктерге мүлікті лизингке беруге рұқсат берілген, яғни олар тікелей жалға берушілер ретінде әрекет ете алады. Нәтижесінде 60-70 жылдарда компанияларда ликвидті қаражаттар аса жеткіліксіз болғанда банктер осы құқықты пайдаланып жабдықтарды лизингке бере бастады.

Екіншіден, егер көптеген елдерде банктерге жарғылық капиталының 10% астам мөлшерде несие беруге тыйым салынса, лизингке осы шектеулер таратылмайды.

Үшіншіден, лизинг операциялары несие берудің нысандары болып табылатындықтан, және олардың негізгі мазмұны қаржыландыру (ен алдымен қаржылық лизинг) болатындықтан, банктер лизинг операцияларына міндетті қатысушылар және ұйымдастырушылары

былып табылады. Бүгінгі таңда бірде бір ірі операция банктердің қатысуының жүзеге асырылмайды.

АҚШ лизингтің тез дамуының факторларының бірі ретінде салықтық женілдіктер табылады: жеделдетілген амортизация және инвестициялық салықтық женілдік жаңа инвестициялар құнының 10–20% салық сомасынан алынып тасталған. Мысалы, жабдықты сатып алу шығындары 100 мың доллар тұрса, инвестиациялық женілдік 10% құрайды. Осы жағдайда 10 мың доллар салық сомасынан алынып тасталады. Лизинг шарты женілдікпен салық салу мақсатында жасалады, онда лизинг компаниясы меншік иесі ретінде болады, ал жалға алушы мүлікті оның қызмет етушінің барлық мерзімінде пайдаланбайды. Шын мәнінде, оларда шарттар лизингтік емес танылған сот істерінің көпшілік бөлігі мүлік экономикалық қызмет етудің барлық мерзімінде қолданылмайтын шарттар табылды.

АҚШ жасалатын лизинг шарттарының көпшілік бөлігі жалға алушылардың шарт мерзімі аяқталған соң олар пайдаланған мүлікті сатып алу құқығын көздей отырып жасалады. Бірақ лизинг мәмілесін жарамсыз деп тану үшін жалға алушы төлейтін сома осы мүлікті жалға беруші басқа тұлғага сатуы мүмкін бағаға тең болуы керек, яғни баға “әділетті нарықтық баға” болуы керек.

Австрияда лизинг келісім шартының негізгі мерзімі мүліктің экономикалық қызмет ету мерзімінің 40 – тан 80% құрайды, ал сатып алуға опцион құны опционды өткізу сәтіндегі мүлік құнына бара бар болуы керек. Егер лизинг келісімшарттының заты ретінде тұтынушы үшін ғана қажетті арнайы мүлік болса, онда экономикалық меншік иесі ретінде оны тұтынушы болады.

Ұлыбританияда лизинг 1970 жылдан кейін салықтық женілдіктер енгізген сәттен бастап дами бастады. Компаниялар олар жүргізілген салықтық жылды жасаған инвестициялардың 100% салық салынатын табыстан алып тастай алған. Осы женілдіктер ірі табыстылығы бар компаниялар үшін ғана елеулі болған, бірақ олар жалдаушылар үшін де жанама түрде қол жетімді болды. Компания салықтық женілдікке есеп жылды аяқталған кезде ғана қол жеткізе алған. Сондықтан, ол жылдың басында инвестициялар салса, осы женілдіктерді алу үшін белгілі бір уақыт күтүі керек болған.

Салықтық инвестиациялық женілдік ақысызы болған жоқ және жалға беру төлемдерге салықтар арқылы қайтарылып отырды. Бірақ,

ол дегенмен, пайызыз қарыз беру үшін мүмкіндіктер берді, ол орташа есеппен алғанда мұлік құнының 52% құраган, ол жалдаушы үшін лизинг құнына өз әсерін тигізді.

Германияда лизинг мүлкіне салық салу кезінде экономикалық көзқарас маңызды болып табылады. Қаржылық лизинг жағдайында мүлікке салынатын салықты жалға беруші төлейді, егер оны пайдаланудың қалыпты мерзімі жалға берудің негізгі мерзімінен едәуір көп болса.

Германия Еуропадағы лизинг қызметтерін нарығының дамуы бойынша ірі елдердің бірі болып табылады. Мәселен, 1996 жылы лизинг операцияларының жалпы көлемі 28437 млн ЭКЮ құраса, 1997ж. лизинг операцияларының көлемі 30803 млн ЭКЮ жетті, яғни 8,3% өсті.

Германиядағы лизинг компаниялары келесі салықтарды төлейді: капиталға салық (қоғамды құрган кездегі жарғылық капиталының немесе жарғылық капиталды арттырған кезде айырмасының сомасынан 1%); пайдаға салынатын салық (36% акционерлер арасында таратылған пайда мен 50% таратылмаған); жергілікті өнеркәсіп салығы (5% базалық ставка бойынша капитал мен пайдаға және таратылмаған пайда плюс капиталды 0,2% жуығы); қосылған құнға салынатын салық (ағымдағы ставка – 14%).

Сонымен, шетелдік тәжірибе көрсетін отырғандай, барлық елдерде мемлекет фермер шаруашылықтарының пайда деңгейін құдағалап отырады, олардың ішінде 70-80% техниканы сатып алу және пайдалану кезіндегі шығындарды өтеуге, ЖЖМ сатып алуға, минералды тыңайтқыштар сатып алуға, бөлшек заттар мен өзге де ресурстар сатып алуға жұмсалады да, сол арқылы ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасын қолдау және дамытуға ықпалын тигізеді. Ауылшаруашылық өнімдерге бағаларды бюджет есебінен тұрақты ұстап тұру арқылы, шаруашылықтарға техника мен мал біrlігіне төленетін тікелей төлемдерімен, әр түрлі субсидиялармен және т.б. қамтамасыз етіледі.

Ауылшаруашылық техника лизингін экономикалық ынталандыруында осы мақсаттарға коммерциялық банктер инвестицияларының жеңілдікпен салық салуы арқылы, лизингке берілетін техникамен өзге де мүлікке салынатын салыктың икемді үлесімен ынталандыруының рөлі ерекше болып табылады. Олар арқылы фермерлер лизинг алушылардың құқықтары қорғалады.

Демнің әр түрлі елдеріндегі лизинг қатынастарының дамуы лизинг туралы арнайы заңнама мен операциялар көлемі арасында арнайы байланыстың болмауын көрсетеді. Франция, Португалия, Италия, Испания, Бельгия және Швеция арнайы лизинг заңдарын шыгарған, онда лизинг алушы мен лизинг берушінің құқықтары бекітілген, олардың мүлікті өндірушілермен карым – қатынастары бекітілген, ал АҚШ, Германия, Ұлыбритания, Дания елдерінде олжоқ болады. Осында лизинг қатынастары әдеттегі коммерциялық құқық нормаларымен реттеледі. Осы жағдайда лизинг қатынастарының көлемі мен терендігіне ең алдымен макроэкономикалық жағдайлар әсер етеді: елдегі инвестициялық климат, салық салу және банк несисесінің деңгейі, инфляция темптері, бухгалтерлік есе жүйесі және т.б.

“Жалпы құқық” елдерінде – Англия, Австралия, Жаңа Зеландия лизинг алушылар мен лизингке берушілердің құқықтық қатынастарын реттейтін заңга тәуелді актілер ғана қабылданады. Олар лизинг затының құны мен лизинг қатынастарының субъектілеріне байланысты болады.

Ауылшаруашылығын мемлекеттік реттеудің шетелдік тәжірибесі Қазақстанда пайдалануға жарайтын көптеген пайдалы мәліметтерден түрады. Аграрлық секторды қаржылық қолдаудың көп жылдық тәжірибесі біздің елімізде осыған ұқсас шараларды қолданудың мысалы бола алады, бірақ оның табиғи климаттық жағдайларының ерекшеліктерін және шаруашылықтардың негізгі болігінің қаржылық жағдайын ескеріп отырады.

### **З тарау. НЕГІЗГІ ҚОРЛАРДЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЛИЗИНГІНДА МАССАЛАЛАРЫ**

#### **3.1 Қазақстан Республикасының ауылшаруашылық саласындағы техникалық деңгейін бағалау**

Саладағы негізгі қорды толықтыру динамикасын, өндірістік потенциал жағдайын, сондай-ақ қолданылатын техника мен технологиялардың ағымдағы деңгейін сипаттайтын статистикалық көрсеткіштердің негізінде ауылшаруашылық саланың даму деңгейін бағалау көрсетіп отырғандай, ауылшаруашылықтың 1990-2009 жылдардағы даму деңгейі қарама-қайшы екенін көрсетіп отыр. Бір жағынан оның әлсіздігін салада өндірілген өнім көлемінің жыл сайынғы абсолютті өсіміне қарамастан ГЖӨ ауылшаруашылық деңгейінің төмендеуі көрсетсе, екінші жағынан отандық ауылшаруашылығында өсімдік өсіру мал шаруашылығына қарағанда басым болып табылады, ал ол экономикасы дамыған елдердің тәжірибесіне сәйкес келмейді. Сондай-ақ ауылшаруашылық әлсіздігінің тағы бір көрсеткіші болып төлдік және тұқым берушілік орталықтар рөлін атқаруы көрек. мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорындар санының үнемі қысқаруы табылады.

Екінші жағынан, ауылшаруашылық құрылымдардың, солардың ішінде тек қана шаруа және фермер қожалықтарының емес, өнімнің ірі көлемдерін алуға бағытталған ірі тауарлық кәсіпорындардың, жалпы санының өсу тенденциясы позитивті екенін атап кеткен жөн. Сонымен қатар, 2005-2009 жылдары аралығында ауылшаруашылығындағы жалданбалы жұмысшылар саны артқаны атап кеткен жөн, себебі ауылшаруашылық ауылдағы тұргындарды жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді.

Осыған ұқсас тенденцияларды мал шаруашылығы бойынша да байқауға болады. 90-жылдардың ортасындағы дағдарыс көптеген позициялар бойынша құстар мен малдар өндірісінің дағдарыска дейінгі өнімділігіне оралуға мүмкіндік бермей отыр. Мысалы, ірі кара мал мен шошқалардың сойып өткізу салмағы 1990 жылға қарағанда томен болып табылса, қойлар мен ешкілердің сойып өткізу салмағы зерттеліп отырған уақытта өзгермеген. Осыған ұқсас жағдай құс өндірісінде де байқалады: жұмыртқалау деңгейі дағдарыска дейінгіден 5,3% томен. Жұн қырқу деңгейі де дағдарыска дейінгі

денгейден біршама төмен болып табылады. Есесіне 1990 жылмен салыстырғанда сүт сауу көлемі 17,4% артты.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының ауылшаруашылығында өнім өндірудің жиынтық көлемі есіп жатыр.

Саладағы жиынтық шығару 70% астам болып табылады, ол саланың жиынтық қосылған құнының есесінен өсіп отыр. Қарастырылып отырған кезеңде 55%-дан 62%-га дейін өскен. Саладағы негізгі капиталды қалпына келтіруге бағытталған ЖҚҚ үлесі қысқартылып жатыр және жылдық есеппен 2008 жылы 10%, 2004 жылы 13% құраған. Осылай қарама-қайшы динамика ең алдымен секторлар капиталды сырттан тартудың үлесі өз қаржаттарын пайдаланудан гөрі артық екенін көрсетіп отыр.

Осы процесстің қаржылық емес секторлардың корпорацияларына және үй шаруашылығы секторларына жататын ауыл шаруашылық субъектілерінің мысалы негізінде талдауы қаржылық емес секторлар саны үй шаруашылығы секторларынан кем екенін көрсетіп отыр. Бірақ ол негізгі капиталды тұтыну бөлігінде қалыптасқан тенденцияларды көрсетіп отыр: атап айтқанда, өнімді жиынтық өндіру өскен кезде ВДС үлесі 40%-дан 60%-га артып отыр, сондай-ақ негізгі капиталды тұтынуға бағытталған ВДС азайған 13,4%-дан 11,4% -га дейін.

Керісінше, үй шаруашылықтарының секторы осы тенденцияларды біршама көрсетпейді. Себебі, онда жиынтық шығарылым көбеюінің салдарынан ЖҚҚ үлесінің 5,7% төмендеуі және құрылымдық бөліктердегі негізгі капиталды тұтынуының 0,6% артуы көрініп отыр (5-кесте).

Жалпы алғанда, осылай тенденциялар логикаға сай келеді: заңды тұлғалар капиталды шығындар жасау үшін түсім мен қосылған құнның артуы жағдайында сырттан тартылған қаржаттарды жұмсауға ынталы болып табылады. Сонымен бірге, үй шаруашылықтары осылай қаржаттардан тәуелді болғысы келмегендіктен, құнды жиынтық қосуды төмендету жағдайында негізгі капиталды қалыптастыру кезінде өзіндік капиталға негізделгендері жақсы көреді.

Қазақстан ауылшаруашылығының өндірістік потенциалын бағалаімыз (6-кесте), одан көрініп отырғандай, барлық көрсеткіштердің динамикасы оң болып сипатталуы мүмкін. Атап айтқанда, негізгі қорлар құннының бір бөлігі 3 есе құраса, негізгі қорларды

жаңарту коэффициенті 4 есеге жуық өсті, негізгі қорлардың тозу коэффициенті шамамен 3 есеге жуық төмендеді, негізгі қорларды жою коэффициенті барлық мерзімде өзгермеген болып есептелді. Осындай динамика өз жақтауын орта және ірі ауылшаруашылық кесіпорындардың бағалау сипаттамаларында да табады.

6-кесте – ауылшаруашылықтың жыныстық шығарылу динамикасы, соның ішінде, қаржылық емес коorporациялар мен үй шаруашылықтарын қосқанда

Жыл	Шыгару	соның ішінде ЖҚҚ		Соның ішінде негізгі калилтады пайдалану	
		млн. теңге	млн. теңге	%	млн. теңге
ауыл шуарышылығында					
2004	752284,8	412329,8	54,8	53045,5	12,9
2005	843550,8	477445,0	56,6	60077,3	12,6
2006	1048883,2	554064,5	52,8	67429,9	12,2
2007	1173568,0	717000,7	61,1	94582,1	13,2
2008	1353749,0	840815,4	62,1	85055,6	10,1
каржылық емес сектордағы коorporациялар					
2004	363765,8	144151,1	39,6	19362,2	13,4
2005	310504,8	156995,2	50,6	21852,6	13,9
2006	461294,2	230404,6	49,9	28062,2	12,2
2007	501655,1	297178,7	59,2	36452,3	12,3
2008	573033,4	338516,9	59,1	38496,8	11,4
үй шаруашылық секторы					
2004	349432,6	244602,8	70	16469,1	6,7
2005	489409,7	293706,6	60	18862,1	6,4
2006	541678,1	298397,6	55,1	23038,5	7,7
2007	610320,1	382920,8	62,7	33459,2	8,7
2008	718272,7	461516,2	64,3	33716,5	7,3

Барлық мәндер аз мөлшерде өзгергенімен позитивті динамикаға ие екенін атап кеткен жөн. Мәселен, негізгі қорлардың өсуі 2,8 есе құраған, жаңғырту коэффициентінің өсуі – барлығы 8,6%, ал тозу коэффициентінің төмендеуі – 10%. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығының осы секторы өз қызметтің етеген жабдықтарды есептен шығару бөлігінде белсенді екенін атап кеткен жөн: мерзім ішіндегі жою коэффициентінің жылдық коэффициенттері жоғары болды, ал оның өсуі 0,7% құрады.

**7-кесте – Отандық ауыл шаруашылығының өндірістік потенциалы, соның ішінде, ірі және орта кәсіпорындар бойынша жекелеп алғанда**

Көрсеткіштер	жыл					ауытқу, %
	2004	2005	2006	2007	2008	
<b>ауыл шаруашылығында</b>						
<b>Негізгі қор, млрд. тенге</b>	329	369,5	486,3	603,7	1005,3	305,6
<b>жанғырту коэффициенті, %</b>	8,6	8,6	60,7	18,5	41	32,4
<b>жою коэффициенті, %</b>	0,8	0,8	0,8	0,6	0,7	-0,1
<b>тозу коэффициенті, %</b>	30,6	32,2	29,8	16,4	10,8	-19,8
<b>Соның ішінде ірі және орта кәсіпорындар</b>						
<b>Негізгі қор, млрд. тенге</b>	103,2	146,2	173	217	287,7	278,8
<b>жанғырту коэффициенті, %</b>	15	15,3	12,1	21,4	23,6	8,6
<b>жою коэффициенті, %</b>	1,7	1,9	2	1,5	2,4	0,7
<b>тозу коэффициенті, %</b>	39	41,5	40,1	36,2	29	-10

4 және 5-кестелерден кіші кәсіпорындар секторы (яғни шаруа және фермер қожалықтарының) негізгі капиталды жанғырту және құнын арттыру бөлігінде белсенді екенін көрсетіп отыр, себебі оған негізгі қорлардың 2008 жылдың аяғындағы жағдайы бойынша  $\frac{3}{4}$  құрайтыны көрніп отыр. Оnda тозу коэффициенті 10% болса, жаңарту коэффициенті 50% қарай жетуге тырысады.

Олардың негізгі қызметі болып ауыл шаруашылығы табылатын ірі және орта кәсіпорындардың негізгі қорлар құрылымына көз жүгіртейік (8-кесте).

**8-кесте – Негізгі қызметі ауыл шаруашылығы болып табылатын ірі және орта кәсіпорындардың негізгі қорлары**

Көрсеткіштер	2004 ж.	2005 ж.	2006 ж.	2007 ж.	2008 ж.
Барлық негізгі қор	100,7	143,1	169,8	214,3	283,9
Соның ішінде					
гимараттар, %	20,3	19,1	14,2	13,3	12,1
үй жайлар, %	11,5	10,1	13,9	10,5	7
көліктер мен жабдықтар, %	49,2	51,3	64,8	70,4	73,2
өзге де негізгі қорлар, %	19	20,5	7,1	5,8	7,7

Кестеден көріп тұргандай, ауылшаруашылық кәсіпорындар негізгі қорларының негізгі белігі олардың үlestік салмағы кәспорынның барлық негізгі қорларының  $\frac{3}{4}$  құрайтын көліктер мен жабдықтарға келетіні көрініп отыр, ары қарай ғимараттар, өзге де негізгі қорлар мен үй жайлар келеді. Бұнда өткен мерзімде кәсіпорындардың негізгі қорлар құрылымында белгілі бір өзгерістер болып кеткенін атап кеткен жөн: 2004 жылдың көліктер мен жабдықтар негізгі қорлар құрылымына 49% орын алған.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы кейбір түрлердегі ауылшаруашылық техниканы өз бетімен өндірудің белгілі бір потенциалына ие екенін көрсетіп отыр. Төменде көрсетілген кестеден көрініп отыргандай, кем дегенде он отандық көлік құру кәсіпорындары шамамен 20 атаулы ауылшаруашылық мақсаттардағы техниканы шығарумен айналысады (9 кесте).

Сонымен қатар, алты қазақстандық көлік құру кәсіпорындары Беларусь, Украина және Ресей Федерациясы кәсіпорындарымен бірлесе отырып ауылшаруашылық мақсаттардағы техниканы шығаруды жолға қойған. Осы кәсіпорындарда “ауыр” техника шығарылады: дөңгелектік және шынжыртабанды тракторлар, бидай жиһайтын комбайндар және егістік кешендер.

Ауылшаруашылық техника өндірудің жеткілікті дәрежеде маңызды потенциалы болғанымен, оны өндіру көлемдері өте төмен болып табылады. Кестеден көрініп отыргандай, өнімнің кейбір түрлерін өндіру жылдар бойынша өте тұрақсыз болып табылады, ал кейбір тауарлық позициялар бойынша тұрақтатылған (егушілер, орушылар, жемтіктер дайындау бойынша көліктер), ал тауарлардың кейбір түрлерін өндіру даналық болып табылады: мысалы, 2008 жылы барлығы 6 дана соқа мен тырма өндірілген болса, тракторлар – 244 дана, өндірістің осы күндегі деңгейін он есе астам тұтыну деңгейінде.

Сонымен қатар, ауылшаруашылық көлік құру саласындағы өндірістік қуаттар шын мәнінде тұрып тұрганын атап кеткен жөн. Мәселен, трактор техникасын өндірген кезде қуаттарды пайдалану коэффициенті 17,4% құраса, соқа, тырма, шалғы өндірілген кезде – 0-0.5% құрайды.

Қазақстандағы ауылшаруашылық көлік өндірісі нарықтық өзгерістер кезеңінде жойылып кеткенін атап кету керек, себебі 1990

**жылдағы ауылшаруашылық өнім өндіру көлемдерін жүзеге асыру өндірістің қазіргі замандағы деңгейінде мүмкін емес.**

**9-кесте – Қазақстанның көлік құру кәсіпорындары және олар шығаратын ауылшаруашылық өнімнің түрлері**

Кәсіпорынның атауы	Өндірілетін техника
<b>ЖШС “Ауылшаруашылығын механизациялау және электрификациялаудың ФЗИ”, Қостанай қаласы</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– дестелегіштер – тіркемелі үйінділі ЖВП-9,1 және тікелей комбайндау үшін ауқымы кең</li> <li>– ПОВЗ-50М, А3-10С бидай тазалау көліктері,</li> <li>– жер өндіре құралдары,</li> <li>– сепкіш-культиватор және т.б.</li> </ul>
2009 жылдың 18 қазанында кепкен аймақтарда (ИКАРДА) аграрлық зерттеулер халықаралық Орталығымен Меморандумга қол қойылды. Оның мақсаты бірлескен зерттеулер жасау саласында, технологиялар трансферті және аграрлық секторда ғылым – білім тарату саласында құштерді біріктіру.

АҚ “ҚазАгроИнновация” инновациялық саясаты тиімді бәсекеге қабілетті агроенеркесіп өндірісін қалыптастыру қажеттілігімен анықталады. Ол елдің азық – тұлік қауіпсіздігін қамтамасыз тегу ықпалын тигізуі, жаңа білімдер мен тиімділігі жоғары инновациялық ету технологияларға негізделуі керек.

АҚ “ҚазАгроИнновация” инновациялық саясатын келесі бағыттарға сәйкес жүзеге асырады:

1. Бірінші бағыт – аграрлық саланың жоғары деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге және жобаларды тиісті түрде және ірі масштабтарда жүзеге асырған кезде елеулі табыстар әкелуі мүмкін болып табылатын ғылыми-зерттеу институттары мен ғылыми шығармашылық ұжымдар өнертабыстарына негізделген жаңа технологияларды қолдау.

2. Екінші бағыт – шетелдік қатысушылармен бірлескен зертте лімдерді ұйымдастыру, отандық және шетелдік лицензияларға негізделген бәсекеге қабілетті қазіргі заманғы өнім өндіру және нарыққа жеткізу.

3. Ушінші бағыт – шетел тәжірибесін қолдану, ол қазақстандық ғылыми және инновациялық потенциал болмаған салаларда жүзеге асырылады.

Елбасы тапсырмаларының шегінде қазақстандық Израиль аграрлық зерттеулер қорын құру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Ол аграрлық саясат пен мемлекеттердің аграрлық өндірісі дамуын агротехнологиялар мен білімдерді беру (трансферттер) арқылы жүзеге асырылады.

АӨК ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілетті артықшылықтарын талдау негізінде іріктелген өсу пункттері бойынша жетекші халықаралық ғылыми орталықтармен бірлесіп (Австралия, Израиль, Оңтүстік Корея, Аргентина және т.б.) бидайдың қуанышылыққа, тұзға тәзімді сұрыптарын өндіру, картоптың вируссыз сұрыптарын өндіру, ылғал ресурс үнемдеуші технологияларды енгізуі бойынша бірлескен зерттеулер жүгізіліп жатыр.

Барлығы агроөнеркәсіп кешенінде 65 секторлар мен подсекторлар бар. Олардың ішінде, бастапқы кезең барысында ауылшаруашылық министрлігімен талдау үшін іріктелгені – 49. Дұрыстап, реттеп талдау кезінде сыртқы сараишшылардың пікірлерін ескере отырып, басымдығы жоғары болып табылатын 15 сала іріктелген. 8 ең басым салалар бойынша (көкөніс өнімдерін өндіру; сүт және сүт өнімдері өндірісін дамыту; қант қызылшасынан ақ қанты өндіру және оны дамыту; май өнімдерін өндіруді дамыту; құс шаруашылығын, құс етін өндіруді дамыту; бидай өндіруді және оны терең қайта өндеуді дамыту; ет және ет өнімдері өндірісін дамыту; жұнді өндіру, экспорттау және оны терең қайта өндеу) ұтымды жоспарларды өндіру басталды. Осы басым бағыттар ішкі нарықты максималды түрде қамтамасыз етуге және ауылшаруашылық өнімнің экспорттық потенциалын дамытуға бағытталған. Бұнда негізгі акцент ауылшаруашылық өндірісінің басым салаларын ғылыми-техникалық қамсыздандырылуына жасалады. Отандық технологияларды комерцияландыру мүмкіндігі институттардың жүйесінің дамымағандығымен және сәйкес инновациялық және сервистік инфрақұрылымдарының болмауымен, коммерциаландыру үшін жаңа идеялардың шектелген болуымен, елеулі көлемдегі тәуекелденген инвестицияларда қажеттіліктермен, интеллектуалдық меншік саласындағы проблемалардың бар болуымен шектелді:

Агротехника трансферті және коммерциаландыру орталығы (АТКО) халықаралық консалтингтік компанияларымен бірлесе отырып жүргізген талдауы АӨК масштабты модернизациясына және өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы саласында өнім өндіруде жаңа қазіргі заманғы технологиялар тартуға аса қажеттілікті көрсетті:

- Қазақстанның өсімдік шаруашылығы көптеген негізгі технологиялық бағыттар бойынша елеулі түрде қалыс келеді: ең үлкен

қалыс тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғау, суару жүйелерін қолдану саласында байқалады;

- Қазақстанның мал шаруашылығында қазіргі заманғы технологиялар жоқтың қасы деп айтуда болады: ең көп қалыс малды ұстау жүйелерінде, жем коспаларын қолданғанда байқалады;

- Қазақстандағы ауылшаруашылық өнімін қайта өндіре денгейі ете төмен, өнім өнімділігінің деңгейі бойынша олар дамыған елдерден артта қалады, ол өндірістік және басқарушылық технологияларды тиісті дәрежеде қолданбау салдары болып табылады.

Аграрлық ғылым жүйесінде “ғылым – инновация – өндіріс” жүйесінің өзара әрекеттесуі тиімді болып табылуы үшін басқару жүйесін жетілдірудің келесі кезеңін жүзеге асыру жоспарланып отыр. Ауыл шаруашылығы үшін отандық технологияларды коммерциаландыру мүмкіндіктері НИОКР нәтижелерінің сапасы мен идеялардың қажетті көлеміне байланысты болып табылады. Осыған байланысты АҚ “ҚазАгроИнновация” алдында Ғылыми зерттеу институттарының қызметін күштейту және білімдер мен технологияларды өндіріске ауыстыру үшін қажетті механизмдер мен құралдар жасау міндетті түр. Мәселен, ғылыми-зерттеу институттары мен тәжірибелік – өндірістік шаруашылықтардың жұмысын F3ТКЖ сапалы нәтижелерін алуға, сондай-ақ технологияларды жетілдіру және адаптациялау мәселелеріне, АӨК білімдерді беруге бағыттауды жоспарлап отырмыз. Ауылшаруашылық тауар өндірушілерді ары қарай акцентті инновациялар енгізуі қолдауға ауыстыру арқылы қолдаудың мемелеттік бағдарламасы қайта қаралады. АӨК инновацияларды ынталандыру механизмдерінде маңызды рөл мемлекеттік реттеу шараларына беріледі. Ағымдағы жылдан бастап бидай өнімдерін өндіру кезінде ылғал ресурс унемдеуші технологияларды пайдаланатын ауылшаруашылық тауар өндірушіге субсидияларды екі есе арттыру қолданылған. АӨК субъектілеріне мемлекеттік қолдауды көрсетуде осындай көзқарастар олар ғылыми негізделген технологияларға ауысқан жағдайдағанда ауылшаруашылық министрлігі ауылшаруашылық өндірістің барлық бағыттары бойынша, соның ішінде мал шаруашылығында көрсетуге мүдделі. Осындай көзқарас АӨК технологиялық даму жүйесін қалыптастыруға және оны инновациялық жолға ауыстыруға мүмкіндік береді. Ауылшаруашылық өндіріске аграрлық ғалымдардың ғылыми жетістіктерін

енгізу бойынша жұмыс алға қойылған. Солтүстік бидай өсіруші облыстарда қазақстандық селекциядағы бидай сұрыптарының үлесі соңғы төрт жылда орташа есеппен алғанда 25% дан 50-70% дейін артты. Ағымдағы жылы отандық селекциядағы мақта үлесі егістік алқаптардың 75% алды, ал алты жыл бұрын мақта өндірісінде тек қана өзбек ылғалунемдеуши технологиялары қолданылған. Қазақстанның солтүстік облыстарында 10,9 млн. га аумағында немесе барлық бидай танабының 63%, ал 2003 жылы осы технология 1,0 млн.га ғана аумағында қолданылған. Мал шаруашылығы саласында ғалымдармен өнімділігі жоғары асыл тұқымды ірі қара мал санын көбейту бойынша ірі масштабты селекцияны өткізу жұмысы басталды. Еңбек мотивациясын қүшейту үшін селекционерлер ғалымдарға еңбек ақы төлеу жүйесі, яғни ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің ауылшаруашылық дақылдар мен ауылшаруашылық мал төлдерін пайдаланғаны үшін роялти жүйесі қалыптастырылып жатыр. Ауылшаруашылық тауар өндірушілердің алдыңғы қатарлығының жаңалықтарға қол жеткізілуін қамтамасыз ету мақсатында 2008 жылдан бастап “ғылым – енгізу – өндіріс” тізбегіндегі маңызды және ажырамас белгілі перспективалы отандық және шетелдік зерттегемелерді қолданудың оң тәжірибесіне негізделген жаңа зерттеулер тарату орталықтары қызмет ете бастады. Соңғы екі жылда АӨК саласында білімдерді тарату бойынша төрт орталық құрылған (Ақмола, Алматы, Қостанай және Оңтүстік Қазақстан облыстарында), оларда бүгінгі таңда 79 ғылыми – практикалық семинарлар өткізіліп, 1700 астам ауылшаруашылық өндірісінің мамандары оқытылған. Келешекте елдің басқа аумақтарында білім беру желілерін елеулі түрде көнегейту жоспарланып отыр. 2009 жылы АҚ “ҚазАгроИнновация” ғылыми зерттеу институттарымен 144 қорғау құжаттары алынған, соның ішінде:

- 12 патентселекциялық жетістіктерге және 15 инновациялық патенттер жер өндеу және өсімдік шаруашылығы саласындағы жетістіктерге;
- 52 инновациялық патент өнертабысқа және мал шаруашылығы мен ветеринария саласындағы селекциялық жетістіктерге 2 патент;
- ауылшаруашылық өнімді қайта өндеу саласындағы өнертабысқа 20 инновациялық патент;
- табиги ресурстарды пайдалану саласындағы өнертабысқа 20 инновациялық патент;

—өнертабысқа 21 инновациялық патент және ауыл шаруашылығын механизациялау және электрификациялау саласында пайдалы мөделге 2 патент.

2010-2012 жылдарға АӨК дамыту, тамақ өнеркәсібі салаларын дамыту, мемлекеттік қолдау жүйесі Қазақстанда және басқа елдерде АӨК еңбек ресурстарын дамыту құрылымы мен тенденцияларының болжамы бойынша 6 кеңестер мен ұсыныстар жасалған. Сондай-ақ, балық шаруашылығында 3 нұсқаулар жасалған.

2009 жылы отандық селекцияның макталары егіс алқаптарының 75% алған. Осыған ұқсас нәтижелер дақылдардың басқа түрлері бойынша да беріледі.

2009 жылы АӨК саласында білімдер беру жүйесін қалыптастыру бойынша жұмыс жалғастырылған. Мәселен, білім беру орталықтарының саны 4 -ке дейін жеткізілген, оларда жылдың басынан 80 ғылыми-тәжірибелік семинарлар жүргізілген.

Ғылыми-техникалық инфрақұрылымды дамыту бойынша шаралар қабылданды, өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы бойынша қазіргі заманғы лабораториялық кешендер қалыптастып жатыр, селекциялық жылыжай кешендерінің құрылышы басталды, жайлар мен ғимараттардың модернизациясы жүзеге асырылып жатыр, селекциялық тұқым егу техникасы сатып алынып жатыр.

Агротехнологиялардың трансферті және коммерциализациялау орталығы (АТКО) құрылды, оның қызметі жаңа агротехнологияларды қолдау мен дамытуға бағытталған, соның ішінде мемлекеттік ресурстардың қатысуы бар ғылыми технологияларға негізделген жаңа компанияларды құру арқылы.

АТКО ветеринарлық тест әдістердің өнеркәсіптік қөлемдерінде және мал ауруларының қауіпті түрлерінің диагностикасы үшін препараттар өндірісін ұйымдастыру бойынша жобаны жүзеге асыру басталды.

Сонымен қатар, АҚ “ҚазАгроИнновация” 2009 жылы ауылшаруашылығы саласында жоғары маманданған мәліметтік, аналитикалық және кеңестік қызметтерді беру мақсатында АӨК экономикалық саясаттың аналитикалық орталығы құрылды. Бұғынгі таңда орталық ауылшаруашылығының бес басым салалары бойынша аналитикалық зерттеулер жасап, сәйкес ұтымды жоспарлар жасаған.

АҚ “ҚазАгроИнновация” білім беру жүйесін дамыту бойынша департаментінің қызметіне келетін болсақ, департаменттің

негізгі міндеттері болып агроенеркесіп кешені саласында білім беру жүйесін дамыту, білім беру бойынша бағдарламаларды тиімді басқаруды қамтамасыз ету, аграрлық кадрларды дайындау тиімділігін арттыруға көмектесу табылады.

2008 жылдың тамыз айынан бастап “Шортанды” (А.И.Бараев атындағы бидайшаруашылығының Қазақ Фылыми – Өндірістік Орталығының негізінде) және “Қостанай” (Қостанай ауылшаруашылық ФЗИ негізінде) АӨК саласында білім беру орталықтар қызмет ете бастады.

2009 жылдың ақпан айында Алматы облысының Қарасай ауданында “Үшқоңыр” білім берудің әдістемелік Орталық (Қазақ жер өндеу және өсімдіктану ФЗИ негізінде).

2009 жылдың 23 қазанында онтүстік және өңірлік батыс аймагы үшін “Тассай” білім беру орталығы ашылды. Келешекте барлық БТО инфрақұрылымдарын дамыту және қүшету жоспарланып отыр. Ол алдыңғы қатарлы шетелдердің білім беру жүйелерін үксас қылыш жүзеге асырылады, ол көп өлдерде мықты және жүйелік негізге қойылған.

2009 жылдың наурыз айынан бастап Департамент 057 бюджеттік бағдарламасын фермерлер мен ауылшаруашылық тауар өндірушілер үшін оқыту семинарларын ұйымдастыру және өткізу бөлігінде “АӨК субъектілерін ақысыз негізде мәліметтермен қамтамасыз ету” жүзеге асыруды координациялады.

АӨК саласында білім беру орталықтарында 2009 жылдың аяғына дейін 65 семинарлар өткізіліп, 1300 астам тындаушылар оқытылды.

2009 жылдың қыркүйек айынан бастап Департамент 056 бюджет бағдарламасының “Ауылшаруашылық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру” жүзеге асырылуын, білім беру жүйесінің негізінде ауылшаруашылығын даму мәселелері бойынша семинарларды ұйымдастыру және өткізу бөлігінде координациялады. БТО негізінде НИО жанынан Қазақстанның әр түрлі аймақтарында 9 семинар, Экстеншин жүйесін дамыту бойынша бір респубикалық семинар – кеңес өткізіледі, Экстеншин жаттықтырушулылары және бейнероликтер үшін әдістемелік нұсқаулар шығарылады.

Ағымдағы жылдың басында “Қазақстан фермерлер одагы” Республикалық қоғамдық бірлестігімен өзара тиімді ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. Осы бағдарлама шегінде

семинарларға қатысуға фермерлерді бірлесе отырып тарту және серіктестік туралы, сондай-ақ Қоғам және фермерлік қызмет субъектілерінің құштерінің консолидациясы 057 бюджет бағдарламасын игеру тиімділігін арттыру кезінде.

Ауылшаруашылық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру Жобасы шегінде Экстеншн жүйесі үшін жаттықтыруышыларды дайындау кезінде қоғам жоба бойынша сараптамалық топты құруды ұсынды, оған “Қазақстан фермерлерінің Одағы” Республикалық – қоғамдық бірлестігі енді.

“Қазақстан АгроОдағы” занды тұлғалар бірлестігі. Сараптама тобының жұмысы АӨК саласында қоғамдық ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді, сондай-ақ Экстеншн жүйесін дамыту 2010 – 2016 ж.ж. Стратегиясын дайындаған кезде диалог алаңқайы болып табылады.

Қазірғі кезде АҚ “ҚазАгроИнновация” ФЗҚ 60 ғалымдар мен манадар “Жаттықтыруышыларға арналған тренинг” курстарын етті, олар білім тарату және беру бойынша бюджет бағдарламаларын жүзеге асыруға қатысады.

“Фылым-білім беру, кадрлар дайындау” интеграциясын дамыту және аграрлық ғылыми кадрларды дайындау сапасын жақсарту мақсатында АҚ “С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетімен (Астана қаласы, РМҚК “Қазақ үлттық аграрлық университетімен” (Алматы қаласы), А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетімен (Қостанай қаласы) және М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетімен (Шымкент қаласы) меморандумға қол қойылды.

Қоғамның ғылыми-зерттеу институттарының қызметі туралы халықтың хабардар болуын арттыру мақсатында “Хабар”, “Астана”, “Қазақстан” телеарналарымен Қоғамның “Хабар Жер”, “Агробизнес” және т.б. телебағдарламаларға қатысу мәселесі талқыланып жатыр.

Сонымен қатар, жергілікті атқару органдарымен бірге кепілденген өнімдер мен малдардың өнімділігін арттыру бойынша шаруашылық субъектілерде шараларды ғалымдар (технологиялар, сұрыптар, түрлер, көліктер жүйелерінің авторлары және т.б.) ғылыми – кеңестік араласуы мақсатында Қоғамның ФЗИ қатысуымен аграрлық өндірісті жүргізуудің алдыңғы қатарлы тәжірибесін ендіру мен таратуды тез-

детуге бағытталған 019 “Инновациялық бағдарламаны тарату және енгізу бойынша шараларды жүзеге асыру” бюджеттік бағдарламаны қалыптастыру бойынша жұмыстар жасалып жатыр.

2009 жылдың 1 шілдесінде аграрлық ғалымдардың Қытай Академиясының өкілдерімен АШМ, ҚАЙқатысуымен кездесу болды. Оның нәтижесінде АҚ “ҚазАгроИнновация” және Қытай аграрлық ғалымдар академиясының арасында Меморандумға қол қойылды. ҚХР ауылшаруашылық бағытындағы FЗИ ФБИ жас ғалымдардың машиқтану тәжірибесінен оту мәселелері қарастырылып жатыр.

Сондай-ақ, “Ушқоның” Орталығының оқу аудиториялары мен көрсету аланқайларын Қытай Халық Республикасының ауыл шаруашылық министрлігімен бірлесіп қамсыздандыруы жоспарланып отыр. Оnda ҚХР ауылшаруашылық колік құру, ылғалунемдеу什і технологияларды, жылышай шаруашылығы, ветеринария және мал шаруашылығының ауылшаруашылық өнімдерін сақтау және қайта өндеу бойынша жетістіктері көрсетіледі.

АҚ “ҚазАгроИнновация” ғылыми зерттеу институттарымен АӨК әр түрлі бағыттары бойынша 50-ден астам бағдарламалары жасалған. Осы бағдарламалардың әрқайсысы үшін семинарлар мен тақырыптар ерекшеліктеріне байланысты жауапты жаттығушыларымен FЗИ белгіленген.

Өзекті мәселелердің бірі Экстеншн жүйесінің мәліметтік кеңістігін, жарнаманы, маркетингтік қызметтер саласын кеңейту болып табылады. Оларды шешу үшін АҚ “ҚазАгроМаркетингпен” бірлескен жұмыстар жүргізіліп жатыр, атап айтқанда, ҚАМ сайтында семинарларды өткізу кестелері, “АгроЖаршы” газеті мен “Фермер анықтамасы” анықтамалық бюллетенінде көрсетіледі. Тараптар АӨК саласында білімдерді тарату жүйесі тиімді қызмет етуін арттыру үшін күштерін біріктіреді.

Білім тарату жүйесі қызметін жетілдіру үшін төмендегілер бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр:

- орталықтардың өнімдері нарығының сыйымдылығын және жалпы жүйені дамыту перспективаларын анықтау үшін білімдерді потенциалды пайдаланушылар мен тұтынушылар арасында ауқымды маркетингтік зерттеулер жүргізу;

- Extension жүйесінің он лайн құралы ретіндегі электрондық ітапхананы құру;

- “Қазақстандағы AGRO-EXTENSION” электронды журналын құру;
- Қазақстанда білім беру жүйесінің қазіргі заманғы жағдайын институционалды зерттеуді және оның даму форматын зерттеу, сондай-ақ бес жыл перспективасында экономикалық тиімділігін бағалау;
- АӨК және агробизнестің шаруашылық субъектілерімен ақылы шарттық негізде ғылыми және экономикалық кеңес беру базасына негізделген бизнес кеңес беру жүйесін жасау.

АгроОнеркәсіп өндірісінің тиімділігін, оның өнімдерінің әлемдік және отандық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру маңызды міндет болып қалады. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында 300 мыңдан астам шаруашылық субъектілері тіркелген. Олардың басым көшілігі аграрлық сектордың әр түрлі салаларында жұмыс жасайды, көбі республиканың Оңтүстік – Батыс аймақтарында орналасқан.

Сонымен қатар, ауылшаруашылық кәсіпорындардың одан ары дамуы, олардың қызметінің тиімділігін арттыру көбінесе шаруашылықты басқаруды дұрыс ұйымдастыруға, алдыңғы қатарлы агротехнологияларды және ғылыми негізделген әдістерді пайдалану мен енгізуге байланысты болып отыр. Білім тарату жүйе бойынша осы міндеттерді шешу кезінде стратегиялық маңызды рөл атқарады.

АӨК білім тарату жүйесін құру негізіне “Extension System” моделі салынған, ол әлемде кең таралған және АӨК әрекет етуінің кәсіпкерлер мен ғылыми-зерттеу ұйымдарының өзара әрекет етуінің тиімді механизмдерінің бірі болып табылады.

Білім тарату жүйесінің миссиясы:

– агроОнеркәсіп кешенінің мамандарын, фермерлерді және ауылшаруашылық тауар өндірушілерді жоғары технологиялық қазіргі заманғы технологиялар мен жабдықтарды қолданудың практикалық дағдыларын үйрету;

– агроОнеркәсіп кешені кәсіпорындарының арасында аграрлық ғылымның алдыңғы қатарлы технологиялары туралы, аграрлық техника мен технологиялардың жаңа үлгілері туралы мәліметтер тарату.

Білім тарату жүйесінің мақсаты: төрт парадигмалардың өзара әрекеттесуі жолымен ауылшаруашылық өндірісін ұйымдастыруға көзқарастарды өзгерту: кеңес берушілік жұмыстары, технологиялар

трансферті, адами капиталдың дамуы және аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, білім тарату жүйесі АӨК технологиялық процесстермен қатар, АӨК субъектілері үшін (фермерлер) тікелей пайда әкелуге қабілетті. Мәселен, Үндістанда 1999-2003 ж.ж. аралығында Экстеншн жаңартылған жүйесінің негізінде әр түрлі ауылшаруашылық дақылдарды өсіру аумағы екі есе артты, сондай-ақ өнім алу қөлемі де артты. Фермерлердің орташа еңбек ақысы 25% есті, ал олардың әлеуметтік жағдайын жақсартты.

Сондай-ақ, Аргентинада Экстеншн жүйесі фермерлерді жаңа технологиялар мен техникаларды үйрету үшін ғана емес, ауылдағы кәсінкерлік мәдениеттің жалпы деңгейін арттыру үшін құрылды.

Осы бағытта Экстеншн жүйесін дамыту бойынша АҚ “ҚазАгроИнновация” АӨК әр түрлі деңгейдегі мамандардың біліктілігін арттыру және оларды дайындауды көздейтін жүйені дамыту бойынша қызметі, сөзсіз болашағы бар болып табылады.

Мәселен, 2009 жылы АӨК саласында білім тарату Орталықтарының аймақтық желілері жасалды.

Білім тарату Орталықтары – ғылыми-техникалық инфрақұрылымның арнағы субъектілері, олардың негізгі қызметі болып АӨК арнағы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру жолымен алдыңғы қатарлы білімдері мен технологияларын тарату табылады. Орталықтар АҚ “ҚазАгроИнновация” құрамына енетін ғылыми-зерттеу ұйымдарының негізінде құрылады.

Орталықтардың қызметтері:

1) жаңа жабдықтардың, техника мен технологиялардың көрсету және жаттығу үлгілері қызмет етуін ұйымдастыру;

2) АӨК ғылыми-техникалық зерттемелерді, әдістемелерді, технологияларды қолдану тәртібімен таныстыру;

3) АӨК мамандарын отандық және шетелдік потенциалды пайдалана отырып қысқа мерзімді оқу курсарын және білім беру бағдарламаларын өткізу арқылы дайындауды, қайта дайындауды, біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

4) аграрлық бағыттағы оқу орындары студенттерінің ғылыми өндірістік практикасының қазіргі заманғы базасын жасау;

5) АӨК даму проблемалары бойынша республикалық, аймақтық, халықаралық конференцияларды, семинарларды, дөнгелек үстелдерді ұйымдастыру.

Орталықтардың штаты әкімшілік бағытталған қызметкерлерден құралады, олардың міндеттері оқу процесстері мен білім беру бағдарламаларын үйымдастыру, сондай-ақ, материалдық-техникалық кешенниң тиісті жағдайын қадағалау кіреді.

Білім беру бағдарламалары мен оқу курстарын жүргізу үшін мамандар әрбір бағдарламаның ерекшеліктеріне сай отандық және шетелдік сарапшылар, орта және жоғары оқу мекемелерінің оқытушылары қатарынан тартылады.

Жалпы алғанда жүргізілген семинарлар мен тындаушыларды анкеталау ауылшаруашылық құрылымдар мамандарының семинарлар өткізуде және ғылыми-зерттеу институттарының (ҒЗИ) жаңа зерттемелері туралы мәлімет алуда қызығушылықтың жоғары болғанын көрсетеді. ҒЗИ басты ғалымдары – дәріс оқушылары да, тындаушылар да бір ауызды пікірде келген Экстеншин жүйесі АӨК субъектілеріне білімдерін, ауыл шаруашылығын жүргізу дің алдыңғы қатарлы әдістері мен технологияларын оқытушылық, практикалық және білім беру шаралары арқылы білімдерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Ол білімдер елеулі түрде өндіріс тиімділігін арттыруға өз септігін тигізеді. Білімдерді тарату Орталықтарының осындай инфрақұрылымы 11 суретте көрсетілген.

Орталықтың қызметінен күтіліп отырган нәтиже:

1) нақты технологиялық процесстер мен аймақтардың басым мамандануының талаптарын ескере отырып АӨК салаларын маманданған кадрлармен қамтамасыз ету.

2) АӨК саласында алдыңғы қатарлы ғылыми-техникалық зерттемелерді жеделдетіп енгізу.

3) АӨК ресурстарды басқару тиімділігін арттыру.

4) ауыл шаруашылығын дамытуды интенсификациялау.

5) ауыл шаруашылығында еңбекпен камтуды арттыру.

6) ауылшаруашылық малдар мен дақылдардың аурулары мен жердің деградациясымен байланысты экологиялық проблемаларды шешу.

7) аграрлық ғалымды АӨК нақты қажеттіліктеріне қайта бағыттау.

8) кем дегенде 1300 АӨК субъектілерін жыл сайын оқыту.

Білім тарату орталықтарының орналасу географиясы:

1) АӨК саласындағы Оңтүстік білім тарату Орталығы – “Ушқоныр” БТО Алматы облысының Қарасай ауданы Мерей ауы-

лында орналасқан Алматы қаласынан 22км жерде. Қазақ жер өндеу және өсімдіктану ФЗИ құрылымына АӨК саласында білімдерді тарату және енгізу бойынша бөлім ретінде кіреді. Орталық қызметінің негізгі бағыттары және артықшылық мамандануы:

- мал шаруашылығы және ветеринария;
- құс өндірісі;
- өсімдік шаруашылығы;
- жер өндеу;
- ауыл шаруашылығын механизациялау.

2) АӨК саласында білім тарату орталығы –“Шортанды” БТО Ақмола облысы Шортанды ауданы Шортанды ауылында, Астана қаласынан 60км жерде орналасқан. А.Бараев атындағы бидай шаруашылығы ҚазФЗИ құрылымына АӨК саласында білім тарату және енгізу бойынша бөлім ретінде енген. Орталық қызметінің негізгі бағыттары және артықшылық мамандануы:

- өсімдік шаруашылығы;
- жер өндеу;
- өсімдік шаруашылығын механизациялау;
- мал шаруашылығы және ветеринария.

3) АӨК саласындағы білімдерді таратудың солтүстік – батыс блогы –“Қостанай” БТО Қостанай облысының Заречный ауылында орналасқан. Қостанай ФЗИ құрылымына АӨК саласында білімдерді тарату және енгізу бойынша бөлім ретінде кіреді. Орталықтың қызметінің негізгі бағыттары және артықшылық мамандануы:

- ауыл шаруашылығын механизациялау және электрофикациялау;
- ауыл шаруашылық өнімін өндіру орындарында сақтау, іріктеу, буып тую және бастапқы өндеуді механизациялау;
- мал шаруашылығы және ветеринария;
- спорттық жылдық есіру.

4) “Тассай” БТО Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданы Тассай ауылында орналасқан. Оңтүстік Қазақстан мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы құрылымына АӨК саласындағы білім тарату және енгізу бойынша бөлім ретінде кіреді. Орталық қызметінің негізгі бағыттары және артықшылық мамандануы:

- интенсивті өсімдіктану
- ылғал ресурс үнемдеуші технологиялар

- мал шаруашылығы
- құрғақшылыққа төзімді жем өндіру

Барлығы 2009 жылдың наурыз айынан қыркүйек айына дейін “Ушқоңыр”, “Қостанай”, “Шортанды” және “Тассай” орталықтарының негізінде 51 семинарлар өткізіліп, 1049 адам оқытылған. Мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы және ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеу салаларымен қатар семинарлар шаруашылықты жүргізуін жақсы тәжірибелерін, ауылшаруашылық тауар өндірушілері мен агроменеджменттің коопeração бойынша тәжірибесін зерттеуді, тәжірибелік егістіктермен сұрыптық участкереге шығуды, жаңа технологиялар мен ылғал үнемдеу әдістемелерін менгеруді және т.б. камтыды.

95% астамтындаушылар Орталықтарнегізінде АҚ “ҚазАгроИнновациямен” өткізіліп жатқан семинарлардың деңгейіне осындаи шаралардың ҚР АӨК дамуының қазіргі заман кезеңіндегі өзектілігін айта отырып, он бағасын берді.

Сондай-ақ, 2009 жылы жаттықтыруышылар (“жаттықтыруышыларга арналған тренинг”) “Ауылшаруашылық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру” жобасымен өзара әрекеттестік шегінде дайындалды.

Сонымен, бұгінгі таңда Қазақстанның аграрлық саясаты нақты бір ұсыныстар мен нұсқаулардың иесі болып табылады, оларды өндірісте игеру экономиканың аграрлық секторын жоғарылатудың құралы болып табылады. Олардың ішінде жаңа сұрыптар мен гибридтерді, ауыл шаруашылық өнім өндірудің қазіргі заманғы ресурс үнемдеуші технологияларын, өндійтін және қайта өндійтін көліктер кешенін атап кетуге болады.

Қазақстандағы жағдайдың талдауы біріншіден, ауыл шаруашылығының көптеген салаларында кадр жетіспеушілігін анықтайды, екіншіден, отандық гылым мен өндірістің арасындағы байланыстың әлсіздігін көрсетеді. Көптеген отандық зерттемелер өндіріске енгізу мен білім таратудың ойластырылмаған жүйесі болмағандықтан, сұранысы тәмен болып табылатынын атап кеткен жөн. Жағдайды жақсы жағына қарай өзгертуге АӨК саласындағы олардың өкілдіктерін аграрлық бағыттағы ғылыми зерттеу институттарындағы өкілдіктер желісін құра отырып даму бойынша жаңа жоба “EXTENSION” қабілетті.

## **5-тaraу. АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЛИЗИНГТЕ НЕГІЗГІ ҚОРЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІНЕ ҚАРАЙ ҚАЖЕТТІЛІК**

### **5.1 Ауылшаруашылық лизингтің даму стратегиясы**

Қазақстан экономикасының аграрлық саласындағы лизингтің даму стратегиясы келесі бағыттардан тұруы керек:


- инновациялық-инвестициялық (техниканың құрамы мен номенклатурасының құрылымдылығы, асыл тұқымды мал лизингін кеңейту, жаңа техниканың лизингі негізінде КТС құру);
- экономикалық (лизинг алушыларды көбейту, жеткізілетін негізгі құралдардың құнын азайту, бюджеттік және бюджеттен тыс және шетелдік инвестициялардың осуі);
- ұйымдастырушылық (тауар өндірушілерді мемлекеттік қолдау әдістерін жетілдіру және т.б.) (4 сурет).

Лизинг қатынастарын жетілдіру үшін шартты соттан тыс бұзу ережелеріне өзгерістер енгізу керек, ол төлемеу қауіпін төмендетуге мүмкіндік береді, лизинг затын қамтамасыз ету тәсілі ретінде және төлемеген жағдайда мүлікті сенімгерлікпен басқаруға мүмкіндік береді.

Салық кодексіне талдау көрсетіп отырғандай, негізгі қорларды сатып алу және лизингі бойынша салық жеңілдігіне бірінші рет эксплуатацияга қосылған бекітілген активтерді кем дегенде үш рет жылдық жиынтық табысты алу үшін пайдалану және корпоративті салықты анықтаған кезде шегерімге жатқызу шартымен пайдаланғанда алғашқы салық мерзімінде амортизациялық аударымдар екі есе норма бойынша жүргізіледі. Бірақ, аталған жеңілдік ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілерге маңызды болып табылмайды, себебі, олар корпоративті салықты арнайы режимдер бойынша төлейді. Сондықтан, агролизингті дамыту үшін өзге де жеңілдіктер қажет: мәселен, ауылшаруашылық техниканы, қондырғыларды және өзге де негізгі қорларды сатып алу, сату лизингі бойынша айналымды қосылған құн салығынан босату сатып алынатын негізгі корлардың құнын төмендетіп олардың ауылшаруашылық тауар өндірушілер үшін қол жетімді болуын қамтамасыз етер еді. Сонымен қатар, Салық кодексінде лизингтегі мүлікке меншік құқығын лизинг берушіге беру керек, ол лизинг

компанияларына салықты амортизациялып екі сол портмалары бойынша есептеуге және салық жүктемесін азайтып, пайыздық мөлшерлемелерді төмендетуге мүмкіндік береді.

1 мысал. Шаруа қожалығы ҚазАгроКаржының жергілікті өкілдігіне лизингке құны 2800 теңге, соның ішінде ҚҚС (15%), Т-95.4 тракторын алу туралы етініш жасайды. Лизинг мерзімі – 7 жыл. Лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемесі – 5%. Арызды берген кезде техника құнының 10%, арыз берген соң техниканы алғанға дейін тағы 10% төлеу қажет. Техниканы алу мерзімі – арызды бергеннен кейін 3 ай. Негізгі қарыз бойынша екі төлемді қамсыздандыру үшін депозит, банк кепілдігін беру қажет. Кепілдікті беру үшін жергілікті банктердің пайыздық мөлшерлемесі – 6%.



Сурет 5 – Казақстанның аграрлық саласындағы лизингтің негізгі бағыттары

Осы мысалда біз әлемдік тәжірибелі ескеретін көзкарасты ұсынамыз, яғни алдын ала төлемдері мен банк кепілдігін талап етпей салық женілдіктерін беру. Біздің мысалда лизинг техникасын ККС босату (15%) оның құның 13% немесе 365,0 мың теңгеге азайтады.

Техниканы соттан тыс тәртіпте алып қою мүмкіндігі лизинг берушілерге лизинг мүлкін алдын ала төлемдерінсіз және қосымша қамсыздандырусыз, төлемеу қауіпін төмендетеді және лизинг алушы үшін де, лизинг беруші үшін де пайдалы.

Сонымен, лизинг алушы банк кепілдігі болмағандықтан, 285,6 мың теңге үнемеде, ал лизинг алушы аалдын ала төлемдері болмағандықтан 67,1 мың теңгеге артық сыйақы алды.

Қаржы және өндірістік лизинг фирмалары үшін – бұл көлік – техникалық қондырғыларды жалға берудің тиімді тәсілі, себебі, ол пайдалануши техниканы пайдалануды жоғары бағамен төлеу және салық женілдіктерін пайдалану арқылы үлкен табысқа жетуге мүмкіндік береді. Техниканы пайдаланушилар, әсіресе, орта және кішкентай фирмалар үшін лизинг ірі бір жолғы шығындарсыз күрделі және қымбат машиналарды алу кезінде өндіріс қорларын жедел түрде ауыстыру құралы болып табылады. Мемлекет үшін лизингті қаржылай қолдау жаңа техниканы сатып алу үшін ынта болып табылады, себебі, лизинг алушылар осы операцияларға капитал салуды көбейтуге, ал пайдалануши фирмалар өндіріс қорларын үнемі жаңартып отыруға мүдделі болады. Осыған байланысты лизинг кәсіпорындық түсудің тиімді механизмі және экономикадагы инвестициялық процессті белсенділендірудің тиімді механизмі ретінде Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына, әсіресе, фермер кожалықтарының дамуына әсер етеді, себебі, олар өзінің сатып алушылық құны төмен болғандықтан, қазіргі заманғы қондырғыларды сатып алуға қабілетсіз болып табылады.

Лизинг операцияларын тиімді пайдалану үшін нормативті-құқықтық және ұйымдастырушылық-әдістемелк базаларды жетілдіру қажет. Ол үшін техника мен асыл тұқымдарды сатып алуға арналған лизинг қорын пайдалану тәртібін қайта карау, техниканың лизингін ол тозғанға дейін ұзарту, алдын ала төлемдерін жою, лизинг операцияларын жүзеге асырған кезде өткізу бағаларын артыруды төмендету, лизинг берушінің техниканы пайдаланудың барлық мерзімінде лизинг машиналарына материалдар мен косалқы

Фөлшектердің жеткізілуін қамтамасыз ету. Мұлікті лизингке мүлікті лизингке тапсыру кезінде лизинг операциялары бойынша кеден салынудары мен салым аналогтарын, соның ішінде ҚҚС төмендету; кем дегенде үш жыл мерзімге лизинг шарттары бойынша алынған пайдала табыс салығынан лизинг алушыны босату; лизинг шарттары бойынша міндеттемелерін орындамаған лизинг алушылардан лизинг затын алып қою процедурасын жеңілдету ұсынылады. Лизинг арқылы қондырғылар мен техниканы алған кезде мемлекеттік қаржылық қолдауды кеңінен пайдалану; ауылшаруашылық техника лизингі бойынша оның құнын төмендету үшін сыйакы (мұdde) мөлшерлемесін азайту; техниканы лизингке берген кезде тауар өндірушілерді қолдау үшін қаражаттар бөлу.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отыргандай, елеулі салықтық жеңілдіктер беріліп отырган мемлекеттерде лизинг бизнесі дамып отыр. Соңдықтан, ауылшаруашылық техника мен қондырғылар импортының лизингі бойынша айналымды салықтан босатуды ұсынамыз, ал ол өз кезегінде техника құнын 13% төмендетеді. Салық кодексінде лизинг берушінің лизинг мүлкіне меншік құқығын сақтап қалуды ұсынамыз, ол оған амортизациялық есептерді екі есе мөлшерлеме бойынша есептеуге, ал ол өз кезегінде салық салынатын табысты қебейтуге және лизинг берушінің табысын артыруға, табыс салығын азайтып, лизингтік мүліктің құнын төмендетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, төлемеу қауіпін төмендету үшін, аванс төлемдерін талап етуді болдырмау үшін, негізгі қарыз бойынша келешек төлемдерді талап етуді болдырмау үшін шартты бұзу тәртібіне өзгерістер енгізу қажет. Шартты соттан тыс тәртіpte бұзуға мүмкіндігі болу керек. Ол халықаралық стандарттарға сәйкес болып табылады және лизингтің артықшылықтарын көздейді.

Лизингті пайдалану мүмкіндіктерін артыру үшін маркетинг жүйесінің қажеттілігі туындаиды. Материалдық-техникалық қамсыздандыру және қызмет көрсету саласындағы маркетингтік зерттеулер нарықты, қалыптасып жатқан бағаны зерттеумен байланысты және техника мен оған қызмет көрсету бойынша қызметтерге сұраныс қалыптастырудың негізгі заңдылықтарын анықтауға бағытталған. Техниканы оны пайдаланушылардың сатып алу мақсаты – оны пайдаланудан пайда алу, соңдықтан, машиналарды сатып алуды олар қебіне сырттан тыс кайнар көздер есебінен

жүзеге асыратын инвестициялар ретінде жүзеге асырады. Осыған байланысты нақты қамсыздандырылған төлем қабілеттілігі бар сұранысты емес, потенциалды сұранысты бағалау қажет. Соңғысы техниканы жеткізушілердің белсенді қызметінің, соның ішінде, қаржы нарығының инвестициялық сегментінде жүзеге асырылады. Маркетингтік зерттеулер мүмкін болатын тұтынушыларды техника мен қызметтерді алу үшін қаражат көздерімен қамтамасыз етуге ғана емес, көліктөр нарығын қамтамасыз ету үшін ерекше ақшалай каналдарда нақты қажеттіліктерді анықтайды.

Техникалық қамсыздандыру саласындағы төлемге қабілетті сұраныс жаңа және ұсталған көліктерге оларды қалпына келтіру жұмыстарынан кейін қалыптасады, сонымен қатар, ұзак мерзімді жалға беру (лизинг), техника жалға беру және т.б. сұранысты қамтиды. Қаржы нарығының конъюнктурасын талдау негізінде техниканы пайдалануши заем қаражаттарының қайтаруын, пайдалану шығындарын ескере отырып, алуы қажет пайда нормасы есептеледі. Техникаға төлем қабілетті сұранысқа жасау негізінде, өзіндік сатып алу – өткізу шығындарына (өз қызметінің табыстық көрсеткіштеріне), сондай-ақ нарықты реттеу механизмдеріне болжам жасаудың негізінде лизинг қызметтерін көрсету бойынша кәсіпорындардың өндірістік бағдарламаларының параметрлері есептеледі.

Лизинг қызметтеріне төлем қабілеттілігі бар сұраныстың колемі осы саладағы кәсіпорындар бір жағынан техниканы, бөлшек заттарды, жиынтық бұйымдарды өндірушілер, ал екінші жағынан техника мен қызметтерді тұтынушылар арасындағы беру-тарату-субмердігерлік қызметтерді тиімді орындаумен анықталады.

Жекелеген лизинг компаниялары қызметінің талдауы ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілер үшін лизинг операцияларын пайдалануды тежеп отырған негізгі кемшіліктер ретінде лизинг берушінің сыйакы мөлшерлемелерін өтеудің қатаң реттелген тоқсан сайынғы мерзімдері, кепілдік қамсыздандыру қындықтары және т.б. табылатынын көрсетіп отыр.

Бұл ауылшаруашылық құрылымдардың материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілігін қамтамасыз етудің жолын көліктерді, кондырғылар мен өндірістік-техникалық мақсаттағы өзге де құралдардың аудан орталықтарында жалға беру пункттерінің желісін кеңейтуде іздеу керек екенін көрсетіп отыр. Ол лизинг қызметтерінің бағасын төмендетуге мүмкіндік береді.

Ауылшаруашылығындағы осындай лизингтік саясат саланың өзінің дамуына, сондай-ақ нарықтық қатаинастар жағдайындағы әйекес әдістер мен тәсілдердің дамуына ықпал ететін қажетті инфрақұрылым қалыптасуы тұрғысында мультиплікациялық әффектке үміттенуге мүмкіндік береді.

Ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің көліктік-тракторлық паркін жаңарту қанагаттандырлықсыз дәрежеде жүзеге асырылады. Жем жинаушы және өзге техникаға маусымдық жүктелім мөлшерліктен 2,5-3 есе асады. Осылай, егістік алқаптар тиімділігі гөмен технологияларға ауысады, ал ол өнімділіктің төмендеуі мен ауылшаруашылық өнімдерін жоғалтуға әкеп соқтырады.

Осындай жағдайдың негізгі себебі болып тауар өндірушілердің жаңа техника сатып алу үшін ақша ресурстарының жоқ болуы табылады. Жыл сайын осы жағдай өнеркәсіптік және ауылшаруашылық әнімге бағалардың диспаритеті 7 есе болуымен ұшырады.

Жоғарыда көрсетілгендей, ауылшаруашылық техниканың тозу дәрежесі 80%, өндірістік жайлар мен қондырғылардың тозу дәрежесі – 35% құрайды. Өндірістік жайларды өндірістік процесстердің қажетті деңгейімен қамсыздандыру ірі қара мал үшін 40%, қойлар үшін – 27%, көлік-трактор паркі үшін – 50-60%, қайта өндеу ойынша – 50% астам құрайды.

Бірақ талдау көрсетіп отырғандай, 2003-2007 ж.ж. трактор паркі 5,5% (ортажылдық 0,8%), жем комбайндарының паркі 22,3 (ортажылдық – 3,2%), сепкіштерге 5,8% (ортажылдық – 0,8%), дестелегіштер 14,1% (ортажылдық – 2%) жаңартылғанын көрсетті.

Есептер көрсетіп отырғандай, орташа бағаларды ескергенде ескірген техниканы ауыстыру үшін шамамен 10 млрд. теңге қажет. Ауылшаруашылық өндірістің техника сатып алуына жалпы қажеттілігі, 80% пайдаланудан қалған техниканы шығарып тастауды және ресурстарды үнемдейтін техниканы енгізуіді ескере отырып, барлық түрлердегі тракторлар үшін – 75 мың, жем комбайндары үшін – 40 мың бірлік құрайды. Сондықтан жыл сайын 7,5 мың тракторлар және 4 мың комбайндар сатып алу қажет. Сонда 2007жылы салыстырғандагы жыл сайынғы өсім: тракторлар үшін – 6,8 есе, комбайндар үшін – 2,5 есе артады (10 кесте).

Техника мен лизингтік қызметтер саласындағы нарық қалыптастырының негізгі мәселесі ретінде ауылшаруашылық өнімдерін

өндірушілерде қаржы қаражаттарының жетіспеушілігі болып табылады. Бұл, өз кезегінде, бюджет есебінен қаржы лизингінің, әсіресе, коммерциялық құрылымдар мен банктерді қаржыландырудың жеткіліксіз көлемдерімен байланысты. Ауылшаруашылық техниканы жеткізудің жалпы көлеміндегі лизинг үлесі 2007 ж тракторлар бойынша – 15 және комбайндар бойынша – 25% құрады.

Шетелдік тәжірибе мен ауылшаруашылық техникаға қажеттілікті пайдалана отырып, лизинг арқылы техника жеткізу көлемдерін ұлгайту ұсынылып отыр. “ҚазАгроКаржы” олардың жалпы қажеттілігінен тракторлар бойынша 35%, комбайндар бойынша – 38% дейін, орта есеппен алғанда 2625 тракторлар және 1520 бидай жинайтын комбайндар, яғни 26,3 млрд. теңгеге – тракторлар, 20,5 млрд. теңгеге – комбайндар. Сонымен қатар, республикалық бюджеттен ауылшаруашылық техника лизингі бойынша сыйақы мөлшері 5 есе көбейіп, 600 млн теңге құрауы керек.

**10-кесте – Қазақстанның ауылшаруашылық техника мен лизингке қажеттілігін есептеу**

Техниканың түрі	Бірлік үшін баға, млн. теңге	Ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілер үшін техника сатып алынды (2007ж.)	Сатып алынған техника күні, млрд. теңге (2007 ж.)	Ауылшаруашылық тауарларға жылды қажеттілік	Жылдық қажеттілік, млрд. теңге	Лизингтеге қажеттілік, млрд. теңге
Тракторлар	18,5	1129	20,9	7500	138,7	38,5
Жем комбайндары	24,1	1606	38,7	4000	96,4	31,2
Егістік кешендер	1,5	394	5,9	1000	15,0	7,5
Дестелегіштер	0.7	310	2,2	600	4,2	4,2
Өзге техника	×	×	5,3	×	11,8	5,9
Барлығы			73,3		266,2	87,3

Осығанбайланысты агробиеркесіп кешені және ауылшаруашылық көлік құрастыру субъектілерін техникалық қамсыздандырудың басым бағыттары ретінде табылатындар:

- ТМД елдерінің көлік құрастырушы кәсіпорындарымен бірлесе отырып, тракторлар мен комбайндар өндірісін үйімдастыру;
- Ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу мен жинау үшін ылғал ресурстарын сактау жүйесіндегі жер қорғау кешені көліктерін өндіру және үйімдастыру;
- Технологиялық процесстерді механизациялау үшін мал шаруашылығын қажетті энергетикалық құралдар және көліктермен техникалық қамсыздандыру және өндіру;
- Ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу және қайта өңдеу үшін қажетті жоғары технологиялық көліктер, қондыргылар мен бөлшек заттарды өндіруді өңдеу және үйімдастыру;
- Қаржылық лизинг инвестициялары арқылы республикада өндірілмейтін немесе жеткіліксіз дәрежеде өндірілетін ауылшаруашылық өндірісіне қажетті жоғары технологиялық көліктер мен қондыргыларды сатып алу;
- Көлік-технологиялық станциялар желісін жасау және жетілдіру негізінде ауылшаруашылық көліктердің жұмыс кабеліттілігін қамтамасыз ету және сактау;
- жөндеу-қалпына келтіру жүйелерін дамыту жолымен ауылшаруашылық өндірісі үшін қажетті ауылшаруашылық көліктер мен қондыргылардың жұмыс қабілеттілігін сақтау және қамтамасыз ету.

Жаңа көлік-трактор паркінің қалыптасуын Қазақстан мен ТМД-де, алғы шетелдерде (АҚШ, Канада, Германия және т.б.) өндірілетін көліктер арқылы жүзеге асыруға болады.

Қазақстан мен ТМД елдерінде өндірілетін ауылшаруашылық көліктер жергілікті жер климаттық жағдайларға адаптацияланған, жөндеуге икемді, оларды механизаторлар жетік менгерген, бірақ олардың комфытты менинде сенімділігі төмен.

Алғы шетелдердің көліктерінің сапасы жоғары, олар ыңғайлы, бірақ Қазақстан жағдайларына икемдігі төмен және олар ТМД елдерінде жасалған аналогтардан 2–3 кымбат болып келеді.

“ҚазАгроИнновация” АҚ ауылшаруашылықты механизациялау және электрофикациялау FOO есептеу нәтижелері көрсетіп отырындағы, көлік-трактор паркін толығымен жаңартқан кезде өнімділігі

10 ц/га болған кездегі бидайдың бір тонна өндірісінің өзіндік құны, ТМД көліктерімен – 120, алыс шетелдердегі көліктермен – 166 құрайтынын көрсетіп отыр.

Сонымен, ТМД елдерінің көліктерімен көлік-трактор паркін көбейту бидай өнімдерінің өнімділігі 64%, ал алыс шетелдердегі көліктермен 227% артқанын көрсетіп отыр.

Сондықтан, көлік-трактор паркін жаңарту процесі өндірістің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін жаңа технологиялар, сорттар және технологиялық факторларды өндіру негізінде жүзеге асырылуы керек. Ұсақ тауар өндірісі жағдайында өндіріс мөлшерін үлкейту субъектілерге елеулі артықшылықтар береді. Мәселен, ауылшаруашылықты механизациялау және электрофикациялау ФТО есептеулері көрсетіп отырғандай, егістік алқаптардың 100 ден 500 га өсуі күздік бидайды егу шығындары шамамен 2 есе, еңбек шығындары шамамен 4 есе азайтылғанын көрсетіп отыр. (11, 12 кесте).

11-кесте – онтүстік өнірдегі ондіріс тиімділігіне бидай өнімдерін егу алқаптарының әсері

Көлемі, га	Еңбек шығындары, адам-ад/га	Отын шығыны, кг/га	Техникаға шығындар, тенге/га	Техникаға шығындар	
				1 т, теңгеге есептегендеге*)	ячменя
102	20,6	129,3	33746	9534	11590
316	10,5	109,2	24614	6960	8451
784	4,1	104,7	20671	5845	7097
2167	5,3	115,8	26535	7502	9105
6256	3,6	113,3	25142	7109	8633
12381	3,7	116,4	25333	7151	8697

\*) техниканың шығындарына кіретіндер: еңбек ақы, отын шығындары, техниканың амортизациясы мен жөндеу. НПЦ МЭСХ ұсыныстары. – Алматы, 2008ж.

Ары карай өнімділікті 15 ц/га көбейткен кезде көлік-трактор паркін ТМД елдерінің көліктерімен жаңарту бидай өндірісінің өзіндік құнын арттырмайды, ал өнімділік 20 ц/га болған кезде осы өзіндік құнды сол парк кезіндегі 18% азайтуға мүмкіндік береді. Көлік – трактор паркін алыс шетелдер көліктерімен толығымен

жаңарту бидай өнімділігін сәйкесінше 5,1 және 41,7% өсіруге мүмкіндік береді.

12-кесте – Бидай өндіру тиімділігіне егу айналымы аумақтарының әсері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	Егістік аумағы, га		
		100	200	500
<b>Күздік бидай, өнімділігі 2,5 т/га</b>				
Отын шығыны	кг/га	46,5	42,7	43,2
Еңбек шығыны	адам-адамға/га	7,2	3,2	1,8
Техниканың шығындары	теңге/га	29585	21735	15375
Техниканың шығындары	теңге/т	11835	8694	6150
<b>Арпа, өнімділігі 1,2 т/га</b>				
Отын шығыны	кг/га	39	30,7	33,0
Еңбек шығыны	адам-адамға/га	7,0	2,6	1,6
Техниканың шығындары	теңге/га	24149	17902	15483
Техниканың шығындары	теңге/т	20124	14918	12902
<b>Нұт, өнімділігі 1,1 т/га</b>				
Отын шығыны	кг/га	43,4	35,4	38,2
Еңбек шығыны	адам-адамға/га	7,6	3,1	2,2
Техниканың шығындары	теңге/га	27943	21219	16986
Техниканың шығындары	теңге/т	25402	19290	15442

Бірақ көптеген ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілердің қаржылық жағдайы көлік – трактор паркін толығымен жаңғыртуға мүмкіндік бермейді. Жылдық есеппен алғанда тракторларды жаңарту темптері 1%, комбайндерді – 3% құрайды. Болжанып отырған есептер бойынша тракторлар бойынша 8% және комбайдар бойынша – 16% жаңғыртылады. Жаңа көліктер көлік – трактор паркінің өнімділігін арттырып, жөндеуге кеткен шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, ескі көліктердің жасы өсе береді де өнімділігі азайып, жөндеуге кеткен шығындар өседі. Сонымен, жаңа және ескі көліктердің ара қатынасына байланысты бидай өнімділігінің өзіндік құны да өзгеріп отырады.

Алғыс шетелдердің көліктерін олардың құны жоғары болғандықтан, ірі бидай компаниялары өндірістің баска салаларында (элеваторлар, жана – жағар май станциялары және т.б.) алған табыстары есебінен ала алады.

Сондықтан, көптеген шаруашылықтар үшін көлік – трактор паркін жаңғырту Қазақстан және ТМД шыгарылған көліктемен жүзеге асыру тиімді болып табылады. Алыс шетелдердегі көліктедің ең жақсы түрлерін Қазақстанда жасау қажет, ол оның құнын едәуір түсіруге мүмкіндік береді.

Жалпы мақсаттағы тракторлар паркінің қалыптасқан құрылымын келесі себептер бойынша рационалды деп тануға болмайды: ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілерде деңгелекті және шыңжыртбанды тракторлар арасындағы тең таңдау жасауга мүмкіндік болмайды. Оларға қуатты, өнімділігі жогары, ыңғайлыштамақтары және қуаттылығы төмен, жұмыс жағдайлары ыңғайсыз шыңжыртбан тракторлар ұсынылады.

## **5.2 Ауылшаруашылық өнімін қайта өндіу, дайындау, сақтау бойынша лизинг**

Тамақ өнеркәсібін дамыту және ауылшаруашылық шикізаттарды қайта өндіу өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсаттарында екінші деңгейдегі банктердің қайта өндіу кәсіпорындарының айналым қорларын толықтыруға берілетін несиeler бойынша банктік сыйақыларды субсидиялаудың бюджеттік бағдарламасы жүзеге асырылады. Ол 2007 ж. республиканың барлық аймақтары бойынша ауылшаруашылық өнімдерін қайта өндіу және тамақ өнеркәсібіндегі 140 кәсіпорындарға 16,4 млрд. теңге көлемінде несие алуға мүмкіндік берді.

Қайта өндіу кәсіпорындарына екінші деңгейлі банктердің несиelerі бойынша сыйақы мөлшерін субсидиялау 5 жыл ішінде банк несиelerін арзандатуға және салаға 58,1 млрд. теңге тартуға мүмкіндік берді. Яғни банк субсидияларының әрбір тенгесі 15 теңге банк қаражаттарын тартты. 5 жыл ішінде ет сатып алу көлемі ақшалай есеппен алғанда 15% (1504,5 – дең 1724,0 млн теңгеге дейін), сүт – 21% (2058,6 – дең 2500,0 млн теңгеге дейін), бидай өнімдері – 27% (14346,8 – дең 18219,4 млн теңгеге дейін) артты.

Қайта өндіу кәсіпорындарын дамыту үшін айналым қорларын толықтыруға коммерциялық банктер беретін қаржылық лизинг бойынша сыйақы мөлшерін 2009-2011 ж.ж. 22,4 млрд. теңге көлемін беру көзделеп отыр.

Жіңішке жүн, жүн мatalарын және дайын өнімдерін өндіру үшін Алматы қаласының маңында құны 7 млрд. Тенге құрайтын комбинат салу көзделін отыр.

Сойылатын малдың көпшілік бөлігі қарапайым әдіспен жүзеге асырылады. 440 мал сою пунктері халықарапалық стандарттарға сәйкес келмейді, қосымша 250 пункт салу үшін 3 млрд. тенге қажет. Олар халықарапалық стандарттардың талаптарына сәйкес халықта мал шаруашылығы бойынша қызмет көрсету орталықтары болады. Келесі мәселелер шешіледі: есепке алу, вакцинация, ветеринарлық бақылау.

Щучинск және Қостанай қалаларында ет комбинатын салу көзделін отыр, ол вакуумды қаптамада ет өндірісін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

### **5.3 Үйлер мен ғимараттардың, соның ініндегі ауылшаруа-шылық мақсаттардағы лизингі**

Оңтүстік Қазақстан облысында “Азия-3” компаниясымен “ҚазАгроКаржы” қатысуымен құны 1 млн. 755 мың долл., көлемі 1 га “Venus” үлгісіндегі жерді тамшылап суару нысандары салынған.

Қазақстандағы тұтыну және қуаттылығы нормаларына қарасақ, қосымша 168 га жылышайлар салу қажет, ол көкөністі 40% арттыруға, нарықтағы кернеулікті жойып, жеке инвесторларды тартуды ынталандырады.

Шығыс Қазақстан облысында 2 жылышай, Қостанай облысында 2 жылышай және Алматы облысында (Қарасай, Жамбыл, Енбекшіказак аудандарында) 3 жылышай, Астана, Алматы, Ақтөбе, Өскемен қалаларында жылышайлар салу көзделіп отыр, олардың шығындары 2009-2011 ж.ж. 14,5 млрд. тенге құрайды.

Нәтижесінде, есептер көрсетіп отыргандай, ашық грунтке қарағанда көкөніс өнімділігі 20 есе артық екенін көрсетеді.

Көкөніс өнімдерін сақтау қоймаларының жетіспеушілігі 44% құрайды. Сондықтан, жобаны жүзеге асыру 2009-2011 ж.ж. олардың жетіспеушілігін сомалық қуаты 75 мың тенге құрайтын тек қана қазіргі заманғы қоймаларды пайдалану шамамен 25% (2009 ж. Астана, Өскемен, Қызылорда, Орал қалаларында жаңа қоймалар салынады) қысқартуға мүмкіндік береді. Оларды салу үшін үш жылда – 4,5 млрд. тенге қажет.

Тамшылап суару жүйесін ашық топырақта қолдану арқылы игіліктер мен көкөністерді өнеркәсіптік өндірістің жаңа технологияларын енгізу керек. 2008 ж. Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс ауданында алғашқы рет енгізілді, онда 150 га 8,1 мың тонна қызанақ алынды. Бұнда өнімділік 3 есе артық, ал су пайдалану дәстүрлі суаруға қарғанда 4 есе төмен. Алматы қаласының маңында азық-түлік өнірін құру шегінде жобаны жузеге асыруда. 2009 жылы жердің 100 га, ал 2011 жылы 1000 га мөнгеру жоспарланып отыр. Оны жузеге асыру үшін 1,8 млрд. теңге қажет.

2008 ж бәсекеге қабілетті өнім өндірісінің көлемін ұлғайту үшін дамыған инфрақұрылымы бар, өндірістік қуаттылығы 10 мың ірі кара мал 2 жем алаңнықтар үшін қаржаттар бөлініп отыр, 2009-2011 ж.ж. 45 мың бас малға 9 жемтік аланқайлар жоспарланып отыр. Оларды жузеге асыру үшін 22,5 млрд. теңге қажет.

Қазақстанның 5 аумағында құс фабрикалары салынған. Алматы облысында бір құс фабрикасын “Сарыбұлақ” компаниясы салады және 1жобаны ЖШС “Кнор ЛТД” жузеге асырады деп жоспарланып отыр, онда қондырғылардың модернизациясы жузеге асырылады. Құс асырау шаруашылықтары бағасы мен жиынтықтылығы туралы жеткізуши компаниялармен келіссөздер жүргізген, соңғылары АҚ “ҚазАгроКаржы” шартқа отырады.

2008ж. жұмыртқа бағытындағы 10 құс фабрикасының салынуы мен модернизациясы, 2009 ж. Алматы және Ақмола облыстарында 3 құс фабрикасын салуды қаржыландыру жоспарланып отыр. 3 жылдық бағдарлама құны 15 млрд. Тенге құрайды.

#### **5.4 Ауышаруашылық малдардың лизингі**

Басым ұлттық бағдарламаларды жузеге асыру мал шаруашылығы өнімдерінің нарығы өсуінің негізінде мал шаруашылығының жедел дамуын талап етеді. Өндіріс дамуының, мал шаруашылығы саласы пайдалығы мен оның даму интенсивтілігінің маңызды сәті болып өндірістің мамандануы мен шоғырлануы, шагын және орта шаруашылық құрылымдар рөлінің төмендеуі, соның салдарынан, еңбек өнімділігінің артуы табылады.

Көптеген шаруашылықтар қызметтінің талдауы олар асыл тұқымды малдың ақысын толығымен бірден төлеуге немесе коммерциялық банктерден несие алуға қабілетсіз екенін көрсетіп отыр. Осы

жағдайда мал санын көбейтудің нақты тәсілдерінің бірі ретінде лизинг болып табылады.

2008 жылдың басында асыл тұқымды малдар саны, малдардың барлық түрлеріндегі асыл тұқымды жас малдарды сату және импортты ескере отырып, төмендегілерді құрады:

- ірі қара мал – 253,6 мың бас (4,1%);
- қой – 1200 мың бас (7,3%);
- жылқы – 39 мың бас (2,8%);
- шошқалар – 94 мың бас (6,8%);
- түйелер – 14,5 мың бас (9,7%);
- құстар – 4,2 млн бас (19,2%).

АҚШ, Канадада малдардың жалпы санынан асыл тұқымды малдың үлесті салмагы 20–30% құрады. Қазақстанда асыл тұқымды малдар санын 25% дейін көбейту жоспарланып отыр, ягни, ірі қара мал бойынша 6,1 есе (1547 мың бас), қойлар – 3,4 есе (4,1 млн), жылқылар – 8,9 есе (300 мың), шошқалар – 3,7 есе (348 мың), түйелер – 2,6 есе (36 мың) және құстар – 1,8 есе (8 млн).

Ресей тәжірибесі көрсетіп отыргандай, қазіргі заман жағдайында пизинг бойынша кез келген асыл тұқымды мал алуға болады: ірі қара мал, қойлар, шошқалар және құстар.

Тұқымдық құрамды жақсарту мақсатында 1700 бас құнажындар мен тайшалар әкелінді, соның ішінде АҚ “ҚазАгроКаржы” арқылы 1,0 млрд. теңгеге Канададан 1504 бас голштин тұқымынан өнімділігі жоғары сүтті мал әкелінді. Сиырлардың өнімділігі күніне 22 л сүт құрайды.

Ірі қара малдың асыл тұқымын дамыту үшін АҚ “ҚазАгроКаржы” арқылы 3 жылда (2009-2011жж.) кем дегенде – 9 мың бас 5,4 млрд. теңгеге мал сатып алынуы керек.

Каржылық лизинг шарттары бойынша қосылған күнға салынатын салықтан босатыла отырып асыл тұқымды малдар сатып алынды. Бұл әкелінген малдардың құнын төмендетуге, екі пилотты жобаларды: “қазіргі заманғы жабдықтары бар және шетел селекциясындағы өнімділігі жоғары малдары бар ірі тауарлы кешендерді құру” жүзеге асыруға қатысқан лизинг алушының қаржылық салмағын төмендетуге мүмкіндік берді. Жобалар екі асыл тұқымды зауыттар: Ақмола облысы Целиноград ауданындағы ЖШС “Агрофирма Отан” және Солтүстік Қазақстан облысының Қызылжар ауданындағы КПТ “Зенченко и К” базасында жүзеге асырылды.

2004 жылдан бастап “Ресагролизинг” ай сайын 20 және одан да көп асыл тұқымды мал лизингін рәсімдеп отырган. Федералды агролизинг жағдайында өзгерістер енгізгеннен кейін, әсіресе, басым үлттық жоба “АӘК дамуы” қабылданғаннан кейін өтінімдер саны едәуір өсті.

2006жылы мал шаруашылығы объектілерін салуға, реконструкция мен модернизацияға 1198 бірлік несие шаттары жасалды. Жасалған шарттар бойынша несие ресурстарының көлемі 4,4 млрд. долл., мемлекеттік бюджет субсидияларының көлемі – 120,9 млрд. доллар құяды, субсидиялауға 10,4 млн долл. анықтама есептер берілді. ААҚ “Ресагролизинг” компаниясы 50 мың бас асыл тұқымды малдар сатып алды, соның ішінде шаруашылықта 18,4 мың бас асыл тұқымды малдар қосылған. Лизинг шарттарымен асыл тұқымды малдар сатып алудың жыл сайынғы қажеттілігі 205 млн доллар құрайды.

2007ж. Франциядан 880 бас шаролез және герефодр элиталық тұқымдагы, ал Австралиядан 18 мың бас асыл тұқымды мал әкелінді. Австралиялық элиталық жоғарғы сұрыптағы малдар соған ұқсас қазақстандық және ресейлік малдарға қарағанда тәуілгіне көп салмақ қосады, олардың тұқымдығы мен өнімділігі бойынша салыстыруға жататын отандық малдарға қарағанда бағасы төмен болып табылады, ол қазақстандық мал шаруашылықтарына отандық тұқымдық базаны қүштейтіп және жетілдіре отырып, жоғары сапалы имортты тұқымдық өнімді сатып алуға мүмкіндік береді.

Лизингке ауылшаруашылық малдарын сатып алу екі жыл ішінде акталады. Сонымен қатар, есіру технологиясын сақтамаса, жақсы тамактану мен күтіп ұстау ережелерін сақтамаса, пайданың орнына зиянға ұшырап қалу мүмкін.

Үлттық жоба шегінде жеткізу шарттары бойынша алынған төл шаруашылықтардың меншігі болып табылады және ары қарай тұқым алу үшін пайдаланылады. Бұл Қазақстандағы мал саны есіп келе жатқанда маңызды болып табылады. Мамандардың пікірінше, 150 мың бас ірі кара мал сатып алып, олардың селекциялық және тұқым алушылық жұмысы дұрыс жүргізілген жағдайда 2012жылға қарай осы санды 1 млн дейін өсіруге болады. Бұл аграрлық лизинг жүйесінің тағы бір артықшылығы болып табылады.

Мал шаруашылығы саласын интенсификациялау мақсатында шетелдердің тәжірибесін басшылыққа ала отырып ішкі және әлемдік

нарықта потенциалды артықшылықтары бар ауылшаруашылықтың басым саласы ретінде “Мал шаруашылығы саласының дамуын жеппелдеть” бағдарламасын жүзеге асыру қажет. Оның жүзеге асырылуы Қазақстанға Австралия, Аргентина, Бразилия және әлемдік нарықтағы басқа да елдерге бәсеке болуга мүмкіндік береді, ет бидайдан кейінгі екінші экспорттық өнім болады.

“Мал шаруашылығының жедел дамуы” үлттық бағдарламасы бағыттарының бірі болып республикалық лизинг жүйесі бойынша асыл тұқымды мал жеткізілімін өсіру табылады. Бұғынгі таңда лизинг шартымен ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілерге асыл тұқымды малдарды жеткізіп беру – бұл ең тиімді және талап етілген қаржылық құрал, ол мал шаруаларына жеңілдетілген жағдайларда асыл тұқымды мал сатып алуға мүмкіндік береді. Мәселенің өзектілігі мал шаруашылығының ауылшаруашылықтың жалпы көлеміне үлесімен анықталады.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отыргандай, ауыл шаруашылығы дамыған елдерде ауылшаруашылық өндірістің көшілік болігі мал шаруашылығына тиеді (Германия – 52%). Сонымен қатар, мал шаруашылығы сала дамуының белгілі бір бағыты болып табылады, себебі, ол өсімдік шаруашылығының елеулі көлемін тұтынады. Есептер көрсетіп отыргандай, өндіріс көлемдерін өсірген кезде мал шаруашылығындағы ауылшаруашылық өндірісінің есу потенциалы бидай экспорттың өсіруден жоғары болып табылады. Сондай-ақ ет және ет өнімдерінің нарығы болашағы мол және әлеуметтік маңызы бар болып табылады. Қазақстанда ет тұтыну адам басына 48 кг құраса, дамыған елдерде – 80-100 кг құрайды.

Мал шаруашылығындағы лизингтің дамуы мемлекеттік қолдауды қажет етеді. Мысалы, 2006-2007 жж. Ресейдің федералды бюджеттінен ААҚ “Ресагролизинг” сатып алу және лизингкке асыл тұқымды малдарды беру үшін, сондай-ақ мал шаруашылығы кешендерін салу үшін 8 млрд. руб. берілді. Украинаның аграрлық саясат министрлігі 2007ж. Үлттық акционерлік компания (УАК) “Ұқрагролизинг” мал шаруашылығындағы лизинг бағдарламасын жүзеге асыру үшін 275 млн грн. берді.

Шаруашылықтармен асыл тұқымды малдар лизингі шартын бес жылға, фермалар мен жабдықтар лизингі шартын жеті жылға жасауы керек. Бұл кезде ұсынылып отырган кесте бойынша майдың

жыл сайынғы қымбаттауы 4%, фермалар мен жабдықтардың – 3,5% артық емес құрайды. Асыл тұқымды малдарды лизинг бойынша, соның ішінде, ірі қара мал мен қойларды, сатып алу кезінде алдын ала төлемдері 7% құрайды. Ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілерге осында қолайлыштарды мемлекет алғашкы рет енгізіп отырғанын атап кеткен жөн.

Шартты қарастыру жоспары және лизинг мәмілелерінің мерзімдері *Лизинг шартын жасау үшін:*

– АҚ “ҚазАгроКаржы” өтінім беру;

– жаргылық және қаржылық құжаттар беру;

– кепілдік қамсыздандыру, оның нысаны мен көлемі бойынша келісімге келу қажет.

Лизинг мәмілесін қарастыру мерзімі – құжаттардың толық кешенін, өтінімді беріп, кепілдеме қамсыздандыру құрылымын келіскеннен кейін екі апта уақытты құрайды. Лизинг алушылардың қалауы бойынша төлемдер тоқсан сайынғы, жарты жылдық (жартыжылдық болғаны дұрыс, себебі, ауылдықтардың табыстары ауылшаруашылық өнімін өндірудің технологиялық циклына байланысты) және жылдық болуы мүмкін, сондай-ақ төлемді 1 жылға шегеру мүмкіндігі бар. Компанияның жұмыс нәтижелері турали лизинг алушы жазбаша хабарданырылады. Лизинг мәмілесін мақұлдаған жағдайда АҚ “Қаз АгроКаржы” және лизинг алушы компания шартқа мөр басып басшылары қолдарын қояды. Бір уақытта тауар жеткізушилерімен тауар жеткізілімі шарты жасалады. Тауар жеткізілімі шарты бойынша лизинг затын сатып алу лизинг алушы лизинг шарты бойынша алдын ала төлемдерін толығымен төлеген күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Асыл тұқымды малдарды сатып алу шарттары. Асыл тұқымды малдар (ірі қара мал, қойлар, шошқалар) қаржылық аренда (лизинг) шарттары бойынша алынады:

– шарттар бойынша есеп айырысу мерзімдері – 5 жылға дейін;

– алдын ала төлемдері – 7% бастап;

– жылына қымбаттау 2,3% артық емес;

– ККС – 12%.

Асыл тұқымды малдар (ірі қара мал, қойлар, шошқалар) боліп төлеу шартымен сатып алу – сату шарттары бойынша:

– есеп айырысу мерзімдері – 5 жылға дейін;

- алдын ала төлемдері – 7% бастап;
- жылына қымбаттау 0,9% дейін;
- ҚҚС – 0%.

*Асыл тұқымды малдарды жеткізуішіден (асыл тұқымды малдар үстайтын кәсіпорыннан) сатып алу механизмі:*

1. Ауылшаруашылық тауар өндіруші АҚ “ҚазАгроКаржы” малдардың санын, түрін, тұқымын, жеткізуішінің көрсете отырып, өтінім жібереді.
  2. АҚ “ҚазАгроКаржы” ауылшаруашылық тауар өндірушінің қаржылық-шаруашылық қызметіне талдау жүргізеді.
  3. АҚ “ҚазАгроКаржы” малдарды жеткізу мүмкіндігін растап, жеткізілім шарттарын корсетуді талап ете отырып, отінім жібереді.
  4. Жеткізуі АҚ “ҚазАгроКаржы” малдарды жеткізу мүмкіндігі мен шарттарын жібереді.
  5. АҚ “ҚазАгроКаржы” және ауылшаруашылық өнімін өндіруші шартқа қол қояды.
  6. Ауылшаруашылық тауар өндіруші АҚ “ҚазАгроКаржы” алдын ала төлемдерін төлейді (малдың құнынан 7%).
  7. АҚ және жеткізуі тауар жеткізілімі шартына қол қояды.
  8. Ауылшаруашылық тауар өндіруші малдарды резервтің 100% + 5–10% есебінен іріктейді де жеткізуімен іріктеу актісін жасайды.
  9. Малдың 80% құны көлемінде алдын ала төлемдерін жасайды.
  10. Жеткізуі малдарды карантин аймагына жеткізеді (жеткізуі аумағында).
  11. Жеткізуі малдардың карантинда 20 күн болуын қамтамасыз етеді. Ветеринарлық қызмет Қазақстан Республикасының ветеринарлы талаптары орындалуын сақтау мақсатында малдарды зерттейді.
  12. Карантин аяқталған соң жеткізілім жүзеге асырылады, беру – еткізу актісі жасалады.
  13. АҚ “ҚазАгроКаржы” жеткізуішіге малдың құнынан 20% төлейді.
- АҚ “ҚазАгроКаржы” арқылы асыл тұқымды малдарды сатып алу тәртіби:*
- ауылшаруашылық өндірушіден өтінім мен анкета. құжаттар тізімі мен кепілдік қамсыздандыру алынады.
  - несие комитеті
  - шарт жасасу

- алдын ала төлемдерді жасау
- жеткізушиден асыл тұқымды малдарды алу;
- карантин
- асыл тұқымды өнімді қабылдау – өткізу актісі;
- 5 жыл ішінде шарт бойынша есеп айрысу.

АҚ “ҚазАгроКаржы” арқылы малдарды алу үшін төмендегілерді анықтау кажет:

- асыл тұқымды малдардың қайсысын сатып алу жоспарланып отыр (тұқымы, жыныстық, жастық тобы);
- малдар саны, қай елден.

Асыл тұқымды малдарды сатып алу үшін өтінімді берер алдында төмендегілерді ескеру керек:

- гимарат мен жабдықтар;
- жемшөп қоры;
- кәсіпорында асылдандыру жұмыстары жүргізіліп жатыр ма және мамандармен қамсыздандырылуы;
- малдарды ұрықтандыру.

Асыл тұқымды малдарды сатып алған кезде шарттың әрекет ету мерзімінде олардың сақталуы қамтамасыз етіледі, ол АҚ “ҚазАгроКаржы” ескертіледі:

- белгіленген үлгідегі өтінім мен анкета;
- құжаттардың қажетті жиынтығы;
- кепілдік қамсыздандырылуы;
- келісілген кепілдік қамсыздандырылуы.

Асыл тұқымды малдарды лизингтік негізде іріктеген кезде ескерілетіндер:

- ауылшаруашылық кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығы;
- асыл тұқымды малдарды қабылдау үшін гимарат пен жабдықтардың дайындығы;
- қажетті жемшөп қорының болуы;
- кәсіпорындағы асылдандыру жұмысының деңгейі;
- менеджменттің кәсібілігі;
- АҚ “ҚазАгроКаржы” алдында қарыздың болмауы.
- кепілдік қамсыздандыруды бір жылдық төлемге беру мүмкіндігі.

Қаржылық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етумен жұмыстың әдістемесі. Қаржылық аренда (лизинг) шартын, бөліп төлеу шартымен сатып алу – сату шартын, материалдық-техникалық

ресурстар мен асыл тұқым өнімдерін жеткізу дің өзге де шарттарын қасасудың міндепті шарты болып контрагенттердің төлемдер бойынша міндептемесінің орындалуын қамсыздандыру табылады.

АҚ “ҚазАгроКаржы” заңмен көзделген міндептемелердің орындалуын қамтамасыз етудің барлық түрлерін қабылдайды: кепіл, кепілдік, банк кепілдігі, мемлекеттік кепілдік, тәуекелдердің сақтандыру және т.б.

Қамтамасыз ету көлемі контрагенттің лизинг шарты бойынша немесе алдын ала төлемдерін алып тастай отырып, басқа да шарттар бойынша міндептемелер сомасы ретінде анықталады. Қамсыздандыру көлемі АҚ “ҚазАгроКаржы” контрагенттің қаржылық жағдайын, оның несиелік тарихын және өзге де факторларды ескеріп анықтайтын. Қамсыздандырудың минималды көлемі мәміле бойынша жылдық төлем сомасынан кем болмауы керек, лизинг шарты немесе өзге де шарт әрекет ету мерзімі бойында қамтамасыз етуді жыл сайын қайта рәсімдеу шартымен қамтамасыз етеді.

АҚ “ҚазАгроКаржы” міндептемелердің орындалуын қамтамасыз етуге қоятын негізгі талап қамтамасыз ету заттың сенімділігі мен ликвидтігі, сондай-ақ беріліп отырған қамсыздандырудың құқықтық нормаларға сәйкес болуы.

Қамтамасыз етуді беріп отырған тұлғаның қаржылық тұрақтылығы болып, ұйымның қалыпты қызмет ету қабілеттілігі, сыртқы факторлардың ықпалына қарамастан, есеп айырысулар бойынша міндептемелерін уақытында және толық орындау қабілеті танылады. Қаржылық тұрақтылық, қаржылық көрсеткіштер бойынша есептеледі, ол АҚ “ҚазАгроКаржы” нормаларымен есептеледі. Қесіпорын пайдалы, рентабельді, қаржылық тәуелсіз, компанияның таза активтерінің құны оң және қамтамасыз етіліп отырған міндептемелердің құнынан жоғары, өзіндік айналымдағы қорлары, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндептемелері бойынша төлем қабілеттілігі болуы қажет.

Қамтамасыз ету затының сенімділігіне сәйкес мүліктің өзіндік тұтынушылық, пайдаланушылық және өзге де пайдалы сипаттамаларын ұзақ мерзім сақтау және пайдалану кезінде сактау қабілеттілігін көздейді.

Қамтамасыз ету затының өтімділігі міндептемелерді өтеу үшін максималды мүмкін баға бойынша қамтамасыз ету затын өткізу деңгөн мағынаны білдіреді.

Ұсынылып отырған қамтамасыз ету затының құқыктық нормаларға сәйкестігі – бұл заң талаптарына сәйкес АҚ “ҚазАгроКаржы” алдындағы міндеттемелерді орындау бойыншамәміленің зандылығы. Сонымен қатар, сәйкес қамтамасыз етуді беріп отырған адам осы мәмілені жасауға құқық қабілеттілігі барын жазбаша құжаттарымен дәлелдеуі керек. Кепіл затына меншік құқығының жүктеулері болмауы керек, ол еш жерде кепілге салынбаған, сенімгерлікпен басқаруга берілмеген, қамауда тұрмаган, азаматтық айналымнан шықпаған, кепілге салу заңмен тыйым салынған мүлікке жатқызылмаған, оған заңмен айып салу тыйым салынбаған болуы керек.

Қамтамасыз етуді оның жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкестігін тексеру үшін ұйым АҚ “ҚазАгроКаржы” құрылтай құжаттарын және қамтамасыз етудің сәйкес түрін бағалау үшін өзге де құжаттарды беруі керек. Қажет болған жағдайда АҚ “ҚазАгроКаржы” өкілі орнында тексеру үшін қамтамасыз етуді беріп отырған тұлғаға барып тексереді.

*Асыл тұқымды малдарды импорт бойынша сатып алу. Шеттеден асыл тұқымды малды кіргізуге рұқсат алу тәртіби.* Шеттеден асыл тұқымды малдарды сатып алуды жоспарлап отырған шаруашылық ҚР (облыс, республика) субъектісінің ветеринарияны басқару органының басшысына кіргізуге рұқсат беру туралы хат жазады. Хатқа қосымша шаруашылық орналасқан аудандағы ветинспектор жазған соған ұқсас хат салынады.

Ветқызметтің мен шаруашылық субъектілерінің уәкілетті өкілдері аумақтық басқарма өкілінің қатысуымен шаруашылықты импортты асыл тұқымды малды кіргізу мүмкіндігіне тексеруді жүзеге асырады, соның нәтижесінде зерттеу актісі жасалады, онда карантинде жүргізу үшін шарттардың бар болуы, асыл тұқымды малды ары қарай ұстай мүмкіндігі қарастырылады. Республика субъектісінің ветқызметі ветеринарлық және фитосанитарлық кадағалау бойынша республикалық қызмет мекен – жайына рұқсат алу үшін өтінім жіберіледі. Оған қоса берілетіндер:

- аудан әкімшілігінің кепілдігі;
- шаруашылықты зерттеу актісі (еркін нысанда)
- пайдалануға рұқсат етілген селекциялық жетістіктердің мемлекеттік реестрінен үзінді

Республика халқын ет өнімдерімен қамсыздандыру және оны экспорттау үшін Қазақстандағы мал шаруашылығын жеделдетіп замыту, малдардың репродукциялық потенциалын қалпына келтіру қажеттілігіне қарай мал шаруашылығы багытындағы шаруашылықтарда селективті мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру, коммерциялық банктер лизинг компанияларының мал шаруашылығы кешендерін салуда қатысуы бойынша қызметтің белсенділендіру, өнімділігі жоғары асыл тұқымды малды, техника мен технологиялық кабдықтарды мал орындарын құрып, модернизациялау үшін сатып алып лизингке беруді көнінен пайдалану ұсынылып отыр.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде асыл тұқымды малдардың лизингінің сұранысы жоғары деген тұжырымға келуге болады. Бұл республика аумақтарына ірі қара малдар және өзге де малдар санын қалпына келтіру бойынша капиталды қажет ететін бағдарламаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сәйкес жемшөп қоры бар, жабық технологиялық циклы бар қазіргі заманғы мал шаруашылығы кешендерін құрады.

## **6 тарау. НЕГІЗГІ ҚАРАЖАТ ЛИЗИНГІН ДАМЫТУ ҮШИН НОРМАТИВТІК – ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗАНЫ ЖЕТІЛДІРУ**

Қазақстандағы лизинг қатынастарын құқықтық реттеу Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделген сәйкес нормативтік – құқықтық базаны құрудан кейін мүмкін болды.

Қазақстан Республикасында лизинг қатынастарының құқықтық аумағы келесі нормативтік – құқықтық актілермен қамтамасыз етіледі:

– КР 05.07.2000ж. “Қаржылық лизинг туралы” № 78-И Заңы, сонымен қатар, осы баптың сәйкес пунктіде егер Қазақстан Республикасымен ратификацияланған халықаралық шарттарында лизинг туралы Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделгеннен өзге ережелер болса, онда халықаралық шарттардың нормалары қолданылады.

– КР Азаматтық кодексімен (Ерекше бөлім) 01.07.1999 ж. № 409-1;

– КР 12.06.2001ж. № 209-П “Салықтар және бюджетке төленетін өзге де төлемдер туралы” (Салық кодексі);

– КР 13.07.1999ж. № 411-1 Азаматтық іс жүргізу кодексімен;

– КР 08.01.2003ж. № 373-П “Инвестициялар туралы” Заңымен;

– КР 05.04.2003ж. № 401-И Кеден кодексімен;

– КР Үкіметтің Қаулысымен;

– 17 бухгалтерлік есеп стандартымен “Аренданы есепке алу”.

“Қаржылық лизинг туралы” Заңының 5 баптың 1 – тармақшасына сәйкес лизинг алушыга уақытша пайдалану және иелену құқығымен берілген лизинг затына менишік құқығы лизинг берушіде лизинг шартының әрекет ету мерзімінде қалады. Осы ережеден шектеу лизинг алушы лизинг шарты бойынша барлық ақшалай міндеттемелерін орындаған жағдайда лизинг шартының мерзімі аяқталғанға дейін (егер осындай өту лизинг шартымен көзделген болса) беріледі

Сонымен, лизинг затына менишік құқығының лизинг берушіден лизинг алушыға ауысуы екі жағдайда ғана жүзеге асырылады:

– лизинг шартының әрекет ету мерзімі аяқталғаннан кейін;

– егер ол лизинг шартымен көзделген болса, лизинг шартының мерзімі өткеннен кейін.

Сонымен қатар, бірінші және екінші жағдайларда лизинг затына меншік құқығы лизинг алушы лизинг беруші алдындағы ақшалай міндеттемелерін толығымен орындаған кезде гана ауысады.

Лизинг алушы ретінде өкілдік болған жағдайларда ҚР “Қаржылық лизинг туралы” Заңымен өкіл лизинг алушылар туралы жеке ережелер көзделмеген. Осыған байланысты өкіл болып табылатын лизинг алушыға меншік құқығының ауысуы жалпы тәртінте жүзеге асырылады.

Экономиканың әр түрлі салалары негізінде лизинг мәмілелерін іс жүзінде жүзеге асыру ҚР заңнамасын ары қарай жетілдіру қажеттілігін анықтады. Шаруашылық субъектілерінің негізгі қорларын жаңартудың қажеттілігі жағдайында мемлекет міндеті уақытша бос ақша қаражаттарын негізгі қорлар лизингіне тікелей салуға ықпал ететін зан арқылы реттеу жүйесін құру болып табылады. Ол үшін қаржы лизингіне салықтық жеңілдіктер беру институтын сақтау және жетілдіру, әрекет етуші нормативтік – құқықтық актілердегі кемшіліктерді жою бойынша, оларды әр түрлі түсінуге жол бермеу мақсатында кейбір нормаларға нақты редакция беру бойынша, “Қаржылық лизинг” және “Қаржылық лизинг бойынша сыйақы” терминдерін салық және азаматтық заңнамада әр түрлі түсінуге жол бермеу бойынша шараларды жүзеге асыру керек.

“Бидай лизинг компаниясының” тәжірибесі лизинг қызметінде бірқатар проблемалар мен әрекет етуші заңдардың кемшіліктерін анықтады. Қаржылық лизингке байланысты және шешілуі үшін әрекет етуші заңнамага өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет етілетін мәселелерді қарастырып кетейік.

ҚР “Қаржылық лизинг туралы” Заңында қаржылық лизинг анықтамасы беріліп, оның міндетті белгілері көрсетіліп кеткен. Сондай ақ ҚР “Салықтар және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер туралы” кодексінде (ары қарай Салық кодексі) лизинг белгілері шамалы өзгеше көрсетіліп кеткен. Мәселен, Заңың 2 бабына сәйкес лизинг затына меншік құқығының лизинг алушыға ауысуы лизинг шартының мерзімі аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады және ол өтуге шартта көзделген жағдайдаған жол беріледі және ол лизингтің міндетті емес белгісі болып табылады. Сонымен қатар. Салық кодексінің 74 бабында лизинг затына меншік құқығының лизинг алушыға ауысуы қаржы лизингін өзге ұқсас мәмілелерден ажырату үшін қажетті міндетті белгілер катарына жатқызылған.

Нәтижесінде, егер лизинг затына меншік құқығының лизинг алушыға ауысуы көзделген болса, ол Заң талаптарына толығымен сәйкес болған, ал салық салу мақсаттары үшін осы мәміле лизинг бойынша қарастырылмауы керек, себебі, жоғарыда көрсетілген шарт жоқ. Сонымен қатар, қаржылық лизинг мәнін анықтаган кезде Заң мен Салық кодексі әр түрлі терминдерді қолданады, атап айтқанда, Занда қаржылық лизингтің мерзімін лизинг затының барлық немесе елеулі құнының (кем дегенде 80%) амортизациясымен байланыстырса, Салық кодексінде (74 б.) осы лизинг мерзімін негізгі қорлардың пайдалы мерзімінен асырмауы керектігі туралы айтылады.

ЖШС “Бидай лизинг компаниясының” несие қаражаттарын лизинг кестелеріне қарай тарту бойынша тәжірибесі несие беру мерзімдері лизинг затының пайдалы қызмет ету мерзімдерінен едәүір тәмен екенін көрсетіп отыр. Сонымен қатар, несиелеудің ұзақ мерзімі лизинг алушылар үшін де қолайсыз болып табылады, себебі, оадың бизнес жостарлардың ақталу мерзімдері пайдалану мерзімдерінен едәүір тәмен болып табылады.

Іс жүзінде қаржылық лизингтің минималды мерзімін шектеу компаниялар пайдалану мерзімдерін іс жүзіндегіден қысқа көрсетуіне әкеп соқтырған, ал ол өз кезегінде мәмілені қаржылық лизинг емес деп тануға және салық салудың режимін қайта қарастыруға әкеп соқтырған. Немесе қаржылық лизинг шартындағы мерзім пайдалы қызмет ету мерзіміне сәйкес келеді, бірақ төлем кестесі лизинг алушы барлық соманы алғашқы 3-5 жылда төлеп тастайтындей жасалған. Бағасының қалған бөлігі шарттың мерзімі аяқталғаннан кейін төленген, меншік құқығы ол аяқталғаннан кейін ауысады. Меншік құқығының жоқ болуы, яғни лизинг затына билік ету құқығы лизинг алушы үшін елеулі қолайсыздықтар тудырып отырды, соның ішінде барлық төлемдері төленген мүлікті кепілге салуга мүмкіндігінің болмауы. Сонымен қатар, Салық кодексінің 74 бабының нормалары қаржылық лизинг мәмілесін сипаттайтын халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді. Бұрын әрекет еткен Заңының 43 бабына сәйкес (ҚР Салық кодексін 23.01.2001 ж № 147-П қабылдануымен 74 бапқа ауыстырылды, “ҚР “Салықтар және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер туралы” Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” Заңың қабылдаумен) жалдау мәмілесі келесі шарттарды қанағаттандырған кезде лизингтік деп танылған:

- жалға алу мерзімі негізгі қорллар қызмет етуінің 80% асатын болса;
- жалға алушы негізгі қорларды бекітілген баға бойынша немесе жалдау аяқталған кезде анықталатын баға бойынша сатып алу құқығына ие болса;
- жалдау аяқталған кезде негізгі қорлардың қалдық құны олардың жалдау басындағы құнының 20% құраса;
- жалдау мерзіміндегі ағымдық (дисконтталған) баға жалға алынатын құралдар бағасының 90% құраса.

Біздің ойымызша, 43 балта қаржылық лизинг түсінігі халықаралық экономикалық стандарттарға сай болып табылады.

Қаржылық лизингті реттеуді жетілдіру мақсатында:

1. “Қаржылық лизинг туралы” Заңының 12 б. 1 б. 4 т. Сәйкес лизинг алушы лизинг беруші лизинг шартын бір жақты тәртіпте тоқтатқан кезде лизинг төлемдері мен аванс төлемдерін қайтаруды талап етуге құқылы. Бірақ, қай төлем аванстық болып табылатыны және қай мерзімге дейін аванстық болып қалатыны белгісіз.

Заңмен тараптардың біреуінің (соның ішінде, лизинг берушінің) бастамасы бойынша лизинг шартын тоқтатудың сортың қана тәртібі көзделген. Сонымен, лизинг берушінің бастамасы бойынша лизинг шартын бұзы лизинг алушы лизинг шарты бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайдаған жүзеге асырылады. Шартты бір жақты тәртіпте бұзы сот шешімін шығаруды көздейді, сондықтан, лизинг алушы құқықтарын шектеу мүмкін емес болып табылады. Аванс ретінде төленген сомалар лизинг шарты әрекет етуінің барлық мерзімінде аванстық төлем мәртебесіне ие болады. Осы жағдайда лизинг алушы лизинг мерзімі аяқталғанға дейін аванспен төлемдер төлей отырып, лизинг шартын дәлелді бұзған кезде әрекет етуіндегі қалған мерзімінде лизинг берушіден аванс түрінде төлеген сомалардың барлығын талап етуге құқылы. Осындай ереже лизинг берушіге қатысты әділетті емес болып табылады, себебі, лизинг алушы қаржылық лизинг шартының мерзімі аяқталғанға дейін лизинг затын иеленіп, пайдаланды. Біздің ойымызша, Заңының 12 б. 1 б. 4 т. Лизинг алушыға лизинг берушіден оған төлеген қараждаттарды қайтару мүмкіндігі туралы ережемен толықтырған жөн. Осы толықтыру лизинг алушылар тарапнан белгісізді пен арамниеттілік жағдайларын алдын алуға мүмкіндік береді.

2. Заңның 15 б. 2 б. 10 т. Сәйкес лизинг шартының елеулі ережелерінің бій ретінде лизинг затын міндетті сақтандыру болып табылады. Сонымен қатар, лизинг шартымен лизинг берушінің немесе лизинг алушының лизинг шартын сақтандыру міндеті көзделуі мүмкін деп көрсетілген (Заңның 20б. 2б.), яғни лизинг шартын сақтандыру міндетті емес деп көрсетілген.

Міндетті сақтандыруды алып тастау дұрыс олып табылады, ол лизинг шартына қатысуышарга осы мәселені өз еркімен шешуге мүмкіндік береді.

Лизинг алушы лизинг беруші тарапынан қаржылық тұрақтылығы бар тұлға, ол лизинг затын сақтандырмауға құқылы болып табылады, ал ол өз кезегінде лизинг бойынша шығындарын төмөндөтүге мүмкіндік береді. Мәселен, ЖШС “Бидай лизинг компаниясының” ресейлік комбайндар мен тракторларды сақтандыру бойынша тәжірибесі көрсетіп отырғандай, Қазақстандағы алдыңғы қатарлы сақтандыру және қайта сақтандыру компанияларының ресейлік тракторлар мен комбайндарды сақтандыру ставкалары жылдық 2,5 до 6% құрағанын көрсетіп отыр. Сақтандыру шарты әдетте ары қарай пролонгация мүмкіндігін бере отырып, бір жыл мерзімге жасалады. Сыйақы мөлшері жыл аяқталған соң анықталады. Лизинг шартының келесі елеулі ережесі болып тараптардың біріне мемлекеттік тіркеу бойынша міндеттерді жүктеу табылады. Осы шарт лизинг заты ретінде міндетті түрде мемлекеттік тіркеуге жатпайтын мүлік болған кезде (мысалы, егу агрегаттары) қолданылмайды. Яғни, лизинг шарты жасалмаған болып есептеледі.

3. Лизинг туралы әрекет етуші зандардагы маңызды мәселесі – бұл лизинг беруші меншік иесі бола тұра арам ниетті лизинг алушыдан өз міндеттерін орындаған жағдайда лизинг затын соттан тыс тәртіпте тартып алу мүмкіндігінің, лизинг шартын жедел түрде бір жақты тәртіпте бұзуға, лизинг затын алып жедел түрде басқа да лизинг алушылар арасында таратады.

Аталған мәселелерді шешу үшін біздің ойымызша, 17 және 24 баптарына өзгерістер енгізу керек. Бұл тараптарға шартта оны бір жақты тәртіпте бұзу және/немесе техниканы алып қою жағдайларын өз еркімен анықтауға мүмкіндігін занда бекітуге мүмкіндік береді.

Салық кодексіне өзгерістер енгізу қажеттігі туралы:

1. Заңның 21 бабына сәйкес лизинг төлемдері – лизинг затының лизинг шартын жасасқан сәттегі барлық құны немесе оның негізгі

бөлігінің амортизациясын ескере отырып есептелген және лизинг шартының барлық мерзімінде жүзеге асырылатын мерзімді төлемдер. Оған кіретіндер:

– лизинг берушіге лизинг затын сатып алуга кеткен немесе лизинг затын тікелей сатып алып, жеткізу бойынша және лизинг шартына сәйкес оны мақсатына сай пайдалану үшін жұмысқа қосу бойынша шығындарды өтеу;

– лизинг бойынша сыйақы.

Лизинг төлемдерінің бірінші құрамдас бөлігі мәнісі бойынша 7 Бухгалтерлік есеп стандарттарында “тауарлы материалдық запастарды есепке алу” берілген тауарлы материалды запастардың өзіндік құны анықтамасына сәйкес келеді. Сонымен, лизинг төлемі екі құрамдас бөліктерден тұрады: лизинг заты бойынша өзіндік құнын өтеу және лизинг бойынша сыйақы. Лизинг алушыда айналымдагы қорлардың кетуін азайту мақсатында лизинг шартында лизинг берушінің ҚҚС төлеу мерзімін лизинг төлемдерін алушмен бірге бекіткен жөн. Ол үшін Салық кодексінің 216 б. 2 б. келесі тармақшамен толықтыру ұсынылады: “Лизинг алушы негізгі қор ретінде мүлікті қаржылық лизингке алған кезде өткізу бойынша айналымды жүзеге асыру күні ретінде қаржылық лизинг шартына сәйкес лизинг төлемін алған күн есептеледі”. Сәйкесінше, мүлікті қаржылық лизингке берген кезде салық салынатын мүлікті анықтау үшін Салық кодексінің 217 бабын 8 бөлікпен толықтыру керек: “Лизинг алушы негізгі қор ретінде мүлікті қаржылық лизингке алған кезде, салық салынатын айналымның мөлшерін анықтаған кезде оған сыйақы мен ҚҚС қоспағандағы айналым жасалған күндегі лизинг төлемін негізге алу керек”.

2. Жоғарыда айтып кеткендей, мүлікті лизингке беру ҚҚС тек қана сыйақы бөлігінде босатылады, егер ондай беру Салық кодексінің 74 бабына сәйкес болса және лизинг алушы ол мүлікті негізгі қор ретінде алатын болса.

Лизинг мәмілесінің мақсаты – лизинг алушының негізгі қорларды сатып алуы, ал лизинг беруші осы инвестициялық операцияның несие берушісі болып табылатындықтан, лизинг берушінің лизинг затына меншік құқығының сақалуы лизинг алушы үшін осы мүліктің бағасы есуіне әкеп соқпайтын салық салу жағдайларын жасау керек. Женілдіктерді лизинг беруін емес, лизинг алушы беру керек. Олай болмаса, аталған санаттағы тауарлы қаржылық лизинг арқылы

сатып алу пайдалы емес болады, себебі, лизинг кестесі арқылы алынатын тауарық құны лизингсіз тікелей сатып алынған тауарлардан төмен болады. Лизинг алушы лизинг берушіге ҚҚС төлеуге міндettі болады, ал ол сол тауарды тікелей (импорттен) сатып алған кезде ол аталған сомаларды төлеуден босатылар еді. Шаруа (фермер) қожалықтары үшін импорттық ауылшаруашылық техниканың лизинг құнының бұрынғы бағалармен салыстырганда 16% қымбаттау фактісі ол лизинг шартымен техника сатып алу кезінде күрделі болуы мүмкін.

Ауыл шаруашылығындағы лизинг мақсатына сай емес болып келеді, себебі, ол лизинг кестесінен тыс тікелей сатып алу немесе импорттауға қарағанда, техниканың қымбаттауына әкеп соғады. Сонымен қатар, ауылшаруашылық техниканы өз бетімен тек қана ірі ауылшаруашылық құрылымдар сатып ала алатынын, ал республикадағы көптеген орта және ұсак тауар өндірушілер үшін қаржылық лизинг ескірген комбайндар мен тракторлардың паркін жаңартып, модернизациялаудың жалғыз әдесе болып табылатынын ескерген жөн.

3. Бұрын әрекет еткен салық заннамасында ауылшаруашылық, соның ішінде, агролизинг үшін елеулі жеңілдік ретінде ауылшаруашылығында қоданылатын тауарлар импорты кезіндегі есепке алу әдісі табылатын, ол техниканы ҚҚС төлемей иморттауға, яғни ҚҚС салынатын өзіндік айналымдарға ҚҚС төлеуді кейінге шегеруге мүмкіндік берген. Осы жеңілдік ете маңызды болып табылады, себебі, ауылшаруашылығында пайда табудың маусымдық сипатын ескеруге мүмкіндік береді. Есепке алу әдісі лизинг компаниясына ауылшаруашылық техниканы импорттаған кезде оны өндіруші зауыттың бағасы бойынша ҚҚС төлемей лизингке беруге мүмкіндік береді.

Бірақ Салық кодексінің 250 бабымен ауылшаруашылық техника импорт кезіндегі есепке алу әдісі қолданылатын тізімнен алынып тасталған. Сонымен бірге, қазіргі жағдайда және республикадағы ауылшаруашылық техникамен қамсыздандыруға қатысты қазіргі тенденцияларға сәйкес ауылшаруашылық тауар өндірісінде пайдаланылатын тауарлардың импорты үшін осы жеңілдікті алып тастаудырыс емес деп есептейміз. Сонымен, ауылшаруашылық өндірісте пайдаланылатын тауарлар импорты кезінде ҚҚС есепке алу әдісін

төлдөн отырып, төлеуғе мүмкіндік беретін 250 бапты осы редакцияда жазу ұсынылады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының заңнамасына “пайдаланылған лизинг” терминін қосу және лизинг алушыга бұрын затып алған техниканы беру міндеті бөлігіндегі қаржылық лизинг ұнықтамасын түзетуге “иә” деген аргументтерді көрсетіп кетейік.

Техниканы сатып алуға икемді әдісті пайдалану (сатушының маусымдық, көтерме және өзге де женилдіктері; аса қажет техникаға ұраныс пен ұсынысты есепке алу мүмкіндігі; мамандарды жабдықтарды таңдал сатып алу үшін тарту мүмкіндігі).

Лизинг затын лизинг беруші белгілі бір жеткізуашіден көтерме баға бойынша сатып алуы лизинг алушының белгілі бір тапсырысы үйрекшінше бір бірлік тауар сатып алғанға қарағанда, лизинг алушы үшін де лизинг беруші үшін де экономикалық тұрғыда тиімді болып габылады.

Көтерме сатып алу лизинг алушының да лизинг берушінің де әңші шығында қаржаттарын лизинг затын жеткізу бойынша шығындарын тарату есебінен үнемдеуге мүмкіндік береді, себебі, көлік және өзге де шығында көптеген техникаға кетеді, сол арқылы техника бірлігіне кеткен қосымша шығындар азайтылады.

Салынған қаржаттардың қайтарылмауы қаупін төмендеті (техниканы қайтарған кезде сату немесе жалға беру ғана мүмкін, ол сыйақы мөлшерінде көрсетілген пайданы лизинг берушінің алуын болдырмайды).

Заңнаманың кемшилігі “Пайдаланылған лизинг” терминінің болмауы, ол техниканы қайтадан лизингке беруге мүмкіндік бермейді.

Ресей лизинг компаниялары заңнаманың осы кемшилігін келесі жолмен білдіртпейді: лизинг алушы техниканы қайтарған кезде және оны қайтадан лизингке беру мүмкіндігі болмағанда лизинг компаниясы лизинг затын аффиирленген тұлғаға одан ары қарай алдын ала анықталған лизинг алушыға беру максатында сатуды жүзеге асырады. Сонымен, осы кестеде тағы да сатушы пайда болады, ол техниканы қайтадан лизингке беруге мүмкіндік береді, ал ол лизинг объектісін тек қымбаттатады.

Оған бастапқы лизинг алушы қайтарып берген техниканы қайтадан лизингке беру үшін айналма жоларды лизинг берушінің іздеуін алдын алу үшін заңға қайталама лизинг терминін енгізу қажет, ол лизинг процесінің екі тарапын да қанагаттандыруға мүмкіндік береді.

Қазақстанның ішкі нарығында ауылшаруашылық техниканы ірі көлемде өндірушілер болмағандықтан АҚ “ҚазАгроКаржы” ауылшаруашылық техниканы ресейлік және шет елдік өндірушілерден сатып алуға мәжбүр. Осы жағдай техниканы жеткізу орнына дейін орналастыру үшін көптеген уақыт бөлуді қажет етеді. Жеткізу меріміне кіретіндер: техниканы тасымалдау үшін техникаға тапсырыс беру, оны тиеп түсіру үшін техника мен адамдарды жалдау, сәйкес құжаттарды рәсімдеу, техниканы тасымалдауды жүзеге асыру, кеден және өзге де рәсімдерін жасау.

Сонымен, оны жіберу пунктісіне қарай техниканы жеткізу 2 айдан астам уақытты талап етеді. Ауылшаруашылық техникаға сұраныстың маусымдық сипатқа ие болғанын ескере отырып, техниканы алдын ала сатып алған дұрыс болады, ал ол ез кезегінде қаржылық лизингке сатушыдан алдын ала сатып алған техниканы лизинг алушыға беру тұрғысында түзету дұрыс болып табылады.

Мүмкін болатын лизинг алушының тауар сапасын, оның жағдайын, техникалық сипаттамаларын және т.б. нақты тексеру мүмкін.

Психологиялық тұрғыдан қарағанда сатып алуыға нақты тауарды оны көріп отырып, таңдау тиімді болып табылады. Ол сатып алушыны күтумен байланысты. Мәселен, техниканы қаржылық лизинг шартын жасасу алдында жеткізгенде мүмкін болатын лизинг алушыда төмендегілерге мүмкіндік пайда болады:

- тауар сапасын, оның техникалық жағдайы мен сапасын нақты бағалауға;
- тауар сапасы мен бағасының арақатынасын анықтауға, ол мәмілені жасау туралы шешім өабылдағанда негізгі бағыттардың бірі болып табылады;
- техниканы лизинг негізінде алған соң оған қызмет көрсетудің нақты мүмкіндігін бағалауға.

Жоғарыда көрсетілген дәлелдердің негізінде заңнамаға “пайдаланылған лизинг” терминін енгізуі және заңнамаға алдын ала сатып алған техниканы лизинг алушыға беру тұрғысында түзетулер енгізуі ұсынамыз.

Ұсынылған өзгерістердің көшілік бөлігі “Каржылық лизинг туралы” Заңы мен Салық кодексіне 2002-2003ж.ж. енгізілді.

Лизинг компанияларының практикалық қызметі процестерінде. халықаралық деңгейдегі лизинг мәмілелерінің масштабтарын көнейту кезінде лизинг дамуын тәжійтін біркатарап факторлар пай-

да болды. Олар қаржылық лизинг анықтамасына, лизинг затының пайдалы қызметіне, салық ауыртпалығын төмендетуге, салық жеңілідтерін сақтауға байланысты болды.

Негізгі өзгертулер мен толықтырулар халықаралық қаржылық лизинг шарттары бойынша резидент еместердің долдарына салық ғалумен байланысты болды. 179 б. 3б. төмендегі ережемен толықтырылды: 2004 ж. бастап осындай шарттар бойынша резидент еместердің табыстарына төлем көзінде салық салынбайды, оған сыйақылар кірмейді. Салық қодексіне өзгерістер енгізбесте бұрын осындай операцияларга салық салу тәртібі анық көрсетілмеген және қолтеген даулар тудырган. Бұл қадам, әрине, халықаралық лизингтің дамуы үшін өте олайлы болып табылады және Қазақстанға шет ел капиталды жинауга ықпалын тигізеді.

Сонымен қатар, 94 баптағы өзгерістер лизинг алушыларға алынған сыйақы сомаларын салық салынатын табысты анықтаған кезде шегіп тастауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, лизинг алушы Республика аумағында алғашқы рет пайдаланылып жатқан техникаға амортизацияны екі есе норма бойынша есептеуге мүмкіндік беретін нормалар да сақталған (110 б.).

Салық кодексінің 138-140 баптарына және “Инвестициялар туралы” Занға сәйкес лизинг инвестициялық қызметтің бір түрі болып табылатындықтан, лизинг алушыда корпоративті табыс салығы және мүлікке салынатын салық бойынша инвестициялық салық преференцияларын алу мүмкіндігі сақталды.

Ең маңызды өзгеріс ретінде негізгі қорлар импортын ары қарай қаржылық лизингке беру үшін ҚҚС босату табылады. (234 б.). осындай негізгі қорлардың тізімі ҚР Үкіметімен бекітіледі және қазіргі кезде өндөлу үстінде. Сонымен қатар, лизинг беруші импорт режимімен әкелген негізгі қорларды лизингке беру жоғарыда көрсетілген тізім бойынша ҚҚС босатылады. (228 б.). Сонымен, лизинг алушы негізгі қорларды бағасында ҚҚС болмағандықтан, тікелей импорт арқылы төмен бағамен сатып алуға мүмкіндік алады.

Қаржылық лизинг шарттары бойынша сыйақыға ҚҚС салық салу тәртібі бұрынғыдан сақталып қалды, яғни аталған сомалар ҚҚС салудан босатылады (228 б.). жалпы алғанда, лизингке салық салу бойынша бұрынғы салық жеңілдіктерінің сақталуы, сондай ақ 2004 ж. күшіне енген жоғарыда көрсетілген өзгерістердің ізі Қазақстандағы лизинг дамуына оң ықпалын тигізеді. Ол бәсекелестікті дамытуға,

лизинг қызметтерінің сапасын арттыруға, сыйақы мөлшерлерін төмендетуге мүмкіндік береді. Лизинг қызметтерінің нарығы инвесторлар үшін де өндірушілер үшін де тартымды болып келеді.

Лизингті тиімді пайдалану үшін – құқықтық және ұйымдастырушылық-әдістемелік негізді жетілдіру қажет болып табылады. Сонымен қатар, қаржылық лизинг мерзімін 3-5 жылдан 6-10 жылға дейін ұзарту (нақты тозғанға дейін) ұсынылады, ол бастапқы жарна көлемін 2-30% дан 8-10% дейін төмендетуге және лизинг операцияларын жүзеге асыруға өқамтамасыз ету – откізу қосымшасын төмендетуге септігін тигізеді.

Мемлекетаралық лизинг қызметінің құқықтық негізін қамтамасыз ету үшін ТМД де 1998 ж. 25 қарашасында ТМД қкіметтер басшысының кеңесімен Мәскеуде халықаралық лизинг туралы конвенция қабылданды. Ол мемлекетаралық лизинг қызметінің өажетті жағдайларын реттейтін ережелер жиынтығы болып табылады және экономиканың нақты секторындағы тауар өндірушілердің дамуына өз ықпалын тигізеді. Аталған Конвенцияны ратификациялау ТМД қатысушы мемлекеттерге лизинг туралы келісімдер мен шарттардың негізінде өзара тиімді ынтымактастыққа келуге және мемлекетаралық лизинг компаниялары мен ассоциялары түріндегі бірлескен құрылымдарды құруға мүмкіндік береді.

Осы мәселелерді шешу үшін “Қаржылық лизинг туралы” Занды жетілдіруге ерекше назар аударған жөн. Аталған зандарда лизинг алушы мен лизинг берушінің жағдайлары тең емес болып саналады; ауылшаруашылық өнім өндірушілердің лизинг төлемдерін төлемеу қауіпі сақталады және т.б. Сондықтан, белгіленген мөлшерлердегі аванс төлемдерін бекіту, банктердің кепілідтерін беру, ликвидті мүлік кепілі, бидайлық қолхаттарды пайдалану және т.б. қажет.

Облыстық бюджетке төленетін төлемдердің бір бөлігіне женілдікпен салық салу тәртібін енгізу ұсынылады. Олар өндірісті кеңейтіп, жаңғыртуға жұмсалуы керек. бірінші жылы инвесторлар төлемдерден толығымен босатылады, екінші жылы белгіленген мөлшерден – 80%, үшінші жылы белгіленген мөлшерден – 60%.

Лизинг операцияларын жүзеге асыруши кәсіпорындар мен ұйымдарға табысқа салынатын салық ставкасы алғашқы жылы (тіркелген сәттен бастап) 90% төмендетіледі. кейінгі бес жыл ішінде – 50%. Инвестициялық құрылымдар үшін мүлікке салынатын салықтың ставкасы – 50% төмендетіледі.

## **7 тарау. АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЛИЗИНГКЕ МЕМЛЕКЕТТИҚ ҚОЛДАУЫ**

### **7.1 Мемлекеттік қаражаттарды салудың тиімділігін есептеу**

Несие берудің айырықшанысаны ретінде қаржылық лизинг табылады. Белгілі болғандай, Қазақстандағы ауылшаруашылығы дамуы үшін ауылшаруашылық техника паркін жаңғырту және кеңейту, алдыңғы қатарлы технологияларды пайдалану қажет. көптеген ауылшаруашылық өнімін өндірушілер айналымдағы қорлары және кепілге салу үшін активтері жеткіліксіз болғандықтан, қажетті техниканы сатып алуға мүмкіндігі болмайды, бірақ оны лизинг негізінде сатып алуға дайын. Инвестициялық механизм ретінде лизингтің кепілдіктер кестесі “ашық” және тиімді болып келеді. Мұлік, лизинг берушінің меншігі ретінде лизинг шартының әрекет ету мерзімінде сақталады, ол лизинг берушінің кепілдіктерін қамтамасыз ету құралдарының бірі болып табылады.

Банктік емес несиелеу кестелеріне лизингті жатқызуға болады. Қазақстанда лизинг қатынастарын дамытудың заңдық негізі қалыптасқан. Лизингтің екі негізгі нысанын пайдаланған жөн – жедел және қаржылық. Жедел лизинг қысқа мерзімді жалдау шарты болып табылады, ол бойынша ауылшаруашылық өнімін өндіруші жабдықты, техниканы лизингке алған кезде активті активтің қызмет ету мерзімінен аз мерзімде пайдалануға мүмкіндік алады (маусымдық шарттар). Қазақстанда қаржылық ллизинг кеңінен тарапланған, ол қызметтің инвестициялық түрі болып табылады. Лизинг шартына сәйкес лизинг беруші лизинг шартымен көзделген лизинг затын сатып алушыдан меншікке алуға және оны лизинг алушыға белгілі бір төлеммен, белгілі бірр мерзімге (амортизация мерзімінің кем деңгендे 80%), уақытша иеленуге және кәсілкерлік мақсаттарда пайдалануға беерді, ал лизинг алушы лизинг шартына сәйкес төленуге жататын мерзімді төлемдерді төлеуге міндеттенеді. Лизинг затына меншік құқығы лизинг алушыға лизинг шартының мерзімі аяқталған соң өтеді. Егер лизинг шарты аяқталғанға дейін лизинг алушы лизинг шартымен көзделген соманы толығымен төлеген кезде меншік құқығының ауысуы көзделген болмаса.

Лизингтің әдегтегі ссудаға қарағандағы артықшылыктары:

– кәсінорын сатып анытаны тауардың 15% төлеуге міндettейтін әдеттегі несиеге қарағанда лизинг 100% несиелеуді көздейді және төлемдерді дереу бастауды көзdemейді. Лизинг кезінде контракмұліктің толығ үүніна жасалады;

– қол жетімділігі, әсіреке орта және шағын кәсіпорындар үшін. Мәндettеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі ретінде жабдықтың өзі болады деп көзделеді. Жалға алушы өз мәндettемелерін орындаған жағдайда ллизинг компаниясы өз мүлкін дереу тартып алады;

– лизинг келісімі ссудаға қарағанда икемді болып табылады. Лизинг кезінде жалға алушы өзінің табыстарының түсін есептеп, жалға берушімен бірге өзіне қолайлыш қаржыландыру кестесін жасауы мүмкін. Төлемдер ай сайынғы, тоқсан сайынғы және т.б. болуы мүмкін;

– жабдықтың ескіру қауіпі толығымен лизинг берушіде болады, оның жабдықтар паркін үнемі жаңартып тұру мүмкіндігі бар;

– лизинг алушы лизинг кезінде сатып алуға қарағанда көбірек өндірістік қуаттарды пайдалана алады. Лизинг арқасында уақытша босатылған ақша қаражаттарын ол басқа мақсаттарға жұмысай алады;

–салық негізінде лизинг лизинг бизнесінің көшілік бөлігін құрайды, жалдаушыға әдеттегі заем кезіндеғіден қарағанда төмен пайыздық ставкаларды орната отырып қосы мша жеңілдіктер береді.

Сонымен, несиелік қызметтер нарығының қалыптасуы сұраныс пен ұсыныс факторлары тарапынан терең болып табылатын шарттардың қажеттілігіне негізделуі керек. Несиelerді ұсыну тарапынан шарттарды банктер және өзге де несие мекемелері ұсынады: ал несиеге ұсыныс тарапынан шарттарды – ауылшаруашылық кәсіпорындар ұсынады. Жиынтығында олар несиелік қаржыландыруға ауылшаруашылық кәсіпорындардың қол жеткізуін қалыптастырады. Инвестицияларды тартудың маңызды мүмкіндігі ретінде жабдықтар лизингі табылады. Сондықтан, шаруашылықтар үшін лизинг кестелерін колдану олардың несиелеуге қол жеткізуін қамтамасыз етумен қатар инвестицияларды тарту мүмкіндігі ретінде қарастыру керек. Талдау көрсетіп отыргандай, несиеге сұраныстың бар болуы келесі факторларға байланысты болып табылады:

– инвестицияларда қажеттілік немесе негізгі қорлардың маусымдық жетіспеушілігін толықтыру;

- несие ресурстарына төлем қабеліттілігі бар сұраныстың бар болуы, яғни несиенің негізгі сомасы мен пайыздарды қайтару мүмкіндігі; кепілдік қамтамасыз ету немесе кепілдіктің болуы;
- дұрыс несие тарихы;
- тәуекелді сақтандыру мүмкіндігі.

Ұсыныс үшін, яғни, несие ұйымдары үшін келесі шарттардың болуы қажет:

- несие берушілерді құқықтық қорғау;
- несие ресурстарының жеткілікті көлемінің болуы;
- несие мекемелерінің тәуекелдерін төмендетудің тиімді механизмдердің болуы;
- ауыл аймақтарында несие мекемелері желісінің болуы;
- аграрлық сектордың ерекшіліктерін білу.

Бәсекеге қабілетті өнім өндіру үшін агроенеркәсіптік кешенің дамуына 2009-2011 ж.ж. жалпы құны 884,2 млрд. теңге шаралар кешенін енгізуге, соның ішінде, ауылшаруашылық техниканы сатып алуға 798,6 млрд. теңге (90,3%), сүттік тауарлар фермалар, жылыжайлар, құс фабрикаларын, жемтік аландарды, жұнді қайта өндеу бойынша комбинаттарды, ет өнімдерін өндеу кешендерін салуға 71,5 млрд. теңге (8,1%) қажеттілік туындайтынын есептер көрсетіп отыр.

Несиелеудің қайнар көздері ретінде лизингті пайдалану арқылы алынатын сомалар болуы керек. оның сомасы, есепте көрсетіп отыргандай, үш жылда 293,0 млрд. теңге, соның ішінде мемлекеттік ресурстар есебінен – 185,3 млрд. теңге (63,2%) және 107,7 млрд. теңге (36,8%) лизинг компаниялары мен шетелдік инвесторлардың (9 кесте).

Осындай есептер мемлекеттік бюджетте 2009-2011 ж.ж. 500 млрд. теңге көлемінде көзделеді. Сонымен қатар, аграрлық өндірістің тиімділігін арттыру үшін субсидиялау нысандары ұсынылады. Бұл мемлекеттік қаржылық қолдауды дамыға елдер қатарына жатқызуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, 260 жуық жаңа өндірістер 35 мың жұмыс орындары жасалады. Негізгі капиталға инвестицияларға жалпы қажеттіліктің барлығы лизинг шарттарының үлестік салмағы 13,4%.

Жоғарыда көрсетілген факторлар несиелеудің дамыған нарығын қамтамасыз етеді және инвестицияларды тартудың алғышарттары болып табылады.

Есептеулер көрсетіп отыргандай, ауылшаруашылық өндірісіне лизингті тарту қосымша 37,4 мың тонна сүт, 8,2 мың тонна ет, 47,8 мың тонна көкністер тартуға мүмкіндік береді. Өнімді сатудан түскен түсімнің қосымша көлемі 15 млрд. теңгені құрайы (13 кесте).

13-кесте – Қазақстанның ауылшаруашылық өндірісіне лизингті енгізу дін экономикалық тиімділігі

